


Төлеужан FÝMAP

Сәхдес сауле

Төлеужан ҒҰМАР

Сәжбес сауле

Өлеңдер, ән өлеңдер, арнау жырлар



«Тоганай Т»

Алматы

2010

УДК 821.512.122 —

ББК 84 Қаз-7

F-94

***Кітап «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында
Алматы облысы әкімі Серік Әбікенұлы
Үмбетовтің қолдауымен шығарылып отыр.***

Ғұмар Т. Н.

F-94 **Сөнбес сәуле:** өлеңдер, ән өлеңдер, арнау жырлар. Алматы: «Тоғанай Т» баспасы. — 2010. 208 бет.

ISBN 978-601-7007-46-1

Төлеужан Нұсіпжанұлы Ғұмардың жыр жинағының тақырыптық ауқымы кең. Тәуелсіз ел, туған жер, өскен орта, аяулы ата-ана, ұстаздар, халқымыздың ғасырлардан-ғасырларға үласып келе жатқан салт-дәстүрлері... өстіл тізе берсе, жалғаса түседі. Қай тақырыпты тиек етсе де жүрек үнін сездіруге, сезіммен сөйлеуге деген құлшыныс анық аңғарылады. Тіпті арнау өлеңдерінде де тың ой, тосын теңеулер ұшырасады. Әнге арналған дүниелері де автордың өз шығармашылығына жауапкершілікпен қарайтынын аңғартады.

Кітап жыр сүйер қауымға арналған.

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз-7

ISBN 978-601-7007-46-1

© Ғұмар Т. Н., 2010

© «Тоғанай Т», 2010



Махаббат бізде өзгеше елге деген,
Тұлпар бәйге ала ма жемдемеген.
Туған ел өздеріңе шашу болсын,
Жаратқан несібеме берген өлең.

Желден жүйрік болып тұр уақыт бүгін,
Ақын аз ба арнаған жақұт жырын.
Жүз өлеңдің ішінен бір өлеңім,
Еліме ұнап жатса бақыттымын...

Сенбес сәулө



АРҒЫМАҚ ЖЫРЫМ, АЛҚЫНБА!

ТУҒАН ЖЕР

Туған елім, туған жерім құт мекен,
Сені өлкем деп айта алмайды жұрт бөтен.
Кеттім сенен біраз мен де шеткери,
Біле алмадым қандай ойлар түртті екен.

Алыс кетсем есейгенім, өскенім,
Сенің ыстық қыратың мен төскейің.
Қанаттаныш, құс та ұшады ұядан,
Мен де кеттім, өмір заны, не істейін.

Жиі аламын туған жердің хабарын,
Жусан тербеп, есте соққан самалың.
Мейіріміңді сезінемін жүрекпен,
Ниетіндей, мені туған ананың.

Сенен алсам ұлы өмірге тағылым,
Сыртта жүріп ақ-қараны таныдым.
Мен тілеймін Алладан шын жалына,
Амандығын ағайын, жұрт бәрінің.

Тарасымда жазылды алғаш тақпаым,
Талпынты алға қара суың, батпағың.
Саған деген күннен-күнге артуда,
Киелі өлкем, менің маҳаббаттарым.

ЕЛГЕ ТЛЕК

Қазақ аты жүректегі ұлы есім,
Даласынан көнілін танып білесің.
Қалқанымен қарсы тұрып дүшпанға,
Найзасымен женіп алған үлесін.

Қазақтықтың қадірі артсын халқымда,
Бас имеген ары үшін алтынға.
Ел мен жерін табыстады біздерге,
Сол баяғы түгі шыққан қалпында

Қазақ аты Америка, Пекинде,
Алға, жұртым, өткен іске өкінбе,
50 елдің қатарына қосылып,
Көкке атсын ұрпақтары бәркін де.

Қазақ аты ұмытылmas нар тұлға,
Бірлікті бол, дүшпан үйдің сыртында.
Бірі дос боп, сайрандаса жерінде,
Арамзалар ой ойлайды құртуға.

Қазақ аты ТМД-ға ұлғі есім,
Құрметтейді ханын, халқын білгесін.
Байлығымыз, кеңдігіміз, ағайын,
Басымызға тас боп ертең тимесін.

ЖЕТИСУ

Жетісу шуақты өлке шұғылалы,
Жеріне қурай бітсе құбылады.
Алатауы жерінің әсем төрі,
Алты алаштың қорғаны, ұлылары.

Жетісу жерің көркем, атың асқақ,
Жұмаққа да болмайды айырбастап.

Төлеужан Ғұмар

Еңбек сүйген білімді ұл-қызы бар,
Қалай сенің тәрінен қадір қашпақ.

Жетісу – қарағайлы самсаған бел,
Біздің елге келгенде ән сала кел.
Ырысты өлкем ыдысы бүлінбеген,
Ықыласты жұртыңды қарсы ала бер.

Құрсағынан жарадып бір алыш ұл,
Бірлігіне барша ел қуанып жүр.
Бір шаңырақ астында бірнеше ұлыс,
Ныспы бөлек болғанмен, ұраны бір.

Жер анадан алғасын уыз дәмді,
Жетісу деп шырқайды бір ізгі әнді.
Тоқтығында қалайша бөліспесін,
Жоқтығында бөліскен уыс дәнді.

БАЛАЛЫҚТЫҢ БАЗАРЫ...

Ата бабам мекен еткен Таразты,
Өсті, өнді, еңбек етті жаразты.
Ашаршылық түсіргендеге салмағын,
Бір қазанға азық етіп тары асты.

Қарақазан біріктірді көп басын,
Халық қорған, сол жақсылар жоқтасын.
Ақсақалдың айтқанының бәрі зан,
Ешкім туласы сыпымаган ноктасын.

Бағыт көріп баба салған іздерді,
Қаншама жаз, өткердіңіз күздерді.
Кейінгіге ата мекен жайында,
Әңгіме айттар болып қалдық біз де енді.

Төлеужан Ғұмар

Осы ауылдың батпағы ем, тасы алтын,
Жусан исі құмарыңды басатын.
Автобустан түскен жаңға қырманда,
Шашу етіп ақ бидайын шашатын...

Қара жолдың батпағына малынып,
Еруші едік ұлкендерге җалынып.
Сол ауаны, сол ауылды, сол күнді,
Бүгіндері жиі жүрмін сағынып...

Көктем сайын дала керіп қанатын,
Мал тәлдерін құшағына алатын.
Қаладағы ақ саусақты өкімет,
Тәпкі беріп, қызылشاға салатын..

Бүкіл дала қызылшамен гүлдеуші еді,
Айқайға сап бригадирлер тілдеуші еді.
Мектеп бітпей жоқ боламыз әйтеуір,
Баласына қойшылардың тимеуші еді.

Көктүманың жағалаушы ек жағасын,
Майда балық аумен ұстап аласың.
Отқа қақтап бөліп жесен ғолғаны,
Сазан ұстап алғандай мәз боласың.

Көктүманың көп болатын өткелі,
Суы тасып өткермейтін тек нені.
Елестейтін сол кездерде Көктүма,
Жалғыз өзен секілді жер көктегі.

Бекер адам келмейтуғын бұл маңға,
Кенде емес дәннен, ән мен жырдан да.
Бала біткен шөпте, қойда, жайлауда,
Одан қалса көмек беред қырманға.

Мал қырқуға аттанамыз дегенде,
Үш күн, үш түн үйқы қашад менен де.

Сенбес сәуле

Төлеужан Ғұмар

Әкем марқұм әдемілеп ерттеген,
Мінгізетін көк ат, не көк дөненге.

Жарқ җүрқ етіп өмілдірік, құйысқан,
Жүген, ноқта бәрі үқсас туысқан.
Көк атпенен шыққан кезде көшеге,
Сығалайтын бала біткен бурыштан.

Жайлау деген курорт еді қадімгі,
Жадыратып, жайнататын жаңыңды.
Суық асып, Бесқарағай арқылы,
Қарасырық қанша таттым дәмінді.

Емелелі, Теректіден күн күлген,
Мұндай жерді бізден басқа кім білген?
Ақтасты мен Көксай бойын аралап,
Ат үстінен теріп жеуші ек бұлдірген.

Бір-бірінің санамаған байлығын,
Сол заманда кетіпті өтіп жайлыш күн.
Жексенбіде малды ауылға барғанда,
Бізді көріп дірілдейтін тай, құлыш...

Қайта келмес өткен көктем, өткен күз,
Асауларды шанаға да жеккенбіз.
Қошқарбазда бүкіл бала жиылыш,
Ат шанамен сырғанақ та тепкенбіз.

Шабан той мен көкпар десе делебе,
Қозатының түсінбедім немене.
Қой бағатын адам тапай бәріміз,
Ортаға сап тартушы едік жеребе.

Бүгінгіе мұның бәрі жаңалық,
Жан берісіп жатқандарға, жан алып.
Қазақпын деп айту қын біреуге,
Дәл осылай өтпегесін балалық.

ӘМІР ЖОЛЫ

Жарық дүние сенен жаңым нұр алған,
Ойлай алған, ойнай алғам, күле алғам.
Толыққанды адам етіп жаратқан,
Неткен шебер, кеңпейіл ең, о Аллам!

Әстім, өндім, қарсы алғасын құн алдан,
Қара тұннен, қандай гажап сыр алған.
Табиғатты адамға дос жаратқан,
Неткен шебер, кеңпейіл ең, о Аллам!

Шашылған соң жаратушы нұры алдан,
Жас сәбидей өмір кештік қуанған.
Аспан мен жер арасына жан берген,
Неткен шебер, кеңпейіл ең, о Аллам!

Атынды естіп, табынамыз құраннан,
Бар пенденің жаны бірге құралған.
Ақыретті ұмытпандар, сол жерде,
Аласың да, бересің де сұралған.

Бір өзінде барлық бақыт, мың арман,
Жалбарынып шыға алмаспыш құмардан.
Адасқанның кешіретін айыбын,
Неткен ұлы, кешірімді ең, о Аллам.

Атынды атап, қарсы алайық таңынды,
Алла беріп, алла алады жанынды.
Мұсылманнаның бар міндетін өтесек,
Жаратушы жарылқайды бәрінді...

АРҒЫМАҚ ЖЫРЫМ, АЛҚЫНБА!

Арғымақ жырым алқынба,
Арғы атаң сенің қазанат.
Солардан қалған бір сезім,
Мені де жүр-ау мазалап.

Басты байлыққа балаған,
Қамбар атандың тұқымын.
Құдайым өзі берсе екен,
Құртқадан артық күтімін.

Байшұбар менен Шалқұйрық,
Қорғаған елдің бүтінін.
Құлагердей болса екен,
Бәйгеге түссен бітімің.

Қара қасқа атты Қамбардай,
Өлеңім саған сес керек.
Қабанбай қубас мінбесе,
Өлеңім бүгін не істер ек?..

Тайбурылдай тұяқпен,
Жігерің болса тас иле.
Кір келтірме ешқашан,
Поэзиядай бас үйге.

Арғымақ жырым алқынба,
Арғы атаң сенің қазанат.
Бабадан қалған бай мұра,
Болашақ үшін аманат.

АЛАСАРМА, АЗАМАТ!

Аласарма, азамат, аласарма,
Аласалық арлы үлға жараса ма?
Есің кетсе өзінің есек кетіп,
Көкпар етіп тартады бала-шаға.

Аласарма, азамат, аласарма,
Аласа ой биікпен таласа ма?
Жазық жолда сүрініп жүрген адам
Елі үшін от кешіп, тау аса ма?

Аласарма сондықтан шамаң келсе,
Корғай бер жүрегінмен заманды ерше.
Таразыға тартар ем бар адамды
Алла осы билікті маған берсе.

Аласарма, бол биік басқалардан,
Еңбегін егеменге қосқан арман
Білім алыш іске асыр, жігерлі бол,
Талайлардың білімі босқа қалған.

Аласарма, көргенде жаңа адамды,
Біздің қоғам көркейді, дараланды.
Биіктікті мәңгілік мақсат етіп,
Өкпелетіп алмайық агаларды...

ӘТКЕНГЕ ЖУТІНУ

Қай ғасыр, не бол кетті қай күн бүгін,
Қайда кеткен қазағым айбындығын?
Елін сүйіп бабалар, жерін сүйіп,
Көтеретін еді ғой нардың жүгін.

❖ Төлеужан Ғұмар

Шырмағандай секілді жалпынды мін
Шырмауыққа оралдың, халқым, бүгін.
Тіл, дінінен айрылған, қайран қазақ,
Мәңгүрт деген жапты ғой алдынды мұн.

Елдің бәрі батыс деп елікtedі,
Солардың ісі бізге серік пе еді?
Бабалардың орыны төрде еді ғой,
Босағада тұрғанмен бөріктері.

Қайран бабам, қиған ғой қасық қанын,
Ойлан, ұрпақ, өзге деп асықпағын.
Тегіне қарап билік бермеп пе еді,
Мансапқа лайықтамай пасықтарын.

Сабырлы, салмақты едің елім кеткен,
Бұл күнде бір-біріңе сенім кеткен.
Біздің кейбір күндерден, уа, бабалар,
Көп күндерің артық қой көрінде өткен.

Елді қыз, текті кетті тән алмай ұл,
Шамшырақ сіздерге арнап жаға алмай жүр.
Құс қанаты талатын кең даладан
Ұрпағың тегін жерді ала алмай жүр.

Үйір-үйір жылқынды баға алмай жүр,
Қамшымен шайтан жынын қаға алмай жүр.
Егемендік алғанда, ерке тотай
Көбейіш, тәртіпке оны сала алмай жүр.

Тыныштықты бағалап өтер де елім
Маңдай тердің қалайды өтелгенін.
Ұрпағынды қорға деп өктем үнмен,
Бабалар, бір сәт келіп кетер ме едің.

ТІЛІМ – ТІРЕГІМ

Қазақ тілі халқымның тірегісін,
Мұныңды ойлап кей сәтте күйеді ішім.
Саған елің әрқашан тұғыр болсын,
Сен биікке ұя сап тұлеу үшін.

Тілім менің қырандай қырағысын,
Жүйріксін, барша әлемнің пырағысын.
Қоғамды жылытасың құдіретінмен,
Қапаста қалған жанның шырағысын.

Шешен тілсің дауларды шешіп берген,
Батыр тілсің кең дала несіп берген.
Байлықтың бағалысы сенсің тілім,
Рух боп құйылатын бесіктерден.

Әткір тілсің айбалта, алмастан да,
Көрегенсің құтқарап жар басқанда.
Бір тамырың қалды ма жараланып,
Бір ғасырға бір ғасыр жалғасқанда.

Саған мәңгі ұйыды қанша сана,
Бір өзіңе табынды ән салса да,
Әміріңнің азығы тіл болады деп,
Жаратушы тапсырды жол салғанда.

Сананы жаратқан жоқ тар қып бірак,
Намыстылар тілменен арды ұқтырады.
Қасиетінен айналдым қазақ тілі,
Бір ұзім наң өзінмен алдық сұрап.

Тіршіліктің өзіңсің нақ тірегі,
Туған халқың өзіңе бақ тіледі.

Төлеужан Ғұмар

Қазақ тілі қазаққа ғана керек,
Міне, осындаі ақынның ақ тілегі.

Елдің басты байлығы тілде ғана,
Алтын, мұнай – үлде мен бұлде ғана.
Қазақ тілдің тамыры қатаяды
Өз тілінде сөйлесе үйдегі ана.

МЕН ТУҒАН АУЫЛ

Жасырғанмен біледі ел дерегін,
Айтқызбай-ақ табады өз керегін.
Мен ағынды Ақсудың мекеніне,
74-тің жазында келген едім.

4 жаста едім ауылға көш келгенде,
Туған ауыл қарсы алып хош көргенде.
Сол сәттерде Нұсіпжан үрпағынан,
Ақын ұл шығады деп ескерген бе.

Сәулелі ой үміт артып жарық кешке,
Араластық есейіп сауық кешке.
Қарасудың бойында, үй алдында,
Тақтай көпір әйтеуір қалыпты есте.

Алға сүйреп көп үміт, не мықты ой,
Ауыл деген береке, көрікті ғой.
Бай өзбектің осы үйін аламын деп,
Аңғал әкем бар мүлкін беріпті ғой.

Ой болмаған ешкімде алабөтен,
Тарас бізге болды енді жаңа мекен.
Қыл көпірден қызғандар өте алмай,
Қарасуға бір сұңғіп алады екен.

Төлеужан Ғұмар

Қыста бізден сырғанақ неге қалсын,
Сүмен мұзға ораймыз тәбе басын.
Келген жандар шыға алмай тайғанақтап,
Әбден шаршап үйге кеп демалатын.

Артық емес поэма арнасам да,
Бірлікке бастайды онда жол қашан да.
Сыйластықты ту еткен біздің ауыл,
Әйтек, Шақал деп алып анда-санда.

Ағайыннның ауылда бәрі туыс,
Ші тұнған өнеге, танымдық іс.
Жайбарақат жүрсе де текті білген.
Керемет ауылдағы жаратылыс...

Тары ас деп атаған ел сол ауылды,
Табасың жанға керек қалауынды.
Мектептің де есігін аштым сонда,
Тартып қойып тәмпиген танауымды.

Не жетсін балалық шақ, отты күнге,
Сезбейтін бос уакыттың көптігін де.
Болдыртып тай біткенді қайтатұғын,
Қошқарбаздың орны да жоқ бүгінде.

Есейдік, адам болдық, сана бекем,
Туған ауыл жүректе қалады еken.
Балалықтың қызығын тастап кеткен,
Қошқарбаз бос орныңа қарал өтем.

Сағынышпен өзіңе жетемін тек,
Өгейсін бе туған ел бөтенім деп.
Қайда жүрсем аузымнан тастамаймын,
Менің өскен аяулы мекенім деп...

АҚСУ

Киелі Ақсу, шалқар кені шабыттың,
Ілияс сынды мекенісің алыптың.
Куат, Сара тіл буынсыз екенін,
Жігерінмен бар қауымға таныттың.

Киелі Ақсу – шалқар кені шабыттың,
Ағынды Ақсу, дәрменінді таныт мың.
Ағысынмен біз сияқты ұлыға,
Намысындың көшін бойға дарыттың.

Киелі Ақсу, мекенісің нақты ұлдың,
Сенде өстім, Қарасуда пәк келдім.
Тілеуіңе Ілиястай ұл беріп,
Кең даланда Құлагерді шаптырдың.

Киелі Ақсу, мекенісің бақ гүлдің,
Сарадайын саңлағынмен сәтті үлгің.
Көкшетаудан көшіріп кеп айтыстың,
Шамшырағын Сара қызға жақтырдың.

Киелі Ақсу, сенімен мен мақтанам,
Суың ырыс, шөбің шүйгін, құт даңаң.
Жамаудайын қайсар ұлдың мекені,
Жанында жау жатсадағы бұқпаған.

Киелі Ақсу, өс, өркенде, жалында,
Береке мен бірлігіңің барында.
Ұлылардың игі істерін жалғайтың,
Кенеліндер күн-күн сайын дарынға.

ЕЛ БІРЛІГІ

Ел бірлігі ел қорғар батырлықта,
Ел бірлігі мұн шертер ақындықта.
Етікпенен су кешкен қыын кезде,
Ел бірлігі сондағы татулықта.

Ел бірлігі көненің көргендігі,
Бірігіп елге маржан тергендігі.
Ел бірлігі еліне жау шапқанда,
Кос қолдасып тойтарыс бергендігі.

Аз емес қой көк аспан тұнергені,
Бірліксіз ел мұндайда жүрер ме еді.
Ел бірлігі аналар майдандағы,
Жарларына ас салып жібергені.

Тарих деген бабаның құмдағы әні,
Ел бірлігі шалғыны шыңдағаны.
Ел бірлігі үйдегі бала-шаға,
Әке ақылын бір мезгіл тыңдағаны.

Ел бірлігі – береке, ел біледі,
Біздерге де, мінеки, келді лебі.
Бабаларым бірлікті бол дегесін,
Егеменнің көк туы желбіреді.

Ел бірлігі салтында, тілінде де,
Ел бірлігі халқында, дінінде де.
Бірліксіз ел өмірде тірліксіз ел,
Ел бірлігі жол салар жүгінгенге.

ЖАЙЛАУДА

Жайлаудағы атқан бір күн таң қандай,
Ауасынан бар құмарың қанғандай.
Иранбақтың ішіндемін дейсің-ау,
Қарай алсаң бірер минут аңғармай.

Көк аспанға ұмтылғандай құздары,
Бауырында қар, оның да бар ызғары.
Қанша биік болса дағы біздерге,
Самал желмен жетіп жатыр ізгі әні.

Қарағай мен қайың өскен бөктерлеп,
Жас жаныңа оларда бір от бермек.
Талдың басын майыстырған жемістер,
Сол жердегі аң-құстарға бопты ермек.

Таудан құлап тұскен өзен ағынды,
Елестетер сенің жігіт шағынды.
Тауға барып серуендендер бір мезгіл,
Босқа өткізбей алтын уақыттарынды.

Жасыл желең, ауаң таза, суың бал,
Қазақ үйлер, желі толы құлышдар.
Аңсап жүрмін бір өзіңе жете алмай,
Бір күндері көшіп кетер түрім бар.

СӘБИ ПЕЙЛІ

Сәби келді, дауыс қандай шыр еткен,
Сол дауыс қой сан жүрекке гүл еккен.
Қазағымның көніліне не жетсін,
Шілде сумен шомылдырады тілекпен.

Перште ол, пенделікті үқпаған,
Тәрбиеден танылады нық қадам.
Пәк сәбілер келешегі өмірдің,
Емшек сүттен басқа ештеңе жүтпаған.

Қара, қара қандай әсем күлкісі,
Тек пәктікпен шаттануда түр-түсі.
Бала көніл ала көніл болмасын,
Адалдыққа тола берсін жүрт іші.

Сәби келді, жұпар иісті хош көніл,
Тойла, халқым, құттықтасын дос не бір.
Әлди әні айтылмаған үй қараң,
Сәби сәнін көрмеген күн босқа өмір.

Бала бақыт бал- бұл жанған жанары,
Ұлтқа жақын тәрбиеле сананы.
Сәбілердің қызметіне жарайық,
Келер күндер болсын десек бағалы...

ҮШ БӘЙТЕРЕК

Замандағы қындықты мойынға ап,
Ақылымен қас дүшпанды сойылдап.
Қабан жырау, Ескелді ата, Балпық би,
Бүгін жатыр ерлігінді ел мойындал.

Сіздерсіздер көрегендер көсемі,
Жібермеген дүшпанына есені.
Сіздер айтқан жүйелі сөз бүгінде,
Істі бастап келеді алға көшелі.

Сіздерде еді сыйластық та тектілік,
Жатпаушы еді көкейінде кек тұнып.
Құшақ жайып хал сұрасып жатушы ең,
Кең даға нар түйені шектіріп.

Сіздерде еді данышпандық, терендік,
Біз білмейміз, бұл өмірге не бердік.
Аманаттап табыстаған жерінде,
Егемен боп бар әлемге елендік.

Сіздерде еді салмақтылық, отты үміт,
Аз ойлаймыз біз өмірде көп күліп.
Жомарттығың жұртыңызға әлі аян,
Бастарыңда көп болғанмен жоқшылық.

Тең қарадың кедейге де, байға да,
Сөздерінді жүрем күнде ойға ала.
Қолдағаның осы шығар әулием,
Бүгін міне, гүл жайнады айнала.

Жандарыңа жуымаған жалғандық,
Ей, бауырлар, бабандагы арманды ұқ.

Ел, жер қамын тен ойлаған бабаға,
Ескерткішін орнатуда қалған жүрт.

Жырым тарту болсын баба тойыңа,
Көргенді ел, көрінгенге мойыма.
Болмысында болған барлық қасиет,
Тәу еткенде жүқсын ұрпақ бойына.

ЖЕЛТОҚСАН ЖЕЛІ

Жаншылып кеуде, жарылды бастар неше мын,
Жаулады көкті, мұң зары әке шешенің.
Халқына қалқан, ұлтына адал жүрекпен,
Көрсетті ерлер ерліктің нағыз кесегін.

Қаланың көркі, сәні де кетті көшениң,
Саясат бізге, айтактап салды есерін.
Ләzzат, Ербол, Қайраттай қайсар жігіттер,
Каршадай болып қорғап та қалды осы елін.

Абақтыға айдал, тұскенде қолға бұрыштан,
Өзімізге оқ атқылап жатты-ау туысқан.
Сауғалап басын, бетімен кеткен билікке,
20 жылда да бұйырып жатыр ырыс дәм.

Алаңға шықты, азамат атты намысты ер,
Ел намысы үшін, еш артық емес бар істер.
Ерліктің нағыз иесін көрем десендер,
Басыңды иіп, рухтарымен таныс кел.

Қыраулы қыста ақ білектерін сыйбанған
Айғайлап алға, босамай ауыз ұраннан.
Қабанбай баба, Райымбек, Науырызбайлардай
Батырлар ұлы осылай қолға ту алған.

Төлеужан Ғұмар

Бірігіп білек, аллалап басты адымдар,
 Жүректерінде жын қуалайтын жалын бар.
 Тарихта атын қалдырып кетті тарландар,
 Ел сүйем десен, осыдан тәлім алындар.

Жаратқан ием, ендігі алда жолды онғар,
 Гүлденіп елім, көркейсін тау, көл, ормандар.
 Егемендіктің отына келіп жылының,
 Желтоқсанның желіне қатты тоңғандар.
 Елдігіміз деп езіліп кеткен ерлердің
 Есімін ел-жұрт, өз есіміңдей қорғандар.

Әлі де алда ататын таң мен заман бар,
 Күніне неше құбылып жатыр адамдар.
 Тәуелсіздіктің туын көтерткен бұл күнді,
 Қазақсатанда бағалы күн деп санандар...

ЖАМАУ РУХЫНА

Бір ғанамын,
 Бар болғаны ұл ғанамын.
 Опасыздар сан саққа жүгіртсе де,
 Адам деген атымды былғамадым...

Бір ғана еді,
 Бар болғаны қазаққа ұл ғана еді.
 Тарамыстай тартылған денесімен
 Біраз мұңын елінің жырлап еді.

Арғымақсың артық бір ет көрмеген,
 Туған елің сені де шет көрмеген.
 Халқыңың қазынасын қорғаймын деп,
 Арпалыстың би, сұлтан, бектерменен.

Әткір едің айбалта, алмастан да,
Патриоттық көрсеттің жол жастарға.
Елін адал сүйетін бір ұл болып,
Жамау деген есімің қалды аспанда.

Жүйрік едің қазанат, пырақтан да,
Не таптық Құлагерді құлатқанда.
Елін сүйген ертерек кетед деген,
Қоғам жауап іздейді сұрақтарға.

Батыр едің ешкімнен жасқанбаған,
Сол үшін ел ішінде асқан баған.
Әділдікті калаған халық сөзін,
Айта алсан, текті патша басты алмаған.

Үш арыс, бес бәйтерек, бір шынарсың,
Елдің атын сіздердей ұл шығарсың.
Бейіш пен тозақ аты арасында,
Адасып жүргенге әлі би шығарсың...

Бір ғанасың, ағасы бір ғанасың,
Көр орыны иншалла құрғамасың.
Арам шөп қаптап ертең қор ете ме,
Құлпырған қазағымның гүл даласын...

Бір ғанасың, бақи да бір ғанасың,
Шындықтың шырағымен нұрланасың.
Жасқанып жүр артыңда інілерің,
Қасқынп алдында аға тұрмағасың.

Бір ғанасың, ағасы бір ғанасың,
Бере алмай ақынының жүр бағасың.
Опасыздар әлі де сайрандаң жүр,
Өз қолымен өлтіріп бір данасың...

Төлеужан Ғұмар

Бір ғанасың, ағасы бір ғанасың,
Жағалап жүрдің біраз жыр жағасын.
Үрпағыңды қолдай бер, аруақты аға,
Ақсусынмен мәңгілік бірге ағасың.

БІЗДІҢ ЕЛ

Өмір өзі таусылмас сан құбылыс,
Шаруа деген бітпейтін мәңгілік іс.
Адам – өмір қонағы, бұл жаратқан
Бермей кейде жатады сәл кідіріс.

Қазақ деген момын ел, жаны жайсан,
Әлемде таңданды ғой танымай сан.
Егемендік енді алған киелі өлкем,
Дес бермейсің енді сәл байып алсан.

Қазақ деген бітпес ел той-думаны,
Куанышқа арналады қойдың бәрі.
Бейқамдығы тағы бар, өз әйелін,
Шатастырып алады орнындағы.

Алла атына әрқашан арнаулы үні,
Қанында бар аздаған анқаулығы.
Пысықтығы ұстайды той дегенде,
Басқа кезде дес бермес жалқаулығы.

Құрметтейді салт-дәстүр, ырымын да,
Білсеніз, нағыз өмір сыры мұнда.
Бейбіт өткен бір күнге тәуба дейді,
Құрметтеп қолға ұстаған құрығын да.

Үлкендерден айтылар төрелік көп,
Әспейміз жақсыларға неге еліктеп.

Асқа барса апамдар алақандай,
Алып келеді орамал теберік деп.

Ақсақалым, сен өмір пірімісін,
Әжелерім, әдемі тірі мұсін.
Жігіттері өнерлі сегіз қырлы,
Ал қыздары иранбақ гүлімісін.

Келіндері иіліп сәлем салады,
Салт-дәстүрі көп өмір сұру үшін.
Тойбастарды қалдырмай бөлшектейміз,
Той болсын деген елде ырым үшін.

ӘКЕНІ АҢСАУ

Көзден таса ете алмай отты күнді,
Ажал алып бастың ба тоқтығыңды.
Енді міне отырмын, тақырып қып
Сенің әке, қасында жоқ күнімді.

Жаның жайлау жан едің жасыл желек,
Сен басқан жолдар бөлек, ғасыр бөлек.
Сенің айтқан бір ауыз өсиетің,
Пәлсафа, ойдан да, әке, басым келеді.

Көбіне ұлы арманның жете алмадын,
Тағдырдан да бұрылыш кете алмадын.
Алданыш тұтқанменен немеренді,
Жүгіртіп, соныңнан көп ерте алмадын.

Соның бәрі, жан әке, бізге де арман,
Шығардай бол тұрасың іздең алдан.
Ұлы өмірге сый етіп тапсырамыз,
Тәрбиенің барлығын сізден алған.

Төлеужан Ғұмар

Ешкім бермес әкедей тәлімгерді,
Естімейтін болдық қой әнінді енді.
Әке деген командир өмірдегі,
Ел қорғауға үйретер жауынгерді.

Әке, сені сағынам, көп еске алам,
Сырларымды бар кезде неге ашпағам.
Айтқаныңды санама түйіп алдым,
Одан басқаның бәрі елес маған.

АНА

Қандай ұлы, қандай ыстық ана атың,
Құс боп үшсам талмас менің қанатым.
Бірер күнге кете қалсам сапарға,
Таусылғанша тосасың-ау тағатың.

Мейірімің-ай, перзентіңе тым ыстық,
Айналаңа дарытатын ырыс, құт.
Кір жүқтірмай ақ жаулықтай арыңа,
Азамат боп өсуге тек тырыстық.

Өзің ғана жүректегі аңсарым,
Сыршыл жүрек қояр емес аңсауын.
Сипай қалса алақаның алады,
Өн бойыма жүға қалса қанша мұн.

Мынау көктем қандай ғажап, қарашы,
Қырдағы анау қызғалдақты санашы.
Қырдағы гүл, жердегі ару сіздермен,
Керемет қой жер мен көктің арасы.

АЗАМАТТАРЫ ҚАЗАҚТЫҢ

Ескісіз мәңгі бағасы болмас жаңаның,
Осыны үқ деп ескерткен баба, қарағым.
Әмірдің өзі үйрену үшін берілген
Менгерген дұрыс қоғамның қажет талабын.
Бәрін де біліп, азаматтары қазақтың,
Қадірлей білер еңбегін ата-ананың.

Жерін де сүйер, қасиетін үғар халқының,
Байлығын шашпай, бағалай білер алтынын.
Жарын да сүйіп, қамқор боп бала-шағаға,
Әдебиеті мен құлыш ғой ғұрып, салтының.
Еңбекқор келеді Азаматтары қазақтың
Мәнді өмір үшін меже деп үғар әр күнін.

Солардай мен де азаматтардың бірімін,
Халқыммен өсем, халқыммен мәңгі тірімін.
Ертеңгі елді бастайтын көсем бізде бар,
Табынбас бөгде үрпақтарына ірінің.
Қадірлеп ұлтын, намысты нанға сатпайтын,
Ел азаматтары, баянды болсын ғұмырын...

ӘМІРГЕ СЫР

Қанша тірлік, менде қанша ғұмыр бар,
Кейде ашты боп сезілердей шырын бал.
Ақиқатты жақыннатам десендер,
Азаматтар, сөздерінде тұрыңдар!

Талай қырғын соғысты да женіпсің,
Қыран құстай дұшпаныңа тәніпсің.
Сөздерінде тұра алмаса ерлері,
Өсер үрпақ сенен, қалқам, не күтсің.

Төлеужан Ғұмар

Біздер үшін тұрақтылық ортақ бак,
Ол болмаса ертеңгі үрпақ сор таппақ.
Сенімділік танытпаса үлкені,
Жастары да өмір сурер қорқақтап.

Жетісуым – өлеңді өлкем, өр өлкем,
Көсегенді қалай сенің көгертем?
Қауқарымды бір көрсетіп қалмасам,
Сәл кештеу боп қалатындај тек ертең.

Бөрікті үлдар өсе берсін тұлғалы,
Көрікті қыз болашақтың гүл бағы.
Батырлықты, ақындықты, ерлікті
Тал бойына сіңірсін ел үрпағы.

АЙТЫС

Танымас үлтты шырқалмаса егер төрде өлең,
Басынар жүртты арғымақ кетсе кермеден.
Бәйгесін көріп көкпарын тартып бой жазып,
Айтысын тындал жүрегін елім емдеген.

Емдеген елді ақын тілі еді ақ алмас,
Қасиетті елім қалайша мұны тән алмас.
Алланың берген ерекше сыйы бұл айтыс,
Тегіннен-тегін қасиетті өнер жаралмас.

Тапқырлық пenen теніздей терең ой деген,
Алақан соғып тындарман қауым болды елең.
Бәйгесі тілдің өнердің аламаны бұл,
Ешкім де бәйге әпере алмас қолменен.

Тұлпардай терлеп ақынды үғам булыққан,
Себебі олар айтылмай жүрген мұнды үққан.

Күдайдың өзі түнгіліп кетті кей кезде,
Көздерін жұмып пендеде жүрген қулықтан.

Женіліс тауып қулықты ұқпай жатқандар,
Көпшілік күйіп реніш айтып аттандар.
Шындықтың туын итжейде етіп жамылған,
Айтысты, халқым, арам ойлардан сақтандар.

Сақтайық оны жалғайық әрі бағалап,
Ақындар деген «Алаш» деп шабар қазанат.
Елінің мұнын тілімен шешіп беретін,
Айтыстың білсен атының өзі ғажап ат.

ТІЛ

Ана тіл – мәңгіліксің, бір ғанасың,
Әлі-ақ көктеп, көгеріп бүр жарасың.
Бар аурудың емдері табылғанда,
Жазу қын болып тұр тіл жарасың.

Алла берген аузыма сиың ба еді,
Сыйды күтіп ұсташа да қын ба еді.
Ана тілін баламыз сүймейді деп,
Әкелердің қабағы түйіледі.

Себебі онда жоқ білем ұлтқа сенім,
Қазақ тілі ұлы өмір тұтқасы едін..
Тіл-дініңмен алдыға қадамыңды,
Үрпағына үйретіп нық бас, елім.

Тіл дегенің нақты сөз, ел ертеңі,
Көсегенді тіл ғана көгерtedі.
Ана тіл ар-ұятың бетіндегі,
Ұлттық қара күшің ол денендейгі.

Төлеужан Ғұмар

Боп жатқанмен қоғамда бүгін егес,
Тілсіз адам өсуі мүмкін емес.
Ертеңгі ұрпақ биікті болам десен,
Ана сүтімен енген тіліңе көш.

Тіліңе көш, әспетте ана тілің,
Сонда бақыт бар адам табатұғын.
Тіл үйретсін бар адам баласына,
Қатаюын тілесе қанатының.

АСТАНА

Астана сен ата-баба арысын,
Алатаудың көрсін әлем барысын.
Арман қуған ұрпағына қазақтың –
Азаматтық Астанамнан дарысын.

Ата-баба арпалысқан ар үшін,
Ата қоныс мол-ау сенің табысын.
Ақ таяқпен қой қайырган қазақты
Ақ сарайдың ішінде әлем танысын.

Ақша бұлттың көріп көкте ағысын,
Адамзаттың оят ием намысын...
Ары мықты, рухы биік ел ғой деп,
Әлем солай естіп жатсын дабысын.

Алға қадам елмен, тәубе, аттадық,
Көзің тікті бізге неше жат халық,
Кең даладай пейілі бар елденбіз
Болмашыға есептесіп жатпадық.

Астанасың күнде неше жаңаған,
Тәлімінді қазақ елі тән алған.

Төлеужан Ғұмар

Әлемдегі барша жүртты қарсы алып,
Биіктей бер, берекелі ақ ордам.

Сен Астана – адамзаттың арысын,
Бірге болсын Есілменен ағысын.
Қазағымның жүрегісің бүгінгі –
Сарыарқаның төріндегі сәнісін...

50 деген алда үлкен талап тұр,
Тайбурылдай елім оған жарап тұр
Биіктіктің не екенін, бауырлар,
Астанада Бәйтерекке қарап біл!

Астанамнан қанша үкілі жетті үміт,
Тілеулеспін тағдырына шет жүріш.
Астанадан жұғып қайтсын бойына
Абай ата бойындағы тектілік.

Мақтанатын, шаттанатын күн бүгін,
10 жылдық деп Астана ашты тұндігін.
Мойынына тұмар етіп тақсын ел
Үш биімнің бойындағы бірлігін.

Той шаттығы арналмаған бір күнге,
Тоқтау бар ма көніл деген шіркінге?
Тұған күнді үш күн жатып тойлайтын
10 жылдықтың тойланбауы мүмкін бе?

Адамзатқа жаратушым ар берсін,
Тіл мен дінін жалқыламай пар берсін!
Көкте күн мен жерде адамзат мейірімі
Астанама неше ғасыр нәр берсін...

Сәнбес сәуле

АСТАНА – АРУ ҚАЛАМ

Астана деп қанша жүрек толқыды,
Толықтадың тарихтағы олқыны.
Ару қала, арудан да керімсің,
Күнде неше сәндең таққан шолпыны.

Әлем саған қызғанышпен түр қарап,
Ақ сарайлар күн көзімен нұрланад.
Бірлікті бер, би аталар мұсіні,
Биіктік бер Бәйтеректей ғимарат.

Сұлу көше Сарыарқаны сәндеген,
Сымбатты болысанады бар денең.
Орамды ойлар омырауынды кернесе,
Санамызға сәуле енгізді сәнді өлең.

Сенде ғана жана өмірдің бастауы,
Мүмкін емес ешкім оны жасқауы.
Алты алаштың арманына айналды,
Сыңғыраған Сарыарқаның шашбауы.

Көркем ойлар, кемелдене түйілген,
Сәулетіңе сансыз қала сүйінген.
Арман қала Ару қала – Астана
Ақ тілекпен ардан көйлек киінген.

Төрле мәңгі Астанама атта бақ,
Дос сүйініп, күйінсінші жат қарап.
Астанадай ару қалам атынды,
Ар-намыс деп жүрекке ұл-қыз сақтамақ.

Сеніменен өсер ойым, мерейім,
Ару қалам, ару қызға теңейін.

Жылдан-жылға құлпыра бер, жайнай бер,
Шұғылалы жырымменен демейін...

ӘЗ АҒАЛАР

Әз ағалар,
Көңілдері көктем мен жаз ағалар,
Алатау, ақ қарындағы таза ағалар,
Інілердің көрсеткен ізетіне,
Ханнан атақ алғандай мәз ағалар,
Әрқайсын ұлы бір шыңсың бізге,
Болғаннан соң өмірде әз ағалар.

Сіздерден жетеді бізге сүйікті леп,
Айтатын да сіздерсіз биік тілек.
Артымыздан өсетін келер үрпақ,
Аралассын еңбекке түріп білек
Қазағымның қамалы құламайды,
Бір-біріне өссе ерлер иық тірең.

Күштің бәрі иықта қашаннан да,
Жүрек сенім артпаған осалдарға.
Екі иығың болмаса екі қолда,
Кеуде алдында құр бекер шошандарда.
Не жетсін інілерін ертіп жүріп,
Үлгі беріп және де жасарғанға.

Жол бермеген тағдырдың тарлығына,
Жасымаған заманның жарлығына.
Жоқты тауып жыртығын бүтіндейтін,
Аға тілеймін бауырлар барлығына.
Бөрілердің үрпағы емеспіз бе,
Бөлтірігін қалдырған қалдығына.

ОЙ ЕЛЕК..

Ел бүлініп, бөлінсе егер жік-жікке,
Қайда көсем шақыратын бірлікке?
Ала ауыздық жойылмаса бұл күнде,
Ие болу қын барлық тірлікке.

Бабалар-ай қорғап қалған даланы,
Бұзылып тұр бұл заманың адамы.
Бастық бола қалса бірден наданы,
Жақсы болып шыға келед жаманы.

Жақсы тұрып, жаман ие билікке,
Көргені аз ерден халқым сый күтпе.
Көңілі соқыр, ойы тәмен бастықты,
Күрметтейді сол секунд, минутте.

Өсіп бүгін өркендеуде ғалам мың,
Қағып жүрек, мазасы жоқ санамың.
Біздің билік елдің емес беделін
Көтерумен шектеліп жүр жаманың.

Жана өмірге бастық біз де нық қадам,
Елің осы хан жарлығын құптаған.
Бабалар-ай, бас жарылып жатса да,
Бір ауыз сөз сыртқы елге шықпаған...

Оу, жаратқан, бүтін берші бақ берсен,
Ол да бақыт, көп қиналмай сөтті өлсен.
Елдігіңе ешбір баға жетпейді,
Тарихыңды таразыға сап көрсен...

КӨҢІЛ

Көңіл – көктем, жап-жасыл бол көктеген,
Әмір мәнді жараса алсаң көппенен.
Жаяу жүріп өтпесем де әлемді,
Сырын білем мен өмірдің еттеген.

Көңіл жаз ба жазылатын бар денем,
Оны өткізіп алғамын жоқ па әлде мен.
Әмір деген өте береді екен ғой,
Түнің – тәуба, ал күндізің шаруамен.

Көңіл күз бе, сарғайтатын жаныңды,
Сарғайтса да тауыспасын дәмінді.
Әмір деген бір сүріну, бір құлау,
Әзі беріп, өзі алады әрінді.

Көңіл қыс па, қысылатын барша жұрт,
Мұндай кездे жүре алмайсың ән салып.
Сары аязы тоңдырса егер бойыңды,
Ақ боранда адасты елің қаншалық.

Міне осындей төрт мезгілде тән бізге,
Көңілді үзбе, үлы өмірден әнді үзбе.
Бәрін женген үрпағымыз үлы елдің,
Тұсіп алсақ адаспаймыз мәнді ізге.

ӘМІР-ӘЗЕН

Бүйра толқын кезектесіп легімен,
Ән салғандай ел жұртының қөгінен.
Бір- бірінді жұтып, сірә, қоймасаң,
Көрінесің көк теңіздің төрінен.

Тым асығыс, қатты тегі екпіні,
Текке өтіп кеткенде-ақ көп күні.
Көз талдырған көк теңізді сақтауға,
Әзеннің көп тиіп жатыр септігі.

Тау басынан бастау алған бұл ағыс,
Керзі етікпен кешіп өту, сірә, күш.
Асау өзен ағысынды алғыс деп,
Самал желден сәлем алып тұрамыз.

Табиғатта тату өзен ағысы,
Адамзаттың сонда үлкен табысы.
Мисыз бастың кесірінен кей сәтте,
Байқалып жүр екі аяқтың шалысы.

Әсем бақ та, таза ауа да түрді өндер,
Нұрлан аспан, шуақ шаш күн, түрлен жер.
Бұл қоғамды бұлдіреді тексіздер,
Не болмаса төмен қарап жүргендер.

Өсу керек, қарқын алып тегінде ел,
Қоғам ортақ, заңға төрден орын бер.
Адам болып ақыл-ойың жетпесе,
Табиғаттың сырын андып көріндер.

ТАБЫНУ...

Жүректе тұнған жырым – бар байлығым,
Жалын шашса сәулесін алмайды кім.
Пайдасы бола ма деп ел-жүртұма,
Қазынасын жыр кеннің арнайды ұлын.

Корғаштап, қол бұлғайды шындар маған,
Сәтін берсе, сәнді өлкем кім бармаған.
Өкініштің оты да лап-лап етіп,
Жүзді қарпып, жыландай мынды арбаған.

Көрдік біздер жеңіп те, жеңіліп те,
Бізден қалған өрлік те, серілік те.
Жалғыз өзім шыққым жоқ шынырауға,
Жалғыз ойым болса екен ел биқте.

Ел бақыты менің де бағым білем,
Қанында рух, жүрекке әнің бір ем.
Тірліктегі жұмағым сол деп білем,
Айтып берсем жүрекпен бір күн өлең.

Өтсе екен ел ғұмыры күлкіменен,
Қарамасын дүшпанда сыртыменен.
Өленге сараңдығым менің де жоқ,
Шенгелдей өз жерінде дүркіреген..

Міне осындаі, мендегі алғы мақсат,
Алға ұмтылып қоймайды арғымақ сәт.
Бағын артар саналы ұл өсіріп,
Ақылдары алтындаі шалды бақсак.

Арманым сен туған ел, сенерім сен,
Өнер өспес, өлеңнен мен ерінсем.
Перзентім деп басарсың жүргегіңе,
Қындықты сен үшін жене білсем.

ҚАЗАҚ АРУЛАРЫ

Текті арулар тақырып бол ақынға,
Ана болдың би мен көсем, батырға.
Ұрпағыңың жетістігін көргенде
Көніл толқып, жүрек тулап жатыр ма?

Ана деген – жарық күні әлемнің,
Артық айтып ешбір басты қатырма.
Сенен шықты дана, шешен, шаруа да,
Өмір атты сыйың көп қой пақырға.

Бұзық, тентек, қандай адам болса да,
Параасатпен тез саласың ақылға.
Шаңырақтың берекесі атандың
Жаға біліп, құда-жекжат, жақынға.
Анасыз үй – панасыз үй деген сөз
Ұран болып таралуда халқымда...

Қонақтармен келеді деп құт кіріп,
Керектісін балаларға ұқтырып.
Киім, тамақ, ешқайсысын еркекке
Қабағымен артпаған ғой жүк қылып.
Ал қонаққа барам деген сәтінде
Еркелейді біраз уақыт күттіріп.
Түн жарымда келген жанның бәріне
Қызметін атқаратын тік тұрып.
Сөйте жүріп жұмысынан қалмайтын
Әйелдерде екен нағыз мықтылық...

Әз арулар, неткен жаны асыл еді,
Ана атына барлық әлем бас иеді.
Алыстама аруынан қазақтың
Ұрпағымды ұлы ететін қасиет...

ЖҮРЕКТЕГІ ҮН

Халқым куә менде де бар көп өнер,
Сөз бағасы таразыда еленер.
Сөз тыңдаймын, ән тыңдаймын дегенің,
Жатырқамай жақынырақ келе бер.

Халқым куә, менде бар ел арманы,
Ақыл сөзге толы ақын жан-жағы.
Тіршіліктің тақымына басылып,
Мазалайды жарқырамай қалғаны.

Жүргімнен кетер емес жаннат жыр,
Сөйлететін кезі де жоқ алдаң құр.
Ақындардың жүргіне бұл күнде
Саясаттың сарбаздары жол сап тұр.

Осы топта білікті де кеменгер,
Қалай тыныш жата алады өлеңді ел?
Қазақтығы шамалы ма деп қалам
Ақын жыры ел бұзады дегендер.

Ел тілегін ақындарға жолдаттыр,
Ерлік істі барша халық қолдаң тұр.
Батпақта өскен балалармен бұл күнде
Егемендік алла жар боп орнап тұр...

Жалпы жұртқа жалын шашар жанған бақ,
Ер есімі елеңбейді елді алдаң.
Әкіміңнен ақыныңды қой биік,
Риза болсын бақи болған бар аруақ...

Қалай тыныш жатады жүректегі үн,
Қанатынан кім қиған түлектерін?
Ақындарын тыңдаған сан мың елдің
Алла алдынан берген ғой тілектерін...

СЫЙЛАСАЙЫҚ, АҒАЙЫН!

Өмір деген белгілі жол дер едім,
Жинайтүғын тірліктің мол дерегін.
Қайда дәстүр жасы үлкен келе жатса,
Әдебімен иіліп қол беретін?

Ұмытпаңдар сәлемді – сөз анасын,
Сонда сен ықыласты сезе аласын.
Ақ батасын ала алсаң жамағаттың,
Қиындықтың бәрін де жене аласын.

Сыйла үлкенді, кішіні – болмас айыш,
Мәңгілік сыйласатын жол жасайық.
Сыйласқанды ұнатқан ата-бабам,
Келешегі боп соның жалғасайық.

Сыйласудан тұрады бар адамдық,
Біз солай өстік, өндік, дараландық.
Тілін тап мылқаудың да, ыңғай келсе,
Көпшіл бол, шамаң келсе бар адамды үқ.

Сыйласайық, ағайын, бұл өмірде,
Сыйласудан тұрады бар адамдық.

БАТЫР БАБАМ
Қаракерей Қабанбай батыр руҳына

Батыр бабам қанға малып қылышын,
Корғап қалды қазағымның ырысын.
Ерлігінді ұмытпайды үрпағын,
Оны ұмыту қазақ үшін ұлы сын.

Батыр бабам, жаның сенің асылдан,
Есімінді сүм саясат жасырған.
Жақұттайын жеті қабат жерден де,
Жарқылыныз жетті-ау бізге ғасырдан.

Батыр бабам, ерлігінді ел білер,
Ерлікпенен есіміңіз тен жүрер.
Егемендік алған бүгін үрпағын,
Ерлігіне енді әлемді сендірер.

Батыр бабам, арыстан жүрек, сом білек,
Келешекке кеттіңіз-ау жол тілеп.
Мақтанады, марқаяды үрпағын,
Ата-бабам сондай мықты болды деп.

Батыр бабам, дала мандай тау мұсін,
Жолатпадың елге жаудың қарғысын.
Алты алашың ардақ тұтып атынды,
Казақ елің жолдауда мың алғысын.

Батыр бабам жау жүрексің бүқпаған,
Ат үстінде алаш туын жықпаған.
Ерлігінді ұран еткен қалың ел,
Елулікке басып барад нық қадам.

Батыр бабам, ат үстінде мыйғыған,
Карыздармыз, парыздармыз біз бұған.

Төлеужан Ғұмар

Адалдықты аңыз етіп көрсеткен,
Шіркін, мына заман қалай ызыған?!

Батыр бабам, елемей күн сұығын,
Ат үстінде босамады-ау буының.
Қайтпас-қайсар мінезін сан көрсеттің,
Қартайсан да қайтпас қазақ ұлының.

Батыр бабам, ақ алмастың жүзіндей,
Ардақтысың аргымактың ізіндей.
Сіздердегі елге деген махаббат,
Кейінгіге жетсе кәні үзілмей.

Батыр бабам, ерлікке елді ғашық ет,
Атағыңа жетуге елді асық ет.
Бабасына басын иген пендеге,
Жаратқаным, жарқын күнді нәсіп ет!

Ж. ЖАБАЕВТЫҢ 160 ЖЫЛДЫҒЫНА

160-қа келдің бе, жыр алыбым,
Тарих сырын ашады-ау, сірә, бүгін.
Әлемге сөзбен мұсін тұрғыздыңыз,
Қалдырар бізге сіздей мұраны кім?

160-қа келдің бе, жыр алыбым,
Есімің жүрек тербел тұрар ұғым.
Қасиетіңе қашан да бас иеміз,
Естігендей мешіттен құран үнін.

160-қа келдің бе, жыр алыбым,
Керек қой барша ағайын, қуануың.
Қазақстан өзіңнің құт мекенің,
Қазақстан – туылған ұлы ауылың.

Төлеужан Ғұмар

160-қа келдің бе, жыр алыбым,
Елдің жырлаң еңселі ер, гүл аруын.
Күн қып көкке шығарған өлеңдегі,
Бір шашагы деп ұқ ел шуағының.

160-қа келдің бе, жыр алыбым,
Әлі де елде ерекше сұранымың.
Әздеріңдей алыштың есімімен,
Өсіп келеді өмірде мың ауылың.

160-қа келдің бе, жыр алыбым,
Өнер деген сырын ұқ сынарыңың.
Қанша ғасыр өтсе де үрпағыңа,
Үран етіп атыңды тұрады ұлың.

160-қа келдің бе, жыр алыбым,
Қаламадың қара өлең қуаруын.
Ерен ерлік деп біздер мактанамыз,
Қара өлеңмен халқыңды суаруың.

160-қа келдің бе, жыр алыбым,
Қаладың егемен бол ту алуын,
Соған қадам бастадың отты жырмен,
Бірі едің от ауызды дуалыңың .
Теніздей буырқанған бабамыздың,
Бірі болсақ жарады бұлағының.
Құтты болсын бұл тойың, жыр алыбым!

Сенбес сәуле

АБАЙ АТАҒА СЫР

Данышпан десем жетеді оған дәлел де,
Киудан шауып, қисынын тапқан әр елде.
Мыңменен жалғыз алысып өткен ғұламам,
Есімің бүгін жаңғырып жатыр әлемде.

Ақылға толы әр сөзіндегі мән бөлек,
Заманыңдағы арайлап атқан таң бөлек.
Бүгінгі күнде оқуға сені, ғұламам,
Төзімдік пенен ақ қардан аппак ар керек.

Ұрандай болып шыққанда сөзің күнде алдан,
Қашарын қайда білмestен көбі жынданған.
Заңнан да мықты жүрекке қайрат беретін,
Сөздерің бүгін болып тұр, бабам,
мыңға арман.

Көбейді үрпақ оқуға ары жетпеген,
Бүгінгі ғылым сіздерден, баба, көп төмен.
Қоғамның отын тұтатып әлі келеміз,
Коламта болып сіздерден қалған шоқпенен.

Азайды бүгін келісті бейне, кесім сөз,
Таба алмай жүр-ау қоғамға қажет иесін сөз.
Кедейдің әлі кеңесі, аға, бітпей жүр,
Есілден бастап елімді кезген есіл сөз.

Байлықпен бірақ бағалы болдың баршаға,
Сол дәuletпенен бөлістік елмен қаншама.
Қазағым бүгін азабын серік етіп жүр,
Күнінде неше өзгенің бағы жанса да...

ЕЛГЕ СӘЛЕМ

Армысың жүртym киелі,
жақсылар үшін жан салар,
Ақының келді алдыңа, «Аллалап» бүгін ән салар.
Алаштың текті үлдары,
ақының әр кез қарсы алар,
Айтылған сөзін құрметтеп,
бал шырын сынды тамсанар.
Алақан соғып атыңа, таңдайыңа бал салар,
Текті елдің үлдары, тегін күлкіні ар санар.
Ақылы мол пендені, ақылды хан да пар санар,
Көнілі кем адамзат, кең дүниені тар санар.
Әмірі өтіп кеткен соң, өкініп күнде сан соғар,
Бай баласы қашанда, балпаңдал басып заң соғар,
Кедейдің күні тынымсыз, күндегі өмір қансонар,
Тапқанын жиып үйіне,
қысқа да жылы там соғар.
Еңбекқор болсын үрпағың, болмасын бекер
нан соғар,
Болса егер бекер нан соғар, ертеңгі күні
жар соғар.
Тойдан, шіркін, қалсаң да, деген бар ғой асқа бар,
Осы сөздің төркінін, түсіне бермес басқалар.
Ақылды, шіркін, адамдар, бірлесіп көпті басқарар,
Ақымақ болған басшының, халқы да күнде
аш қалар.
Көргенде елдің жігіті, құшақтап халқын бас салар,
Көрікті үйдің келіні мейманға тездеп ас салар.
Көрікті үйдің ұлынан көркемді ойлар тасталар.
Келбетті үйдің қызында тірсектен түскен
шаш болар,
Өсер елдің баласы он үшінде бас болар.
Өшер елдің баласы отызында жас болар,
Осының бәрін тергенмен, түсіне бермес қасқалар.

ЖАҢАЛЫҚТАҒЫ АРЫСТАР

Егемен алып, әлемге бүгін мақтанды ел,
Сендермен биік, тау мен құздар аптал бел.
Бүгінгі күнді аңсағанменен жете алмай,
Балалар осы, даналар ұлы жатқан жер.

Азаматтар ғой ақылдарымен айға үшқан,
Қиды екен қалай қаралы түн мен байғұс таң.
Өресі биік тұлғалы елдің ұлына,
Оқ атқан заман, көздеген оны қай дүшпан.

Жігерлі ерлер биік еді ғой шоқтығы,
Мойындағаннан ардақтайды әлі көп мұны.
Білініп тұр-ау бүгінгі мына қоғамға,
Қанжардың жүзі секілді ұлдың жоқтығы.

Табылды мүрден, тәнірім елді жарылқап,
Бағыштап құран жатырмыз, алғай қабылдап.
Есімдерінді жүректе мәнгі сақтайды,
Салауатты елде саналы туған бар ұрпақ.

Сендермен кетті азаматтағы тектілік,
Кешірер ме екен осы істі бізден көк түрік?
Су аққанменен тас қалушы еді түбінде,
Арман ғой бізге үзілмесе екен текке үміт.

Егемен елміз жасандық әлі жас үміт,
Келеміз ұлы асуға белден асығып.
Қасиеттерің жұғысты болсын бізге деп,
Келеміз жиі мүрдене біздер бас иіп.

АНАМА

Амандығың мәңгі қымбат, жан анам,
Біздер үшін көңілің де сан алаң.
Дүниенің бар асылы жетпейді,
«Құлыным» деп келбетіме қараған.

Амандығың мәңгі қымбат, жан анам,
Биік сені өзгелерден санағам.
Нұры да сен, жыры да сен өмірдің,
Ана атында барлық даала, бар алаң.

Амандығың мәңгі қымбат, жан анам,
Мәңгі ұмытпас өз анасын бар адам.
Ұлылық та, жылылық та өзінде,
Хая анадан бар әлемге тараған.

Аман жүрші қымбатсың-ау, анашым,
Анам үшін, әке, сен де баласың.
Өз басыңа тілейсің де жүресің,
Ұл-қызыңың тиесілі жарасың.

Адам үшін анасың сен, данасың,
Перзент үшін жеке жиған әр асын.
Мен ержетіп қызық сыйлар кезімде,
Әттең, ана, сен қартайып барасың.

ҰЛЫММЕН СЫРЛАСУ

Бізде, қалқам, басқаша еді бәрі де,
Жүгінбеген ауырса да дәріге.
Балаларды жұмсап әбден жұмысқа,
Құрметпенен қараушы еді кәріге.

Бізде, қалқам, еш өкпелеу болмаған,
Маңайыңның бәрі күлкі, толған ән.
Әйелдерін тыңдамаған ерекпен,
Елімізде егемендік орнаған.

Жол болмаған несие мен қарызға,
Қол жетпеген балмұздақ пен сағызға.
Дәл осындай әңгімелер, ал бүгін,
Айналды ғой ел естімес аңызға.

Жалаң аяқ батпақ кешіп, су кешіп,
Кыр самалы мандалардан тұрды есіп.
Тамырымыз табиғатта болған соң,
Мандайымнан қашқан емес бір несіп.

Колмен ашып бұлағынды, тұманды,
Шырқағанбыз елім үшін ұлы әнді.
Бұрынғының адамы да, заты да,
Ұнамды да шыдамды ғой, шыдамды.

Жұмыспенен үққан өмір ретін,
Епсіздерге «шикіөкпе» деп күлетін.
Аяқ киім алып берсе ата-анаң,
Сенен кейін барлық інің киетін.

Бала өретін шаңырақтан ондаған,
Қараша үйде, қараша айда тоңбаған.

Бүгінгі күн әлсіреп тұр бұл қоғам,
Бәрінен де қайғы бол тұр сол маған.

Білімі де, ғылымы да мықты еді,
Коммунизм болған мәңгі күткені.
Өткен күннің бәрі бақыт екен деп,
Бұл өмірге кім қояды нүктені?

Міне осылай, қалқам, менің заманым,
Тылсым сырын танып өстім даланың.
Әр заманның өз қызығы өзінде,
Әмірлерің жарқын болсын, қарағым...

ЗАМАНҒА НАЗ

Ойнайтуғын бала емеспін отпенен,
Көкейімді күйдіреді шоқты өлең.
Тоңсан жылу, күйсен демеу болатын,
Бар арманым бірге болу көпменен.

Ей, Әріптес, бұл да арман сендегі,
Құр бекерге жаратпаған пендені.
Куатты сөз жүректерге нұр құйса,
Рухтардың мүмкін емес сөнбегі.

Ең бірінші адамшылық болса ойда,
Соныменен шешіледі бар шаруа.
Кеңескеңмен келісімін ала алмай,
Өгіз өліп, сынып жатыр қанша арба.

Ат өлгені азаматтық атқа сын,
Басқарғысы келеді әркім көп басын.
Қызметті қызық көріп жүретін,
Елімізді басшылардан сақтасын.

Төлеужан Ғұмар

Басшы деген көсем болса көреген,
Баяғыда-ақ кеңір еді кереген.
Өңкей қиқым ел басқарып жүр ғой деп,
Айтқан, Абай, данышпан ең не деген!

Бізде де әлі қындықтар мол алда,
Елім үшін басым менің садаға.
Ақылы жоқ, ақшасы көп адамдар
Басшы болу бүгінгі күні «модада».

Керіледі күлімсіреп наздана,
Соның көбі бай баласы, бозбала.
Өңі – қазақ, ойы – орыс, ал істе
Әйелдерден айырмасы аз ғана.

РАЙЫМБЕК БАБАҒА (300 жылдығына орай)

Тәнір бізге ұлан-асыр жер берді,
Жер бетінде талай боздақ тербелді,
Жерін, елін қорғасын деп дүшпанинан
Райымбектей жүрегі үлкен ер берді.

Қадым жерді қазақ үшін қорғаған,
егемендік сол ерлермен орнаған.
Алатауын алақандай ардақтап,
Алашыңа арта түседі зор баған.

Кең дағаға келгізбеген кесірді,
Адалдыққа баулып елін өсірді.
Жетімдерін қамқорлыққа ап сол шақта,
Жылатпаған бүтін түгіл, жесірді.

Қалқан еткен қазақ үшін денесін,
Батырлықпен жауласпап дұшпан өресін.
300 жылдай уақыт өтіп кетсе де,
Ер есімін ту қып халқым келесін.

Батыр баба, мәңгі үлгі бол тұрасың,
Қадірлі елім, қабыл болсын бұл асың.
Карататудың қабыланы секілді,
Алаш үшін айбынды үлкен мұрасың.

Ерліктерің ел ішінде мол аңыз,
Атыңды атап, алға жүйткіп барамыз.
Қылышымен ырысыңды қорғаған,
Неткен ұлы біздің ата- бабамыз.

КӨКТЕМ КЕЛДІ

Көктем келіп бітеді көпке желік,
Мал да қырға шығады, көкке жерік.
Еккен орап дегендей көктөбеге,
Болашақтың дәндерін көп себелік.

Бой жылынып, құлпырып дала мына,
Бойың балқып жер-ана барады ма,
Болашағын болжауға бар адамзат,
Көз салады келген құс қанатына.

Көктем келіп бұралса жағада қыз,
Асығамыз ес-түссіз жағаға біз.
Табиғатта көгерер көктемменен,
Ей, адамдар, өткенді жаңалаңыз.

Жерін жыртып, біреуі малын айдалап,
Күншуаққа жылқылар жалын жаймақ

Төлеужан Ғұмар

Көкжұа деп үйдегі жас балалар,
Көктем келіп дүрлігер қалың аймақ.

Бар әуенге базар қып салар құсын,
Мұндай шіркін байлықтан қалармысын.
Өткендерін әкелер көз алдына.
Қара жерге айтқандай бар алғысын.

Табиғат бір тамаша өз алдына,
Барлық пенде осыны сезе алды ма?
Көктем келсе, біз түгіл кемпір-шал да,
Көк аспанда көгілдір бұлттарынан,

Көктем келіп көктетсе тақырынды,
Көкке бірге жолдайық тату үнді.
Тұған күні секілді тіршіліктің,
Көктем келіп оятар ақылынды.
Құтты болсын, бастауы тіршіліктің,
Аластайық санадан жат үғымды.

СҮЙІНБАЙ атамыздың 190 жылдық тойында оқылған жыр

Армысын, Мұсылманның үмбеттері,
Сізге үшты ақыныңың жыр кептері.
Ақтарайын сырымды ішімдегі,
Жарамайды ақынның құр кеткені.
Ресми болмаса да жалғасуда,
Ақындардың ел іші жыр мектебі.
Сүйінбай, Жамбыл баба заманында,
Ақын деген халыққа құрметті еді.
Тар жол тайғақ кешсе де Ілиястар,
Азаматтың намысын кірлетпеді.
Аяулы ел алақанда ұстағасын,

Жамбыл да 100 жыл өмір сүрмеп пе еді?
Қасымдай қара нары қазағымның,
Баспанасыз ортада жүрмеп пе еді?
Төлеген, Мұқағали, Жұматайлар
Жалынды ер еді ғой дүрмектегі.
Бақтыбай, Куат, Қалқа, Сараларың
Әз елін өлеңменен өрнектеді.
Айтысты қазағыма енші қылған,
Көрсөнші құдіретті жөргектегі.
Осындей асылдардың арқасында,
Жер байып, ырыс толып ел көктеді.
Сүйінбай баба тойы құтты болсын,
Ақынның риза болсын құрметті елі!
Ақындардың атасы Сүйінбай деп,
Әуезов жазып бізге бермеп пе еді.
Ақындардың әндері сүйінші боп,
Тарасын мұсылманға жер-көктегі.

Сүйінбай жырын елге төккен екен,
Бір сөзі жаз, бір сөзі көктем екен.
Бармақты сөзі балдай дәмді болса,
Салмақты сөзі ауыр кетпен екен.
Жел сөзбен жарысқанда талай ақын,
Желмаяға жете алмай шеккен екен.
Осындей құдіретті күш атасы,
Қырғызды да біршама сөккен екен.
Қатағанды қалдырып жарым жолда,
Арманына Сүйекем жеткен екен.
Жүректі жарып шыққан сөз дәнегін,
Біздердей үрпақ үшін еккен екен.
Сол дәннен қуат алған барлық ақын,
Осы жерге дәм айдал жеткен екен.
Айтыс болған ақ сарай сізбен бізге,
Бір сағат болып қайтқан Меккеге тең.

Төлеужан Ғұмар

Азаматтың намысын шын оятып,
Аруларын бұрымнан өткен екен.
Жетісу – жерүйығым, әнді өлкем,
Ақындарға болмапсын текке мекен.

ЕЛ СӘНІ

Астың дәмі тұз болар,
Елдің сәні қыз болар.
Жасыл желек жаздың да,
Сәнін алар күз болар.
Адамзаттың бағасы,
Артқа алған із болар.
Ертеңгі күннің иесі,
Сізбенен осы біз болар.
Ауыздан шыққан сұық сөз,
Жүрекке барып мұз болар.
Қазақ деген ел болды,
Көңілі дала кең болды.
Жері тогай, зәулім тау,
Бақша бау мен көл болды.
Жұтқаны таза ауамен,
Шырын шекер сөл болды.
Тау етегін жайланаң,
Мыңғырып өскен төл болды.
Қыздары сұлу көрікті,
Жігіті нағыз ер болды.
Қарсыласқан дүшпаны,
Табанға түсіп жер болды.
Арғымағының сауыры,
Күнде неше тер болды.
Досына ашық құшағы,
Дүшпанға қазған көр болды.
Еңкейгенге еңкейер,

Шалқайғанға өр болды.
Сыйласа білген адамның,
Отырган орны төр болды.
Сыйласа алмас жаманың,
Сапары бітпес шөл болды.
Көнілі бықсық адамның,
Өмірі өшіп нөл болды.
Айтылған сөзі ерінің,
Қағазға басқан мәр болды.
Міне, осындай халықтың,
Істері қалай кер болды...

МҰҚАҒАЛИ РУХЫНА

Хантәнірдей сенің бізге нүр тұлған,
Шалкөдедей, жырың қандай құлпырған.
Сөзің – семсер, Райымбек қылышы,
Тиіскен жан қанатынан қырқылған.

Құшақ – дала, бәрін түгел сидырған,
Көніл – бала, қылышты жыр сый тұнған.
Шабыт анау, тау өзендей тасқынды,
Қасиетті етіп сені өмірге кім туған?

Сіздей ұлмен исі қазақ мақтанар,
Бүгінгі ұрпақ әр сөзінен бақ табар.
Әрлікті де өрнектедің өлеңде,
Әдепті де ұмытпадың салтта бар.

Киналдың да ел ішінде мұздадың,
Әткір тілдің жүзін сонда бұзбадың.
Қарсы тұрып адам түгіл ажалға,
Міне осылай бітті-ау, аға, тұз-дәмің.

Төлеужан Ғұмар

Қазіргі ақын, үқсын сенің еркінді,
Сезе алмайды-ау сенің тартқан дертінді.
Қоян жүрек болып кетті қасқырлар,
Жетектегі жаман иттер секілді.

Қыс та өтер, келер елге көктемдер,
Ұмытылмас тегін сатпай кеткендер.
Сөзіңізге шыдай алмас шыбындар,
Бүгін сізге жүргізуде зерттеулер.

Ай, пендeler, оңбас сенің айналаң,
Көзі жоққа жасаумен жүр байбалан.
Әлі келеді, күнестікпен біздің ел,
Оянсаңшы ел, мына заман қай заман?

Пайдақорлар, көп қой сенің, көп кемің,
Басқа жаққа шашылуда от демің.
Дәл осындай қиянатқа жолықпай,
Дұрыс болды, аға, өмірден кеткенің.

КЕНЕНБАЙ ЖАЙЛАУЫН АРАЛАУ

Өзі бауыр, өзі тәуір, ісі нық,
Санасында тек қазақы түсінік.
Жабайханның денесі үлкен болғанмен,
Күн жағынан бар бойында кішілік.

Ашық-жарқын қажет кезде мінезі,
Досқа ашық ауырса да жүрегі.
Ерте басқа түскеннен соң жетімдік,
Әке-шеше, ата-ана да бір өзі.

Жетімдіктен жасқа толған етегі,
Тағдыр сонша қинамасаң не етеді.

Төлеужан Ғұмар

Бастан өткен хикаясын тыңдасан,
Қосылып ап жылағың кеп кетеді.

Ауызда Алла, жүргегінде иманы,
Тойға ғана бүйірсын тек жиғаны.
Қан қысымы тым жоғары болғасын,
Көп ішпейді арак-шарап, пиваны.

Малшы қауым жаз жайлауды шандатқан,
Осыларға тауда ататын арнап таң.
Қарын, қарын май жинаса шешелер,
Таба нанмен май кетпеуші ед бармақтан.

Қанша байлық тапты елім отардан,
Қалдырмады төрт түлік мал қатардан.
Аю сай мен суық сай мен шыққан жер,
Кененбайдың жайлауы деп аталған.

Әркім сыйлы, жарасымда теңіне,
Әзіл-күлкі көп сияды реңіне.
Атқа мініп ата мекен жайлауды,
Көрсетемін деп ертіп алды мені де.

Биқасымнан қозы сойып ет жедік,
Біз бұл жерге ет жеуге тек кеп пе едік?
Лепсіге машинамен бардық та,
Сол ауылдан бір-бір атты ерттедік.

Тау баласы тауды ансан өседі,
Мұздамайсың жауса да көп нөсері.
Аралатты атпен қос күн жайлауды,
Жетпегені маған енді осы еді.

Жол-жөнекей бауыр, құрдас, бажа боп,
Бәрінен де осы біздер таза боп.

Сенбес сәуле

❖ Төлеужан Ғұмар

Бие мінемін деп қағынған Жабайда,
Бір мінеді, бір түседі маза жоқ.

Ат үстінде таңқурайға таласып,
Әңгіме де, әзіл кетті жарасып.
Асқар құрдас обал дейді жануар,
Жабай мінген атқа іштен жан ашып.

Аттар әбден жаратылған таң асып,
Жепек бар деп Биқас келеді бал ашып.
Жылқы ауылда Жепек те жоқ, жын да жоқ,
Алты сағат барған кезде тау асып.

Атқа міну үшін де үлкен күш керек,
Жайлауда үйқы, көретүғын түс бөлек.
Тұнгі он бірде жетіп біз де құладық,
Қара қосқа қалған нанды тістелеп.

Таңнан ерте тұра қондық атқа біз,
Колдап баба жол кесірден сақтаңыз.
Жабай ғана сөйлеп келеді арада
Анда отырып, мұнда көкпар тартқамыз.

Бәйге тәбе дейді осында күрескем,
Талай-талай сатқақтармен тірескем.
Жабайханның адам жыққан жеріне,
Бүгіндері женіс атты гүл өскен.

Жайлау төрі жатыр әлі малды аңсан,
Қандай өлке, артта қалды арман шак.
Ауылда жүр қанша біздің жігіттер
Жайлауды аңсан, қазы-қарта, жалды аңсан.

Көру арман іс жоқ еді басқа тым,
Тебінеді, қамшылайды қасқа атын.

Нагашының жұртына да жеттік біз,
Жабайхан деп қалдырыпты тасқа атын.

Шаттық кернеп бара жатты жас жанды,
Қан қысым да құрметтеді асқарды.
Жатырқамай қарсы алғаны жайлаудың,
Тасырқатпай қайтарғаны-ай тастардың.

Бәрін тартып сурет пенен видікке,
Табиғат-ай табынбайтын билікке.
Жасылкөлдің жағасына бір барсан,
Мінгемен тең жел жетпеген жүйрікке.

Қасиеті көл саған берер баға мол,
Саған бастап апарды ғой қара жол
Жасылдығын асылдығың деп үқтық,
Мәнгі сондай ел таңданар дара бол!

Шыңға шығып, ән де арнадық сен үшін,
Ән бітпейді ақын үшін, сері үшін.
Қайта-қайта әңгіме етіп қоямыз,
Жиырма бес сом үтқан Жабай жеңісін.

Артқа салып оралғандай ғасырды,
Тау алғысы бізге күнмен шашылды.
Жақпар тасты жеке сүйіп Жабайдың,
Сағынышы әрең-әрең басылды.

Баба жұрты бізге мәнгі мекен ғой,
Орнында жүр бөтен адам, бөтен қой.
Біз болмасақ мұны көріп Жабайхан,
Сағыныштан жарылады екен ғой.

Биік таулар сырласатын көкпенен,
Қасиеттісің, саған баға жетпеген.
Апа басы киелісің қашаннан,
Тағзым етпей сенен ешкім өтпеген.

❖ Төлеужан Құмар

Қасиетті апа бойындағы сырды ұғам,
Тәу етеміз, кемімейміз біз бұдан.
Мұсылманның перзенттері болғасын,
Колдай жүр деп бағыштадық бір құран.

Жасыл жайлау, тұкті кілем, нұрлы арай,
Жанмен, малмен думанды еді бұл маңай.
Мал тұяғы аздау болып төрінде,
Сәл де болса сәні кетіп тұрғаны-ай.

Араладық әбден құмар қанғанша,
Көп көрінбейді көңіл бөлер жан да онша.
Екі аяқтан түк қалмады, әйтеуір,
Етектегі машинаға барғанша.

Ақын қозды, тақым тозды, шаршады,
Ал Жабайхан өткен күнін аңсады.
Дәл осындай кереметті жердегі,
Сезе алмайтын жандар бізде қанша әлі...

Қайран жайлау мал толтырса еселеп,
Бұлдіргенін бала терсе кеселеп.
Майысып тұр көк балдыр мен түйе жұн,
Келіп мені бүйирғаны жесе деп.

Қайран баба, темірден бе тақымы,
Осалдықтың тиді бізге зақымы.
Түйе-мойын асуында тұстік те,
Жаяуладық төмен қарай ақыры.

Ата кәсіп дамып таяқ майланса,
Жайлау малды, көріп көңіл жайланса
Ендігі арман Кенебайдың қонысы,
Жабайханның жайлауына айналса...

БАЛҚАШ КӨЛІ

Жаз айы жазылатын керемет шақ,
Болмасын неге арман, неге мақсат?
Перзенттерін табиғат шақырады,
Саясына гүлденген текемет сап.

Табиғат керемет қой, сиың әлі,
Келіңдер деп жаз сайын қылады.
Балқаш деп Жетісудың жеті өзені
Аңсап барып арнаңа құйылады.

Балқаш сұзы жанға ем тұнық тағы,
Белгілі бұдан мыңың сыр үққаны.
Жаз бойы жағалаймыз жағасын біз,
Құрмет сынды кәдімгі ғұрыптағы.

Балқашым – ырысы елдің бағы да сен,
Самал желің ән салады жаныңа әсем.
Ақ толқыны сүйеді, аймалайды,
Қарсы емеспін дейтіндей тағы келсен.

Батпағыңа орап ап бар денені,
Күш алыш сенен бәрі әлденеді.
Құмыңа қыздырын деп құшақтайсын,
Жаныңнан шықпайды білем жан керегі.

Табиғаттан жаралдық тәлім көріп,
Құмыңа, сұыңа да жаным жерік.
Әлемде мақтанатын Балқышымның,
Тағдырыма бас ием таңын көріп.

Мен де жырмен қойыңа бірге енейін,
Бұлқілдеп тұр өзің деп жыр көмейім.

Төлеужан Ғұмар

Сағынышы сарқылмас сары құмын,
Шығарып сап жатады үйге дейін.

Сары құммен сырласып үйге дейін,
Сайрайын сөзден несін күрмелейін.
Балқашым – бағысың сен бар халықтың,
Қазағыңың көтерген бір мерейін.

ЕСКЕЛДІ АТА БАР ҚАЗАҚҚА МАҚТАУЛЫ

Атынды алып мақтаныш кернеп кеудені,
Көкке бір шығып жатқандай әлем жердегі.
Аруағың болар есімің елмен табысса,
Ескелді ата, қолдай көр біздей пендені.

Есімінді алып, Ескелді болды бұл аудан,
Есіміңізben алланың елге нұры ауған.
Даланды ұлдар мандай термен жүр суарып,
Қыздарың әні бұлақтан кәусар су алған.

Шаттанып халық, ескерткіш қойды мұсінде,
Рухы мықты ел мәңгілік ел деп түсінбек.
Атасын танып, батасын алып өскенді
Әмірде мына қарамас ешкім мұсіркеп.

Өнеге тұтып, құрметтеп үрпақ тарихын,
Парасаттық пен данышпандық көп даритын.
Қасиетті баба, мәңгілік қорға елінді,
Қазақты әлем болса екен сізben танитын.

Дәстүрің, салтың жаңарып бүгін сақтаулы,
Сұнқарың тауда, тұлпары елде баптаулы.
Еліне қарай ері жаралған бұл аудан,
Бірліктің елі болсын қазаққа мақтаулы.

ІНІЛЕРГЕ

Ей, інім, сенде елдегі алғашқы үміт,
Ел риза жүрсөң төрде малдас құрып.
Біз сенеміз өзіңдей інілерге,
Жүреді деп жақсы істі жалғастырып.

Ей, інім, сенде елдегі алғашқы арман,
Әлемді де өзіңдей жан басқарған.
Салиқалы-салмақты болып өсші,
Сақта тәнір кеудесін нан басқаннан.

Болу керек көп арман, көп талабың,
Құрсағынан шыққан соң текті ананың.
Әмір асау толқынмен құрықтаса,
Аға ақ желкен құр дағы өт, қарағым.

Інілерім, өсіндер, қымсынбаңдар,
Қызығумен артыңда жүрсін жандар.
Сендер биік болсандар, мен биікпін,
Ұлылыққа жетеді үмтүлғандар.

Сүрін мейлі, жығылып, құла мейлі,
Көк тәңірден көп көмек сұра мейлі.
Өз енбегің жеткізер бақ, мұратқа,
Нағыз еңбек өлмеске мұра дейді.

Көлік жөнін қашан да көшкен білер,
Кеме жайын ескегін ескең білер.
Ар-намыстың Адамы болыңыздар,
Көленкесі көп елді сескендірер.

* * *

Жыр сүйетін қазақ деген елденмін,
Қызғалдағын бектерінің тергенмін.
Балапан боп айтқанға да сенгенмін,
Көз алартса кіші де боп көнгенмін.

Бірлігінен хабардармын өлгеннің,
Күлін көрдім ошақтары сөнгеннің.
Бұл тірлікте басқа бағы жоқ білем,
Ұлы өмірді суру үшін келгеннің.

* * *

Білмеймін өмір қайда бастарыңды,
Шыңда әлі, бойдағы аш дарыңды.
Риза ет өмірдегі достарымды,
Жабықтырма тағы да қастарымды.

Өткізейін өкінбей жас шағымды,
Ашулансан үйесің басқа мұңды.
Елімді аман сақтасаң, жерімді аман,
Колдағаның менің де жоспарымды.

* * *

Замана қансонары қандай ғажап,
Адамына келеді із кестіріп.
Біз келеміз айланы асыра алмай,
Күнде өлмеудің амалын іздестіріп.

* * *

Бәйгілі болсын атың деп,
Жарқылдал жатқан қабақтар.
Жарысқа түскен қазақтар,
Бәйгі алыш жатқан арабтар...

БҮГІНГІ ӨМІР

Бүгінгі өмір үқсамайды басқаға,
Сенбесендер терезені аш, қара.
Заман тыныш, қарыны ток, киім көк,
Ойда дым жоқ ойынмен жүр жас бала.

Бүгінгі жас ертеңгі өмір адамы,
Егеменді еліміздің маманы.
Біліп өссін шыққан тегін, тіл, дінін,
Әйтпесе оны кешірмейді заманы.

Ес білгесін берсін елге қол үшін,
Солай болған бабалардың жолы шын.
Жылай қалса берекенде қашырып,
Ұрыспандар ата- аналар сол үшін.

Кім бастаса сол бір сэтте ұрысты,
Дей беріңіз көңіл содан сұысты.
Өмір өзі жылау үшін берілген,
Тек күлкімен көре алмайсың ырысты.

Адам жасар әдемі етіп қоғамды,
Тәрбиеле азамат қып баланды.
Бәрі бекер бұл өмірдің кей сэтте,
Жақсылыққа үйретпесең жаманды.

ҚАРА ӨНЕР

О, Қара өнер қасиеттім!
Мені өзіңе өмірлік ғашық еттің.
Маған біткен қауырсын қанатыңмен,
40-тың да қырқасын асып өттім.

О, Қара өнер қасиеттім!
Сенсің ғой жүрек тербер қасиетті үн.
Сенің ұлы мәртебен арқасында
Бірін сезбей келіппін қасіреттің...

О, Қара өнер қасиеттім!
Сені өзгеге келмейді масыл еткім.
Төрдегі орыныңды төмендётіп,
Төбеге шыға қоймас тасы көптің.

О, Қара өнер қасиеттім!
Сені сүйіп, туған жер тасын өптім.
Жүректерге жатасың шуақ сыйлас,
Қосыла қалған кезде басы көптің.

О, Қара өнер қасиеттім!
Жақұтыңды жаныма жасын еттім.
Қан майданда қазақтың жанын емдеп,
Қасиетіңмен халқыңды асыл еттің.

О, Қара өнер қасиеттім!
Тұсірмесін саған жыл, ғасыр екпін.
Батыс деп басын иген балалардың,
Барлығын бір өзіңе ғашық еткін...

ЕРЛІКПЕН КЕЛГЕН ЕЛДІК

Құстардың мамық мекенін,
Көреміз айыр бұтақтан
Бабаның мықты екенін,
Білеміз оқып кітаптан...

Танимын десен ерлігін
Куә ғой жылдар, ғасырлар...
Құшағында жер-ана
Қаншама құнды асыл бар.

Атылған көкке оқтың да,
Белгілі төмен түсері...
Егемендікке жеткізген
Бабаның білек күші еді.

Көтерген бүгін бірлікпен,
Көгінде түр ғой көк туын...
Ел көнілінен өшпейтін
Көрегендерім жоқ бүгін.

Шүкірлік деймін еліме,
Қандай да еді күн кеше?..
Егемендіктің мәні не
Көктегі көк ту кірлесе?!

Жерің бар, тәубә, елің бар,
Байлығынменен, туың бар.
Ұға алмағандар, жүректі
Көз жастарынмен жуындар...

ҚЫМЫЗМҰРЫНДЫҚ

Бабамнан қалған асыл дәм,
Балаға жетіп бүйырған.
Күбіде жүріп ғасырдан,
Күнін-ай бүгін құйылған.

Сусыны болдың елімнің,
Қандыра білген шөлігін.
Биeler сәні жерімнің,
Толтырған сүтке шелегін.

Мыңғыртып малын айдаған,
Жайлауда құлын желілеп.
Себепсіз серттен таймаған,
Дәстүрің қандай керім еді!

Қартыңнан алып ақ бата,
Қымызмұрындық жасадық.
Дастарханыңнан дәм татып,
Ғұрпыңнан қайтіп асалық?

Құнарлы сөзі халқымның,
Құранмен барып шектелген.
Ұранды сөзі халқымның,
Біздерге жетті текті елден.

Ойлап ел бедел, мұратын,
Дәстүрің жүрсін жанында.
Қымызды ішсең көп болар,
Қазақы қасиет қанында.

Қымызбен жал мен жаясын,
Өмірлік серік санаған.
Қазысын құрметтей жүріп,
Халқыңды сүйсін бар адам.

АЗАМАТТАР

Қанша тірлік, менде қанша ғұмыр бар,
Кейде ашты бол сезілердей шырын бал.
Ақиқатты жақыннатам десендер,
Азаматтар, сөздерінде тұрыңдар!

Талай қырғын соғысты да жеңіпсің,
Қыран құстай дүшпаныңа төніпсің.
Сөздерінде тұра алмаса ерлери,
Ертең жұртың сенен, қалқам, не күтсін?

Біздер үшін тұрақтылық ортақ бақ,
Ол болмаса ертенгі ұрпақ сор таппақ.
Сенімділік танытпаса үлкені,
Жастары да өмір сүред қорқақта.

Жетісуым – өлеңді өлкем, өр өлкем,
Көсегенді қалай сениң көгертем?
Білімің нық, ойың үшқыр бол тұрса,
Өзгелерді сескендіред көленкен.

Ерлери көп болсын елдің тұлғалы,
Біздің халық батырлардың жұрнағы.
Ұлылардан алған ұлы қасиетті,
Тек аялаң, сақтаса елдің ұрпағы.

АҚ ЖАУЫН

Тәнірім көктен өзіңмен беріп,
Жеткізді-ау бүгін алғысын.
Ақша бұлттар мен самал жел келіп,
Биледі жерде тал мұсін.

Жер-ана бүгін өзіңнен нәр ап,
Табиғат ана көктесін.
Жаратқан ием мейірімін төгіп,
Біздерден алыс кетпесін.

Жауа бер жерге, тоқтама тағы,
Сырласым болған ақ жауын.
Өзіңмен елдің асқан ғой бағы,
Тамаша бол түр тандауын.

Тамырластардың тағдыры сенде,
Және де жау, жер нұрлансын.
Барша ғаламның сүйіктісің,
Арада сондай сыр қалсын.

Жауа бер жауын, жауа бер ләйім,
Алтыннан қымбат бір тамшын.

ДОМБЫРА

Қос ішекті домбырам менің,
Бабамнан қалған мұрасын.
Рухы биік шаңырақтарда,
Қас белгім болып тұрасын.

Күмбірлі күйін берейін төгіп,
Арасын ғасыр жалғаған.

Төлеужан Ғұмар

Тындаған сайын мерейің тасып,
Құмарың әсте қанбаған.

Әуезді әнді берейін айтып,
Үнінді біреу сағынса.
Әділдікті де келесің ертіп,
Серіктес батыр табылса.

Халқынмен бірге қуаныш көріп,
Түрін де көрдің қайғының.
Шетелдерден де сұраныс келіп,
Асырдың елдің айбынын.

Өзің бар жерде жадырап көніл,
Жүрекке шаттық орнаған.
Кеткенде неше қаңырап өмір,
Халқымды сенсің қорғаған.

Кос ішегіңнен төгіліп әуен,
Әлемді жаула қоңыр үн.
Самғаған көкте қыранды көріп,
Болашағыңа жорыдым.

ҚҰР ҚИЯЛ

Көрініп бірде, көрінбей кейде,
Алдал жүр бізді бір бейне.
Егіліп тұрып, Елім дейтіндер,
Аңғармай соны жүр дей ме?

Арамза адам алданышқа еріп,
Арсызбен өмір сүре алмақ.
Адал жандарда армандар осал,
Адамды жүр ғой құр алдал.

Төлеужан Ғұмар

Жемқорлық мынау заманы болды,
Иесіз қалған ел сияқты.
Мына заманда тұлкі болмасаң,
Айналаңнан тым үят-ты.

Бақтарын қоғам аштырмай жатыр,
Ақылды менен мықтының.
Ақымактарың билікте жүрсе,
Ойлады дейсің ұлтты кім?

Байлығы тасқан туған елімнен,
Кетпесе екен үшіп бақ.
Тасынып жүрген таскеуделерді
Кез келді қояр үшықтап.

Ақылды менен ақымак қалай
Билікке оймен таласпақ?
Ақшалыларды ақылдылардың
Оймен қойса үшықтап.

ПАРЫЗ

Отанға деген сезімдер
Ақында мұлде бөлек қой.
Айғайлап емес, Отанды –
Аялап сую керек қой.

Қарыздармыз бәріміз,
Көктегі күлгөн күн үшін.
Парыздармыз бәріміз,
Қырларда өскен гүл үшін.

Қарыздармыз бәріміз,
Арайлап атқан таңдарға.

Мұсіркей кейде қараймыз,
Отансыз жүрген жандарға.

Қарыздармыз бәріміз,
Көк аспан, жұлдыз, айға да,
Достықтың түсі биік тұр,
Не деген ғажап айнала!

50 ел деген межемен,
Қоғамда атын қамшылар.
Жат сыйлау ұлы жол деген
Қазақта ғана бар шығар.

Егемендікті бұйыртты,
Жаратқан ием текті елге.
Болашақ үшін еңбек ет,
Өкінбеу үшін өткенге.

ЖАЙ АҚЫЛ

Бауырым, саған айтарым,
Өзіңе сен мәңгілік.
Сенімділік дегенің
Адамға ғана тән қылық.

Бауырым, саған айтарым,
Құрметте ата-анаңды.
Шын түсініп, аяла
Осылар береді бағанды.

Бауырым, саған айтарым,
Тұған ел – алтын тұғырың.
Терінді тәксен осы елге,
Құлпырар өткен ғұмырың.

Төлеужан Ғұмар

Бауырым, саған айтарым,
Үйленер сәтте бол ширақ.
Әдепті келін таңдасаң,
Әмірің жатар жол сыйлап.

Бауырым, саған айтарым,
Дос табу деген ұлылық.
Өзгеге де өзіңнен
Көп болу керек жылылық.

Бауырым, саған айтарым,
Еңбек етсең өнерсің.
Ақылдан тегін дүние жоқ,
Қалғаның байқап көрерсің.

АДАЛДЫҚТЫ ҚАЛАЙМЫН

Жаным қалап тұрады адалдықты,
Адалдық ұлы екенін адам да ұқты.
Соның бәрі біріксе жұдырықтай,
Арамдық сенің онда шамаң бітті.

Бітті шамаң жеңбейсің, жеңілесің,
Сен ұлы өмір жайында не білесің?
Өзіне-өзі өлім тілейтүғын
Тойған маса секілді көрінесің.

Адалдықтың өмірде бағы басым,
Арпалысып онымен неғыласың?
Адалдық адамзаттың жүрегінде,
Сен болсан сәлден кейін жарыласың.

Арам пиғыл жинаған арам адам,
Пенделіктен әріге бара алмаған.

Ей, пенде, өз жолынды құраннан тап,
Бұл жаңа елдің заңында қаралмаған.

Таза қара өзіңе, жарыңа да,
Қоғамға да, отырған тағыңа да.
Сонда ғана адамзат сені сүйіп,
Әмірің толы болар мағынаға.

ҚАНАҒАТ

Адалдық пенен тазалық
Атадан қалған аманат.
Атқарап істі күшіңе,
Таңдаған дұрыс шамалап.

Парасаттық пен адамдық
Адамға бітер дара бак.
Көп білем десен өл ішін,
Көрген де дұрыс аралап.

Кішілік пенен кіслік,
Ұстайтын қасиет бағалап.
Ораза ашсан үйінден,
Оған да болсын қанағат.

Қанағат қарын тойғызып,
Сақтаған елдің бірлігін.
Аста-тәк деген көбейіп,
Рәсуа артқан күн бүгін.

Байлыққа елім кенеліп,
Еселеп артты несібе.
Алланды естен шығарсан,
Қасірет келер кешіге.

Төлеужан Ғұмар

Өмірдің ұлы екенін,
Иманды жандар мойындар.
Бір баланың есімін,
Қанағат деп қойындар.

ҰНДЕУ

Бүгінгі күннің қамымен,
Тұспеген аттан тақымы.
Айбынды ерлік ісіңмен,
Естілмейді бізге жат үні.

Даңқты бабаларымның,
Ғасырлық азық ақылы.
Бүгінгі үрпақ бас иіп,
Тануға сені хақылы.

Үш жұздің басын қосқаның,
Жеткізді түбі женіске.
Елімнің бағын тіледі,
Жәрдемші болып періште...

Жомарттық, мәрттік, адалдық
Аспан мен жердің арасы.
Адасып жүрген солардан,
Пенденді мына қараши.

Байлық пен билік, тақ талас,
Бүгінгі елдің арасы.
Осындаі сәтте көрінеді
Адамның нақты аласы.

Тойынды елің бүгінде,
Таусылар емес тәтті үміт.

Дарақтап жүрген күніме,
Табаламасын жат күліп.

Бірлікті елдің баласын,
Тегінде елден еректе.
Бөлінбес үшін қазаққа,
Соғыс бол туру керек пе?

ЖУРЕКПЕН СЫРЛАСУ

Сырынды түгел ақтаршы,
Жүректің үнсіз пернесі.
Бесікте жатқан сәбиді,
Аймалап сүйіп тербеші.

Жеріңмен бірге шаттанып,
Еліңмен бірге өрлеши.
Өтінем, бірақ өзіңнен,
Имансыздарға ермеші.

Ақтаршы барлық сырынды,
Пендеңе сонша түйілмей.
Өзіңе елің құмартар
Періштелердің үйіндей.

Адасар елің өмірден,
Ашылмай қалса сыр сандық.
Асылын өзге әкетер,
Сыртыңнан біреу тұрса аңдып.

Сыбырлап қана айтарсың,
Ұрпақтарыңа тек мұны.
Өмірді былғай қоймайды,
Өнерлі жанның көптігі.

Төлеужан Ғұмар

Тайрандатады бұл өмір,
Рухсызбенен жемірді.
Сүйкімсіз билеп кетпесін,
Сүйкімді мына өмірді..

ТӘҮЕЛСІЗДІККЕ ТАҒЗЫМ

Жүрегімде тұтандып жанса жалын,
Туған халқым өзінді аңсағаным.
Көргенде тәуелсіздік ақ тандарын
Ұмытылды 70 жыл шаршағаным.

Сол жылдар ғой бүгінге болған үміт,
Шаршама ел тәуелсіз жолда жүріп.
Талайларды артына қалдырады,
Қазақстан астына жорға мініп.

Бірлігінді ту етіп көтергенде,
Қызғаныш ұялады шет елдерде.
Туған жерін қадірлеп тер тәкпесе,
Перзентіңің борышы өтелген бе?

Міне осындей бірлікті, қуатты елміз,
Барша жүртқа жансая, жұмақ төрміз.
Әлемнің көз жанарын аударып тұр,
Қазынасы қайнаған, бірақ, теңіз...

Байлығы мол, толысқан өзен көлі,
Бұл мақтаныш тәуелсіз кезеңдегі.
Осының бәрі егер жатта болса,
Қандай күн кешерін ел сезер ме еді?..

Хан арқасы, халқым-ау, тойынғаның,
Елдікке елші болсын ойың, дәйім...
Тыныштыққа шүкірлік етіңіздер,
Қанша жуан болса да мойындарың.

АППАҚ ҚАР

Аппақ қар жауса аспаннан,
Ағарып көніл, түледі.
Сол кезде қатты қамығар
Қарабеттердің жүрегі.

Аппақ қар жердің жыл бойы
Жеміске берер нәрісің.
Сенімен ауыл-аймағым
Бітіріп алад бар ісін.

Аппақ қар ағаш біткеннің,
Ақ көйлек сынды сәнісің.
Ақ жейде киіп жүреміз,
Ақ қарға үқсан сән үшін.

Аппақ қар жерді ораған,
Алтыннан құнды ақ көрпем.
Алашым аралайтұғын
Айналар жерім баққа ертең.

Аппақ қар ғана байлыққа
Толтырар елдің даласын.
Ақ қарсыз шатастырармыз,
Ақ пенен қара арасын.

Аппақ қар елге аспаннан
Ағылып құт бол, жауа бер.
Жүректеріне адамның
Ағару үшін дауа бер...

АДАМДЫҚ ЖОЛЫ

Өнеге керек өмірге, өсейін десен қымсынбай,
Бірлік те керек бір басқа,
бекерге алға үмтыйлмай.
Парасат керек алдымен,
пайымда істі құр тұрмай,
Адалдық керек адамға, апаңың жайған
құртындай...

Білім де керек біз үшін, бір адамдарды жығуға,
Сана да керек сәуле бол,
шапағын шашып тұруға.
Айла да керек адамға, алдымен торды құруға,
Адамдық керек бәрінің алдынан іздеп шығуға.

Келенсіз адам кемедей, күн асты қалып күйрейді,
Тойымы жоқ патшаны тоқпейіл халқы сүймейді.
Тағдырың тұман болса да, ақылың алға сүйрейді,
Үрлеп ішкен тамақтан ешқашан ерін күймейді.

Сыйластық керек қоғамның,
сән кіру үшін сәніне,
Топырақ қорек береді, өсейін деген дәніңе.
Кім жете берер дейсіндер, өмірдің осы мәніне,
Алланың берген бақыты,
кешікпей жетсін бәріңе...

Сәнбес сәуле
Өмірдің өз жолы бар, жаратқан дейсің тен нені,
Жақсылық пенен жамандық, өмірдің
үлкен өрнегі.
Жамандық өшіп, жақсылық – төреміз
болғай төрдегі,
Осылай сырын жаяды, сезімшіл жүрек мендегі.

БАБАЛАР ЖОЛЫ

Бабалар істі алдымен аңдаған,
Ұлағаттың бұлағына қанбаған.
Тектілікті үлгі тұтқан біздің ел,
Тандап жүріп кіндік шеше тандаған.

Үміт күтіп қыздан әрі үлдан да,
Той жасаған перзенті туғанда.
Ақын, әнші, палуан мен би, шешен,
Бата беріп, жиылады бұл маңға.

Ақтарылып қуанышқа атап жыр,
Бірін-бірі дәстүрсіздер мақтап жүр.
Роддомда орыс кесіп, кіндігін –
Шұлдірлеген шала қазақ қаптап жүр.

Алдыменен оқып дұға-аятын,
Ақсақалдар кенге қанат жаятын.
Заманына сай азамат болсын деп,
Періштенің атын арнап қоятын.

Қонақтары сыймай төрден есікке,
Үлес қосып перзенттік несіпке.
«Тыштымасын» таласып ап барша жүрт,
Аластаумен жатқызуши ед бесікке.

Бесік деген қазақ үшін қадірлі,
Тұзу әрі, таза етеді жаныңды.
Тал бесікте тербетіліп өскен үл,
Байсалды да болып өсед сабырлы.

Санамызды батыс барад ноқталап,
Жастарымыз жүрген жандай жоқ қарап,
Салтыменен, дәстүрінен әр адам
Әміріне азық етер бақ табады.

ӨМІР ӨЗГЕРІСІ

Мына қоғам қай қоғам,
Құлашын ел жайды оған.
Ардан ақша биік түр
Байлықсыз да той болған.

Бағалы еді өткен күн,
Шуағындай көктемнің.
Байлыққа басты идірген
Бүгінгі күн неткен күн?!

Кешегі қыз бен ұл қандай,
Елі үшін белін буғандай.
Жатырқап жүрмін өмірді
Басқа анадан туғандай.

Ханы берік тағына,
Қарасы мығым малына.
Қолына қалам аласың
Өткеніңді сағына.

Дақ түсірмеген арына,
Сөзінде терең мағына
Бас иесің иіліп,
Кешегі қазақ шалына.

Бірлігі мықты ел еді,
Білімсіз ұлы өссе де.
Біріне-бірі қарайтын
Бір тұнде бәрі көшсе де...

Ойлағандары қастандық.
Айтпаймын бәрі жауыз деп,

Қаһарланса ұлы аллам
Мекенің жалғыз қауыз тек.

Жақсы сөз айтсан біреуге,
Ол адам нұры емес пе...
Рухсыз өскен үл-қызың
Ол адам міні емес пе?

АНСАУ

Күн де орнында, ай да орнында,
Байқалмайды өзгеріс.
Кедейлер де сол баяғы,
Күйкі тірлік күнкөріс.

Баяғы түн,
баяғы таң
Алмасады кезекпен.
Баяғы сол ауыл елі,
От жағып жүр тезекпен.

Баяғы жыл, баяғы күн,
Бірін -бірі сақтайды.
Баяғыдан бірақ ел-жүрт,
Артық бірін мақтайды.

Баяғы айлар, баяғы апта,
Баяғылар мәнді еді.
Бүгінгі күн аңсап отыр,
Абайлар мен Дантені.

Бүгінгі күн баяғыдай,
Болады деп сенеміз.
Жаңа қоғам орнағанмен,
Өткенді аңсап келеміз.

КЕЛІНШЕКТЕР...

Келін, келін кел ен деп кеткен бабам,
Содан бері биікте неткен бағаң.
Бір келінің болмаса бұл өмірде,
Бар болсын сан биікке жеткен бағаң.

Қызысың, қыр асырған құба белден,
Қымыз артып күн кеше құда келген.
Бір күнде келін болып, ал бір жылда,
Кермарадай келіншек бол шыға келген.

Келін болып жүрейік, келінбіз бе,
Іздемендер жүрсе де ерің түзде.
Телефонмен алатын мазаларын,
Күйеулерің немене сенімсіз бе?

Іздемендер, алмандар мазаларын,
Құрметтесін достарын, бажаларын.
Ұмытпандар келіндер, ұмытпандар,
Той күнгі махаббаттың ғажап әнін.

Ұмытпа, махаббаттың ғажап әнін,
Оралады мұнтаздай тазаларың.
Мазаларын алсандар еркектердің,
Тынымсыз бол өседі балаларың.

ШАТТЫҒЫМ...

Қайдасың, қайда Шаттығым,
Күшаққа енші, кел бері.
Куалап бойдан шығаршы,
Мұң менен шерді мендегі.

Қайдасың, қайда Шаттығым,
Көрсетші маған төбенді.
Қаламның майын таусып,
Төгейін мен де өләнді.

Қайдасың, қайда Шаттығым,
Кеткениң қалай алыстап.
Жібермене пе еді, Жаратқан
Өзіңе мені табыстап.

Қайдасың, қайда Шаттығым,
Асаулық қайда тулаған?
Сені де алдаң кетті ме,
Тұлқідей болған бұл заман?

Қайдасың, қайда Шаттығым,
Жетсенші желіп жеменен.
Өзіңсіз ұзак жасайтын,
Адамзат бізде кемде-кем.

Қайдасың, қайда Шаттығым,
Келсеңші бір сәт, бір күнге.
Өмірдің мәнін ұғыну,
Өзіңсіз, сірә, мүмкін бе?

Қайдасың, қайда Шаттығым,
Думанға бөле даламды.

Төлеужан Ғұмар

Өзіңсіз күнім өмірде,
Түннен де бетер қараңғы.

Қайдасын, қайда Шаттығым,
Пенденің сенсің күткені.
Койып бір кетсен жөн болар,
Өзің бір соңғы нұктені...

ГҮЛДЕР

Қырмызы гүлдер, көп гүлдер,
Жерімнің көркем сәнісің.
Сендерден ғана білеміз
Сұлулықтың мәнісін.

Куанту үшін ананы,
Ең нәзік затты іздейміз.
Қадірі артық болғасын
Тамырын гүлдің үзбейміз.

Әлі де өсіп-өнесің
Әлемге мынау таңырқап,
Куантады бір-бірін
Алдыда білсем сан үрпақ.

Көзді жаулап алатын,
Бар сұлулық өзінде.
Себепші болып жүрсің ғой,
Не түрлі сұлу сезімге.

Сенімен ерлер жар қылды,
Көп көнбей жүрген сүйгенін.
Шаттыққа бөлеп жатыр көп,
Өзінмен білсең үйлерін.

Қырмызы гүлдер, көп гүлдер,
Жерімде көптеп өне бер,
Адамнан да, Алладан
Ырыздығың төленер.

Өзіңе деген маххабат,
Ықылас бөлек мұлде елде.
Таңырқап мәңгі өтеміз
Табиғат берген гүлдерге.

КӨРІКТІ КӨКТЕМ

Көктем келіп көктесе жер,
Көңілге нұр себеді.
Адамзат пен табиғат та,
Тамырлас қой себебі.

Ару көктем әнші құстар,
Саған еріп келеді.
Тәнірімнің бір өзіңе,
Көп болса екен берері.

Шөгердің-ау кең далама,
Шабыт жырдың керуенін.
Қандай ғажап мал басы артып,
Төрт тұлігім төлдеуің.

Көктем келді кең далама,
Терезені аш, қара
Гүл көктемді сезінбесен,
Адам саған масқара.

ӘЖЕМЕ

Әже, сенің асыл бейнен,
Аспандағы айдайын.
Сіз сүйгесін тәуба бүгін,
Жарқырап жүр маңдайым!

Әже, сенің асыл үнің,
Жүрегімде жүр әлі.
Әкпелетсө немерелер,
Әмір-бақи кінәлі.

Әже, сенің көзқарасың,
Адал еді сенеміз.
Сіз көрсеткен сол жолдармен,
Әлі адаспай келеміз.

Әже, сенің мейірімің,
Таусылмайтын қазына.
Сабырлы сол пейілінді,
Жүрміз әлі сағына.

Әже, сенің шипалы еді,
Алақаның, қолың да.
Сіздер айтқан сол өсиет
Жүректегі орында.

Сіздей әже таба алмаймын,
Осы жерден, осы елден.
Ақ батаңыз сақтап келеді,
Бізді не бір кеселден.

Әже, сенің асыл бейнен,
Аспандағы айдайын.
Әжесі жоқ балалардың,
Түсінемін жағдайын...

ДАЛАГА СЫР

Туған елді жарасар анам десем,
Сенсіз өткен күн рас, қараң десем.
Бар дүние кетеді ұмытылып,
Сағынышпен сарғайып саған келсем.

Қанша батыр туылды, қанша көсем,
Жерді қорғап кетті екен қаншаға есенд.
Қанмен келген кең байтақ гүл даламда
Арман болмас құлыш өлсем.

О, туған жер, сен менің тұғырлы өлкем,
Ағылсыншы өзіңе жырым көркем!
Бабалардай сүйетін далаларын
Дарабоздар көбірек туылса екен.

Басқа бізді басынбас барында үрпак,
Жер де ортақ, елің де ортақ, дарын да ортақ
Бірлігіңе бекем бол, ұлтыңды сүй,
Тілің үйрен, жүр әркез әнін шырқап.

Дәл қазақтың жеріндегі болмас мекен,
Дің мен тілдің керуені орнаса екен.
Мыңмен жалғыз алысқан Абайлардай
Адамдарды әулием қолдаса екен...

Сондай жандар, қорғайтын жерін жаудан
Кеше солар қорғаған елін даудан.
О, жаратқан, өзіңен сұрайтыным
Тыныштық пен бере көр сенімді алдан.

ӘТКЕН КҮН

Әткен күнге өкпе артып керегі не?
Тұрмағасын көз жетіп дерегіне...
Мезгілінде тұспеген топыраққа
Дән де, ағайын, жайқалып өнеді ме?

Әткен күнге өкпе айтып керегі не?
Қол жеткіз жақсылықтың желегіне.
Жанған шырақ секілді біздің өмір,
Көзің жетіп тұрады сөнеріне...

Әткен күнге өкпе артып керегі не?
Еңбек ет, біреу байлық береді ме?
Мандай терді бағалап дәulet берген
Кайранмын жаратқанның шеберіне.

Әткен күн, ең алыс күн, пендем, білсөң
Ерсің сен, ел жарасын емдең жүрсөң.
Әмірдің қайығынан құламайсың
Кос аяқты өмірде теңдең жүрсөң.

Біреулердің жанады жастан бағы,
Біреуі айды алам дер аспандағы.
Адамның ой-өрісі ауысқанмен,
Ауыспайды өмірдің баспалдағы...

ӘКЕНІ АҢСАУ

Сағыныш деген сезімнің,
Иесі сенсің, әкешім.
Өмірде асыл сөзімнің,
Киесі сенсің, әкешім.

Талпынсам шынар биікке,
Қанатым болып демедің.
Ескегі болдың, жан әке,
Дарияда жұзсем кеменің.

Жарқырап жүрсің түсімде,
«Жабықпай жүрші, балам», – деп.
Жаратқан ием жар болсын,
Сағынады екен адам тек.

Ұлы едім, әке, өзіңнің,
Бағыннан тал боп тараған.
Адал бол деген әр сөзің,
Өшетін емес санадан.

Өзіңе деген махаббат,
Ұлыңда жүр-ау жалындап.
Өмірде маған жол ашты,
Өзіңнен алған тәлім бақ.

Ойласам, әке, өзінді,
Жабырқап қалад жан денем.
Бір саған деген сезімді,
Жеткізе алмаспын әнменен.

ӨМІРДЕГІ СЕРІГІМ СЕНСІҢ ӨЛЕҢ

Қасиетті қара өлеңім,
Қадірлеп өтем мен сені.
Зіл қара батпан қайғыдан,
Көтеріп жүрсің еңсені.

Қасиетті қара өлеңім,
Ардақтаң өтем мен сені...
Аластап кейде бересің
Арамдар жүрген кеңсені...

Қасиетті қара өлеңім,
Сағынып өтем мен сені.
Өзіңсің құлық, сұмдықтың
Басын алатын семсері.

Қасиетті қара өлеңім,
Аялап өтем мен сені.
Сенімен ғана салмақты,
Мендегі жүрек өлшемі...

АҚЫН ОЙЫ

Ақын елдің ақылы, жүйрігі де,
Жол сілтеген батыр мен билігіне.
Таза алтынға қосылған қоспа сынды,
Саясат кеп дәл бүгін килігуде.

Қайда барып, білмеймін, тоқтар қадам,
Күймей тұсу мүмкін бе отты арбадан?
Бұрындары ақынның тілдерінен,
Артық біздің елдерде сот болмаған.

Ақын елдің еркесі, серкесі де,
Көсілер әркім қарап көрпесіне.
Еркелетіп жіберсең ақындарды,
Алғыс алып жүресің ертесіне.

Ақын әр кез жырлаған тамам елді,
Жоғары деп әкімнен баға берді.
Сыйлағаның ақынды сыйлағаның –
Қазағынды, ұлтынды, қара өнерді.

Кесуге еш болмайды кестелі үнді,
Бабалардан бүгінге ол өскен үлгі.
Қызыққаның – құрметпен қарағаның,
Қазагымнан көрсетер өскенінді.

Шабыт іздең сан ақын бауға барды,
Батырлықты жырлаймын деп
жауға барды.
Бүгінгі ақын шықпайды әкімдіктен,
Саясат кеп өнерді жаулап алды.

Шындықты айтсан жанбайды
отым да анық,
Көндіреді билік кеп тақымға алыш.
Елге араша түсетін азаматтың,
Кеткенін-ай өмірде қоқымданып.

Ақын атым қазақтық затым ғана,
Сөйлегенім шығар бұл батылдана.
Елдің мұнын жүк етіп жүрегіне,
Жүретіндер өмірде ақын ғана...

ӨНЕР МҰҢЫ – ӨМІР МҰҢЫ

Кетті ме құның түсіп есіл өлең,
Қасиетті ең бұрыннан, несібелі ең.
Ата дәстүр ғұрыпқа сай болмасам,
Көрмей бәрін көз жұмып кешірер ем.

Сенде рух, сенде білсем – жан сауабы,
Дала дауысы халқымның аңсағаны.
Өнер деген өмірдің өрнегі еді,
Болашақты қандай күн қарсы алады?

Өскен қорлық әлдидей әнді білмей,
Кеткенмен тең өмірден мәнгі күлмей.
Өміріңің тұтанбас жан шырағы
Ұлттық өнер бойына қан жүгірмей.

Демендер ақын неткен өкпелі еді,
Қандай адам мұңымды көп көреді?
Зәулім сарай салынған ән, жыр үшін,
Жиналыс өткізумен шектеледі.

Қарайды қара халық хан сарайға,
Мәдениетті әлде олар ар санай ма?
Күмбірлі күй, ән-биді әспеттесе,
Жүргіне үрпақтың жол салмай ма?

Мәдениет, сен менің – жан-жүрегім,
Көк аспаннан төгілген жаңбыр едің.
Жұмсарып барасың-ау күннен-күнге,
Ақ бүркіттей шындағы алғыр едің.

Тапса екен уақыт – уәжін, тағдыр – емін,
Аздырмагай, иншалла, ән-жыр елін.
Бабадан бағалы боп қалған өнер,
Жоғалтпасын ел барда мәнгі реңін.

САЯСАТ САХНАСЫ

Койындаршы саясат пен билікті,
Момын елім содан қашан сый күтті?
Жалғандық кеп ақиқатты бауыздауда,
Орындауым керек қой деп бүйрықты.

Койындаршы саясат пен билікті,
Оппозиция оған келіп килікті.
Ақ лақ пен көк лақ бол екеуі,
Суға ағызып тынды ақыры бірлікті.

Койындаршы саясат пен билікті,
Соларсыз-ақ жасар елім тірлікті.
Адалдықты ту көтерген адамдар,
Қанша мәрте көтерілді, дүрлікті.

Койындаршы саясат пен билікті,
Ақиқатқа ашқызыбаған түңлікті.
Өз-өзінді байлап-матап өлтірдің,
Кәне, кімнің жолына одан гүл бітті?

Билік – ақыл, болу керек күш – халық,
Қасымханнан қалған артта нұсқаны ұқ.
Алыптардан қалған Алаш атымыз,
Кетпесе екен кесірткедей қысқарып.

Бірлігінді елдігіңе негізде,
Рухыңды неткен осал дегізбе.
Оның бәрін табу қыын, бауырлар,
Құйып кетсе Құрдым атты теңізге...

ҚАСИЕТ

Жылдарым жүйрік жұлдыздай аққан,
Ғасырды озып басып өт.
Өмірдің мәнін келтіріп тұрар,
Адамдық асыл қасиет.

Жалаңаш келіп, жалаңаш кетер,
Бағындық өмір заңына.
Адалдық туын ұстасаң биік,
Жуымас қатер маңыңа.

Кірпияз көніл жақтыра бермес,
Кірлеген сенің арынды.
Қадірің, қалқам, ханнан да артар,
Тік тұрып берсең тағынды.

Батпаққа батып былғанып әбден,
Табанға небір тапталдың.
Тазалық деген дара сезімнен,
Адасуға да шақ қалдың.

Адалдық пенен тазалық қана,
Қол жетпес адам бақыты.
Осыдан қашып осал жандардың,
Өтуде текке уақыты.

Сол үшін, қалқам, ойланып көргін,
Алдана берме сезімге еш.
Жастығыңменен, мастығың үшін,
Екінші өмір берілмес.

СЫН

Кең даладағы самал жел сынды,
Есіліп туған халықтыз.
Сабырлылықпен несібесінен,
Кешігіп туған халықтыз.

Күмбірлі күй мен әсем әуенде
Аңғарып өскен халықтыз.
Шетелдің әрбір дүниесіне
Таңқалып өскен халықтыз.

Бағалай білмей уақыт мәнін,
Кешігіп жүрген халықтыз.
Даңғазалық пен сауатсыз үрпак,
Өсіріп жүрген халықтыз.

Той дегенінді дария тұтып,
Кемедей жүзген халықтыз.
Ой дегенінді ысырып кейде,
Елемей жүрген халықтыз.

Далаға толған төрт тұліктің де,
Білмеген жайын халықтыз.
Қызарған шоғын ру мен елдің,
Үрлеген дәйім халықтыз.

Ұлыдан қалған ұлағат сырды,
Майдалап жүрген халықтыз.
Атадан қалған аталы сөзді,
Қайталап жүрген халықтыз.

Батылым жетіп, батырып айтсам,
Туған ел сені сүйгенім.
Ойланып қана көрерсіз біраз,
Көңілде болса түйгенің.

АБАЙҒА ТАҒЗЫМ

Асылыңды жатады ел жиып төрден,
Бабам қолын бұлғайды биіктерден.
Ұрпағым, өміріңе азық ет деп,
Қамбасына асыл дән құйып берген.

Атағы күллі әлемге асқан Абай,
Өнерде өр туған ғой бастан Абай.
Көктегі күнмен бүгін қатарласып,
Жыр шуағын еліне шашқан Абай.

Оқып бар өлендерін талай адам,
Желде пана, жан қорғап саялаған.
Қараңғыға жарық бол жағылатын,
Сөзіңе қасиетті тоя ма адам?

ЕГЕМЕНДІГІМ – ЕЛДІГІМ

(Егемендікке 10 жыл толғанда)

Егеменді елімнен
Бастайын бүгін жыр басын.
Тапсырып қойдың тарихқа
Таланттардың тұлғасын.

Әлемге шықты даңқымыз,
Оңаша отау құрғасын.
10 жылдық отау тойында,
Ақындар ашық жырласын.

Көкте – тәнір, жерде – ана
Елімді менің нұрласын.
Қадірі артар ханның да,
Халық деп тапса сырласын.

Төлеужан Ғұмар

Мал қашан екеу болып еді,
Құралмай жатып бір басын.
Тілің, дінің, салт-санан
Бар ғаламды шарласын.

Ата заң алмас қылыштың,
Қайырылып жүзі қалмасын.
Қорқаулар қазақ қорына
Тойымсыз көзін салмасын.

Ертеңгі елдің жастары
Ардақтап өссін Алласын.
Ұлы адамда ұлт болмас,
Бір соқсақ бірлік балғасын.

Төрде отырған төрелер
Елімнің қамын ойласын.
Орманында қазақтың
Төл бұлбұлы сайрасын.

Егемендіктен не пайда,
Ел көрмесе пайдасын?
Халқына қалқан болатын
Қаһарман ерлер қайдасын?

10 жылдық Отан тойында
Орданда қазан қайнасын
Жаңа ғасыр жолында
Табаның тастан таймасын.

Баянды болып 10 жылдық,
Қазағым, елім жайнасын.
Ақынның жырлау парызы –
Атадан ұл болып туғасын...

Сәнбес сәүле

КЕЙІНГІГЕ!!!

Ұлы адамның руы жок, ұлты бар,
Жақсылардың жаңы ашитын жүртү бар.
Керек десен баба сөзі, балалар,
Саңылаусыз санаңа әкеп түртіп ал.

Болам деген азаматқа жол ашық,
Бодан болған ел де алдыға ұмтылар.
Қазағына бостандықты әперген,
Осы өмірден өтті арыстар бір туар.

Егеменді елдікті алған қазаққа,
Арман болған арайлы алдан күн туар,
Өз елінің жыртқызыбайтын жағасын,
Ерді де осы ел болмаса кім туар?

ҰЛЫМА

Ұлғі еткен ата-бабаң тектілікті,
Өнеге еткен кішілік, ептілікті.
Қазақтың нағыз ұлы танылуға,
Деп ойлама осылар жеткілікті.

Болсын бойда батырлық, ададық та,
Ақылынмен ұлғі бол тамам жүртқа.
Егеменнің ұлы бол еркін өскен,
Әкең сені қимайды надандыққа.

Өнер үйрен, білім ал, шында жанды,
Еңбекті сүй, аласың бір бағанды.
Кекшіл адам батады тұңғирыққа,
Көпшіл адам қорғайды бұл қоғамды.

Жүргі адал дос тауып, сыйла бәрін,
Ұлындақ көрнекті әке, сыйлы ананың.
Осыған сай болмасаң, менде өткен,
Әмірім бәріне қиналадын.

Сен енесің ұл болып шежіреге,
Жетерсің қанат қағар кезіңе де.
Ұлым саған сенемін тек абай бол,
Сөзіңе де, құлыным, өзіңе де...

ЖАРЫМА

Тұсініксіз қыс па, әлде көктем бе,
Алып үшқан сезімдер көп тек менде.
Оралмайтын құстай болып көріндің,
Сен ауылдан төркін жаққа кеткенде.

Аласартпай ұлы әмірдің асқағын,
Аулақ кетсін, кім тілейді басқа мұн.
Сенде кетіп жүргегімнің бөлшегі,
Сағыныштан өлең жаза бастадым.

Ұзак болып ататындағы таңдарым,
Қасымда жоқ іздегенмен жан-жарым.
Бір сен үшін аттаң өтіп барад ем,
Тау мен құзын, өзен-суын, занғарын.

Күнде, жаным, неге сені құшпағам?
Мұның бәрі болып отыр тұс маған.
Әйел кетіп ораза айы кезінде,
Міне осылай, мен де ораза ұстағам.

АРМАН-АРУ

Арманым болған Ару-қызы,
Арналсын айтар өлеңім.
Ақ саусақтарын сүп-сүйрік,
Ұшындағай екен жебенің.
Қара шаштарын құйылған,
Қытықтар жанын денениң.
Қос кірпігің-ай қағылған,
Сарқытындағай боп көненің.
Ақ көніліңнен айналдым,
Алтыным, саған сенемін.
Қара көзіңнен айналдым,
Орындаратын дегенін.
Қос бұрымыңың сәнін-ай,
Қос ескегіндей кеменің.
Жүрегім сен деп соғуда,
Жырларын аңсап Шегенің.
Төлеген болып ән салсам,
Жібекім болып кеп едің.
Жабыққан менің жанымды,
Баяным болып демедің.
Естай боп есім шыққанда,
Корландай болды көмегің.
Мәжнүн боп жыным қысқанда
Ләйлім де болған сен едің.
Алмадай аппақ бетіңнен,
Алтыным, қашан өбемін?
Өзім де аң-таң боп жүрмін,
Сезімнің таппай себебін.

ҚИМАЙМЫН...

Бір сен едің сүйенерім, сүйгенім,
Қолың жетсе, аймала да сүй дедің.
Соның бәрі сағым болды жел қуган,
Әлі күнге мұлде өзгеше қүйдемін.

Бір сен едің алданышым, арманым,
Бола алмадым, әттең, сенің жан-жарың.
Әмір сырын кім бағалай береді,
Ұлы болып түсірмесе салмағын.

Бір сен едің қалаулым да қымбаттым,
Енді қалай мен адам боп тұрмақпын?
Махаббаттың татып көрмей ашысын,
Бұл өмірде сән-салтанат құрмақ кім?

Бір сен едің баға жетпес аруым,
Күйдірді ғой талай ыстық жалының.
Сен арқылы алғаш рет өмірде,
Махаббаттың не екенін таныдым.

Аман болшы, жанымды үққан жан құрбым,
Шырмауына түспей қын тағдырдың.
Бақытты боп мен отыра беремін,
Құлағыма жеткен сайын сән күлкің.

Өтті бәрі, енді бізге кеш білем,
Бұл махабbat қалды бізге ескіден.
Әміріңе азық болады екен ғой,
Сүйіктіңен сәулелі сөз естіген...

СЕН ДЕГЕНДЕ...

Сен дегенде шабыт келді шалқыған,
Көктемімсің жұпар исі аңқыған.
Елестейді бар сұлулық сан қылышы,
Ағылады жүрегімнен балқып ән.

Сен дегенде құлпырады түрлі әлем,
Осынша жыл ұлы сезім жүрді әрең.
Сенің сұлу жанарында аяулым,
Маған деген жылылық бар, нұр бар ем.

Махаббатта бір бақыт қой бастағы,
Көп жырламас ешкім мұнан басқаны.
Талшыбықтай болған ғана сүйіктім,
Тау елігі секілдісің тастағы.

СЕЗІМ СЫРЫ

Бір арусың мәнгі жүрер естегі,
Әурелесем, аяулым, сен кеш мені.
Бір қайықта тербелгенмен ғашық бол,
Есілмеді-ау әрі қарай ескегі.

Қос аққудай еркін көлде жүзбедік,
Асыл сезім беріп жатыр бізге ерік.
Ай менен жыл қанша өтіп жатса да,
Сол үміттің нәзік жібін үзбедік.

Сұлулықты көре алмадық көлдегі,
Көрінбеді-ау бізге өмір өрнегі.
Ғашықтармен мәнгі екен ғой махаббат,
Жаратқанмен өмірге көп пендені...

Ғашықтық та бола бермес ұдайы,
Ол дегенің ұлы сезім шырайы.
Ғашық болып жоғары оны бағалау,
Жүректерден көрінеді шынайы...

Адам бар ма махабатты даттаған,
Азamat көп оны әспеттеп сақтаған.
Ал мен болсам бағалайтын сезімді,
Жүргімнің барына тек мақтанам...

НАЗ

Ауыл деп бізге күледі,
Қаланың кейбір қазағы.
Орыспен оның бір болған,
Бақ тауып жүрген базары.

«Ауыл» деп бізге күледі,
Қаланың кейбір қазағы.
Үйінде қайғы бол жатса,
Молдаға барады ғажабы.

«Ауыл» деп бізге күледі,
Қаланың кейбір қазағы.
Сендерге ырыс бол келді,
Қазақтың қанша азабы.

«Ауыл» деп бізге күледі,
Қаланың кейбір қазағы.
Ауылдан ғана табасың,
Тапсаныз бүгін тазаны.

«Ауыл» деп бізге күледі,
Қаланың кейбір қазағы.

Төлеужан Ғұмар

Күрметтеп жатады бірақ та,
Құда-жекжат пен бажаны.

Оларға бүгін не дейсін,
Үғар-ау дейсің өскесін.
Өкпе де жоқ қой оларға,
Кіндігін орыс кескесін....

АУЫЛ ҰЛЫ

Біз боламыз мәрт мінез қыр қазагы,
Шаттығы мен жүретін бірге азабы.
Ақырзаман адасып келсе-дағы,
Тұған елін сатпайды бір ғажабы.

Перзенттері елім деп жыр жаттаған,
Арулары сәбиін құндақтаған.
Әжелердің жаулығы ақ түтін боп
Көк аспанның көгіне будақтаған.

Кішісі, үлкен алдын кесе өтпеген,
Шатақтары болмаған өсекпенен,
Уәде, Алла сөзін берік үстап,
Жағымпаз, жалтақтарды дос етпеген.

Ауылдан шықты ғалым, білгірініз,
Амандық-саулық сұрап үлгірініз.
Бар кімді кигесін тозғанынша,
Мықты болып қалған-ау бірлігіміз.

Мәйегін-ай ауылда салт-сананың,
Аңыздатып, айтушы еді қарттар әнін.
Жаз ортасы болса да шебер шешей,
Сорпалатып беруші еді сақтағанын.

Тәрбиеден, тамаша күнім кеше,
Жер қадірін кім білсін бүгілмесе?
Жаны ауырып, алаңдап отырады,
Түнілігі бір үйдің түрілмесе.

Көнілі пәк елміз ғой қазаны бір,
Әркениеттен жүрегім наз алыш жур.
Абыройын ауылдың асқақтатып,
Кел, әріптес, бірлесіп жазайық жыр.

Біз боламыз мәрт мінез қыр қазагы,
Шаттығы мен жүретін бірге азабы.
Ақырзаман адасып келсе-дағы,
Тұған елін сатпайды, бір ғажабы.

ҚАЛА ШЫНЫ

Биікке бойын сермеген,
Үйлерін көрші қаланың.
Алланың аяқтарына,
Тимесін төбен, қарағым.

Ай менен жылға жабылып,
Ашылмай жатқан есіктер.
Өз иесін таба алмай,
Қамалып жатқан несіптер.

Қаланың заңы қатал-ақ,
Сан қылы, шіркін, есебі.
Есеппен жүрген пенденің,
Тірлігі қайтіп өседі?

Орындалған бірі жоқ,
Жасалғанменен шарт неше.

Төлеужан Ғұмар

Тиісті шаруа бітуші еді,
Киқар шал шығып тәйт десе.

Ауылда тірлік тоқтаған,
Далада – ырыс, дала – бақ.
Қалада туған балаға,
Қарасаң ойлап обал-ақ.

ЖАҚСЫ СӨЗ

Жақсы сөз жаса, күнде жаңғыр тағы,
Бақыттың басын қосшы бар қырдағы.
Жүректерге аяла, нұрынды құй,
Женілдеп қалсын елдің тағдырлары.

Жақсы сөз шарла бүгін әр қырқаны,
Ақтар кәне, көкейде ән тұр тағы...
Көктетіп жіберсенші жер әлемді
Көркем мінез секілді жаңбырдағы...

Жақсы сөз, жарылқайды, жаңғыртады,
Естілмесін жастардың мәңгүрт әні.
Еркелеуге тиісті өз жерінде,
Қазақ деген халықтың мәңгі үрпағы.

АҚЫНДАР, ҚАНДАЙ ЖАНБЫЗ?

Ақындар, біздер осы қандай жанбыз?
Кетпейді ойыңдан қар, мәндайдан мұз.
Әмірді жырлаймыз деп, күні-түні
Ой деген бағанаға байланғанбыз...

Ақындар, біздер осы қандай жанбыз?
Байларға, басқаға да таңданбаймыз.
Байқасан, байлық деген керуеннен,
Көшкенде жолда түсіп қалғандаймыз.

Ақындар біздер осы қандай жанбыз?
Саясат сайқалына алданбаймыз.
Шайтандар тұртқілесе періштені,
Тыныш қарап, оған да таңданбаймыз.

Ақындар, осы біз қандай жанбыз?
Ел үшін ойда жоқты армандаимыз.
Отаулардың бәрінде от жансын деп,
Тамыздық бол қосыла жанғандаймыз.

Ақындар, біздер осы қандай жанбыз?
Күні ертең не боларын анғармаймыз.
Әлең үшін әмірді қиюға да
Ел алдында, ол рас, арланбаймыз.

Ақындар, біздер осы қандай жанбыз?
Ел алды, тайлақ болып тайрандаймыз.
Халқың сеніп өзіңе қарап отыр,
Табан асты басқаға айналмаңыз.

Әріптес, бір-біріңе құрмет жаса,
Бәріміз Әнер деген майданнанбыз!

ЕЛ МҰҢЫ

Мән кеттесін өмірден, өлеңнен де,
Келгеннен соң өмірден кетем мен де.
Жаратушым өмірге әкелді рас,
Бірақ пенде қарызы өтелген бе?
Кей-кезде жақын досың қас болады,
Дүшпанинан да асады, бөтеннен де...
Өз жерінің қасиетін үға алмайтын
Талайлар тайрандаң жүр шет елдерде.
Су басында отырған сабырлы жүрт
Сумен лай жібермес төменгі елге.
Ақындардың арманы жақсы сөзбен
Шуақ шашу емес пе көрерменге?
Биігірек отырған бай-сұлтандар
Көздерін жеткіzsінші төмен жерге.
Кезінде ел көңілін көтеруші ең,
Өсекші болып барасың өлең сен де!
Балалар батыс деп ән салмас еді,
Тал бесікке тамаша бөленсе елде.

ШӘМШІ АҒА

Жүректі фортепиано етіп,
Әлемді әнмен әрлеген.
Аруақты Шәмші есімі,
Егіздей маған әнменен.

«Арыстың жағалауында»,
Табысты қанша үміттер.
«Қайықта» әнін қызға айтып,
Бақытын тапты жігіттер.

Сағындым ғой деп, сарғайып,
Кештете келді армандар.

«Қайдасың?» деп те мұн кешті,
Адасып қыздан қалғандар.

Шын сұлу болып көрінді,
Қасиетті сырдың бар елі,
Қалдырган артта әндерің –
Қазаққа сый ғой кәделі.

Жүректен шыққан асыл үн,
Жүрекке жетті дін-аман.
Әніңді сенің тыңдамай,
Өмірге келмейді бір адам.

Алтын күн елдің аспаның,
Өрнектеп кеттің өлеңмен.
Әнұран етті әнінді,
Көңілі жомарт көрермен.

Әніңмен қазақ еліне,
Күншуақ болып тарайсың.
Шемшісі жоқ халықты,
Біртүрлі қатты аясың...

ТАБИҒАТ СЫРЫ

Әр атқан таңның арайы бөлек,
Берердей мыңға несібе.
Оларға қарап таусылма мұлде,
Келеді саған кешіге.

Әр шыққан күннің шуағы бөлек,
Бұлтардан болар кедергі.
Жақсы жандардың тұрағы болар,
Жамандар елге не берді?

Төлеужан Ғұмар

Әр соққан самал өзіншे бәлек,
Әкелер сүйінші хабарын.
Қырсықты кейде қуалап кетер,
Тигізбей жерге табанын.

Әр жауған жауын – өсімдік бағы,
Ылғалдың бітпес қоры ғой.
Бірақ та, қалқам, шопандар үшін,
Сөл ғана болса соры ғой.

Әр туған айда құбылыс бәлек,
Ұрыға зиян жарығы.
Бірақ та, қалқам, қараңғы тұнде,
Әсерлі болар жар үні.

Жасаған ием тең жаратқасын,
Өмірде согар дауыл да.
Жақсы жақтары жолыға берсін,
Ағайын, туыс, бауырға...

АРҚАДАҒЫ АҚ ОРДА

Ақ ордам аманбысың Арқадағы,
Күмбезді үйлер көркімен көк тіреген.
Бауырыңа бас бауыр деп бар қаланы,
Алаштың арманы осы көп тілеген.

Өзіңсің бағыт берер бұлақ басы,
Баурап ал бар әлемді рухынменен.
Аманаттың алауын қуатташы,
Елулікке ен еншілес жұртынменен.

Әлемнің көзі сенде бұл күндегі,
Кімнің көші қонды деп Сарыарқаға.

Күн кешу бас қаласыз мүмкін бе еді,
Қалсаң атты қамшыла таңырқа да.

Ұқсадық құмырсқаның илеуіне,
Бас қаланың қаласып іргелерін.
Ұлтың сені мүмкін бе сүймеуі де,
Сезгендей көк тәнірдің нұр берерін.

Сар дала көк күмбезді үйге айналып,
Бірліктің туын тіктік бас қала деп.
Сары жел сыртта соққан күйге айналды,
Ат бердік алтын орда Астана деп.

Бүгінде сол Астана әлемде жүр,
Көзбен көрді қойшы ұлдың парасатын.
Күн нұры беріп жатыр сәлем де бір,
Қазағымнан аямай махаббатын.

АСАБАМЫН, АГАЙЫН!

Ақынмын, топ алдында асабамын,
Бәрінді де әніме қоса аламын.
Шаттықтарын бөлісіп әкелердің,
Қуанышын бөлісем қос ананың.

Әншімін, топ алдында асабамын,
Жасандылық еш жерде жасамадым.
Салтпенен ұзатылған қыздарына,
Көп көрдім көнілдердің босағанын...

Шешенмін, ел алдында асабамын,
Шаш ал десе, жоқ менің бас аларым.
Биіктігін тілеймін шаңырақтың,
Беріктігін тілеймін босағаның.

Төлеужан Ғұмар

Көсеммін, көп алдында асабамын,
Көпшілік көп сөзімнен хош аларың.
Қабыл болсын ақ ниет баталарың,
Пейіліңнен туған ел аса алмадың...

Атқарған талай тойды асабамын,
Көппен бірге түрегеп тост аламын.
Қызметіне жарасам ел-жұртымның,
Ризамын өзіңе жасағаным...

ҚЫРЫҚПЕН СЫРЛАСУ

Жігіттерге бір сәлем қырықтағы,
Қырықтан да керек қой сыр үққаны.
Жиырма жастан танитын қыз жігіттер,
Қырықта да сол сыйды ұмытпады.

Жігіттерге бір сәлем қырықтағы,
Киқар сөзді тияр кез жуықтады.
Жүрегіміз жиырмада деген жанның,
Бой көрсетіп қойса екен тұрып бәрі.

Шынымен қырық бізге келгені ме,
Қасиетін шынымен бергені ме?
Қасіретін көрсетіп бізге бұл жас,
Айналмайық жын-шайтан ермегіне.

Шынымен қырық бізге келгені ме,
Шүкір, Алла бұл жасты бергеніңе.
Қырық деген жазуды, биікке іліп,
Шығып жатыр жігіттер төрге міне.

Ал, қырық, кел сенімен танысалық,
Қандай айлаң бар кәні, алысалық.

Алланың не жазғанын адам білмес,
Тәуекел, кел жылдарым, жарысалық.

Жазбасын тағдыр бізге басқа сынды,
Тәуекелге тігіппін жас басымды.
Талай жандар елуден асып жатыр,
Ал қырық білем сенің аспасыңды.

Одан да кел, қырығым, достасалық,
Артық нәсіп жаратқан қоспасы анық.
Рахмет айтысып, құшақтасып,
Елуге жетіп бір-ақ қоштасалық...

ҚОС ЕЛУТЕ ТІЛЕК

Жарты ғасыр қатар келді екі елу,
Тілек айтып, бокалдарды көтеру.
Алыс-жақын, ағайын-жұрт жиылып,
Әлемде жоқ, қуанышқа кенелу.

Аға дейміз, асқар тауға теңеп шын,
Ағайынға жапырақты терексін.
Ағамыздың ашып жүрген ажарын,
Асыл женге, сен де бізге бөлексін.

Қабыл болып көпшіліктен бұл тілек,
100 жастың да көпірінен тең өтсін.
Халқы сүйіп қадірлеген адам бол
Ел-жұртпен тең сүргенге өмір, не жетсін?!

Асыл ағам, құйылғандай құрыштан,
Алтын женгем жарагандаидырыстан.
Алладан соң, аялайтын өзінді,
Ақ тілекті қабыл алшы туыстан...

ДӘРІГЕРЛЕРГЕ

Сырқатқа қолданатын кезінде ем,
Сіздерде неткен мықты сезім деген.
Күзетіп қас-қабағын отандастың,
Ұзак танда Сіздерсіз көз ілмеген.

Адалдықтың киіп ап ақ халатын,
Ем бүйырар жерлерге ап баратын.
Құтты болсын мереке, айтулы күн,
Сіздер үшін әндер көп жатталатын.

Таусылмайды сіздерге жыр кеніміз,
Алақанды соғып та үлгеріңіз.
Сіздердің еңбектерің деп білеміз,
Біздердің де ән салып жүргеніміз.

Шаршамандар ұлы еңбек дүрмегінде,
Сіздердей қамқоршы аз жер көгінде.
Әрбір адам сізбенен танысалы,
Құрсақтан түскен алғаш жөргегінде.

Ақ төсек, жайлы бөлме кім кірмеген,
Жаныңды ұғып, жайсыздық төндірмеген.
Көз жанары жүректі жаулад алып,
Иненің де ауырын білдірмеген...

Ақ халатты абзал жан, арда артың,
Жан саулығы сенімен жалғанатын.
Ел-жүртүмның сақтап қал денсаулығын,
Байлығы да, бағы да сол болатын.

ТАБИҒАТ СЫРЫ

Өмірде аққан мың бұлак,
Басыңнан ғана тұнасың.
Көгімде күлгөн сұлу күн,
Жұптасып аймен тұрасың.

Күн көзін келіп бұлт жапса,
Тақпайды-ау, бірақ, кінәсін.
Ақ мақта сынды ақ бұлтты,
Самал жел келіп қуасың.

Ашуы келсе желдің де,
Шеттетіп қояр жуасың.
Өмірдің желі соққанда,
Белінді бекем буасың.

Әркімдер артқа қалдырар,
Қоғамға берер мұрасың.
Зымырап жатқан жүйрік күн,
Сен елдің бағы шығарсың.

Жарты күн жарық көрген соң,
Өлгенше соған құмарсың.
Қадірін білгін уақыттың,
Қалғаның өзің ұғарсың...

МЕКТЕППЕН ҚОШТАСУ

Қасиеттерін үғынып қарт бабаның,
Мектебім мен сенімен мақтанамың.
Әлі есімде бұлдіршін бала кезім,
Баспалдағын білімнің аттағаным.

Отырған соң білімнің партасына,
Білім алдық ұстаздар арқасында.
Кейін бізбен мақтанып жүрініздер
Үңіліп әлемнің бар картасына.

Ұстазымнан үйреніп ана тілді,
Қатайтқаным шындығым қанатымды.
Өздеріңнен үйренген ақыл, білім,
Жарық етті әркезде қара тұнді.

Өмірдің бір белесі бұл күн маған,
Кімді қайда тартасың, шіркін, ғалам?
Мектеп деген ұяның түлегіміз,
Жүрегінде қонырау сыңғырлаған.

Хош енді, ораламын, хош мектебім!
Мен сенен білім алдым, бос кетпедім.
Болашаққа көп азық тасып жүрсін
Тәрбие, білім деген қос кептерің...

СӨЗ ҚҰДІРЕТІ

Жүрекке жұмсақ тисе жыр,
Біреулер балғын құрақ дер.
Аптапта шөлді басатын,
Бірлері мөлдір бұлақ дер.

Арманды алда қуалап,
Жететін бірі мұрат дер.
Не болса да, тәңірім,
Еліме жырдан шуақ бер!

Мал-жанымен тең өсер
Сарқылмас байлық, суат бер!
Теңізге құйған тамшыдай
Жүрекке жырым қуат бер!

Жүргегіне халқымның
Рухани тұрақ бер...
Көсемдердің қолына
Өшпейтін мәңгі шырақ бер...

Елекке салып сөзімді,
Ойымды тағы сынап көр.
Ақының сүйген алашқа
Ақылың асып ұнап көр...

СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ

Арналып бата, айтылар тілек баққа арнай,
Қоңырау соңғы, тұрарсың қалай шаттанбай.
Қимаймын мен де түлеген алтын ұяды,
Асығып ауылым көшіп бір бара жатқандай.

Баспалдақ аттап, қуаныш бойын билеген,
Жүгіріп сәби аяғы жерге тимеген.
Ұстаздар алда жол тілеп жатыр біздерге,
Ұстаз да болмас шәкіртін шындалп сүймеген.

Мерейің өсіп, азамат бол, – деп – аспандап,
Мәні бар өмір, кездессін дейді аскан бақ.
Ақырын жүріп, айқаймен ақыл сыйлаған,
Қасиетің қандай, қадірлі дара баспалдақ.

Қуаныш билеп, қимастық билеп тек кейде,
Осылай егіз сезіммен адам қөктей ме?
Жолдарың болсын, дегендей қолмен біздерді,
Нұсқады ұстаз таулы бір күнгей беткейге.

АМАНДАСУ

Өз ұлыңмын, ағайын, емес бөтен,
Өнерімді несіне көмескі етем?
Биік, биік тауларға қарап тұрып,
Бабаларым мен сізді елестетем.

Ат тұяғын талдырган даласы мың,
Жаныма жақын өлкем жарасымың.
Өнерінен қазақтың өте қоймас,
Өзге елдің үйсен де бар асылың.

Біреуге жиен, әлде нағашымың,
Құда-жегжат, іні не ағасымың.

Нұсінжан – әкем аты, өзім – Төлеу,
Қазақтың қарапайым баласымын.

Қуантып көкке өрлесең көп тілегін,
Қайралған ақ алмастай өткір едім.
Уа, жігіттер, бәріңе өр халықтың,
Еншісіне байлансақ тек тілегім.

40 ЖАСҚА әзіл

Бас иіп өскен халықпыз,
Ата-салт пен ғұрыпқа.
Ағайыннан араңды,
Азамат болсан, сүйтпа,
Баладан ер жеткеніңді,
Ата-ана барда ұмытпа.

Ойна да күл өмірде,
Екі рет адам туып па?
Бағалай біл барыңды,
Бас ие бермей ұлыққа.

Сыйлағанның құнын біл,
Басыңда дәурен тұрып па!
Кешегі өскен бала едің,
Міңгесіп шапқан шыбыққа.

Бұгінгі жігіт тұлпарың,
Көндірмей жүр ме ырыққа?
Отыз деп ойладап жүргенде,
Келіп те қаппыз кырыққа.

Ауылдан алыс кеткенде,
Табамыз сылтау сыныққа.

Төлеужан Ғұмар

ТУҒАН КҮН КЕШІНЕ

Туған күнің құтты болсын,
өлең жаздым таң тұрып,
Өмірлі бол, қызық көру – адамзатқа тән қылық.
Ал бақытты қолдан келсе, берер едім алдырып,
Әдемі де ақылды бол, қызға сол ғой зандағы.

Туғаныңнан тыңдал өстің ата-ананың нәрлі үнін,
Махаббаттың сақтай біл,
тек ешкім бұзбас жарлығын.
Шаттана біл, мақтана біл айналаңа қарап бақ,
Қылығыңмен, қызығыңмен қуант
елдің барлығын.

Отбасыңа бақыт білем, сол дауысын
шыр еткен,
Сол адамдар сенің өмір бақшаңа кеп гүл еккен.
Ал жаныңда жүрген мына біз секілді
жолдастар,
Тек тілекші әрбір сөзін жеткізетін жүректен.

ДОСҚА ТІЛЕК

Досқа тілек: зор денсаулық, ашық күн,
Мен – ақынмын, ашық күнге ғашықпын.
Алтын беріп, ат мінгізіп жатса да,
Білдірместен жүрер біреу тасып мұн.

Қуанышың, тілектес қой саған ел,
Өнеріңе, өміріңе баға бер.
Әкен – аспан, ана – алақаныңдай,
Тек әлпештеп өтсін сені қара жер.

Біреу досын қуантады гүл беріп,
Гүлдей болып жүр дегені түрленіп.
Өзің гұлсің көретүғын көз болса,
Одан бетер кеттің бүгін гүлденіп.

Бұрыннан-ақ тілектеспіз, бірге едік,
Мұндай қызық болатынын білмедік.
Бақытыңа адаспай жет, айтарым,
Соны тілең кеудеме түр жыр келіп

Гүл де солар, алтын тозар қолдағы,
Оңай емес қара өлеңнің толғагы.
Мәңгілікке бұл естелік деп білем,
Сен өзгеріп, жоғалтпасаң болғаны.

АНАҒА ТАБЫНУ

Ана деген бәрінен асыл адам,
Жүрсөң екен өмірде басың аман.
Тұн үйысын төрт бөліп, бесік тербеп,
Әлдиңмен өзіңсің асыраған.
Сен алдыңда жүргенде, киелі анам,
Бар мен жоқты сезбегем, жасымағам.
Әрбір үйдің арттырар берекесін,
Күнсіздер ғой әлемге шашыраған.
Төгесіздер үрпақ деп шуақ нұрын,
Ана сүті қастерлеу тұрақты үғым.
Мен де сәби сүйгізіп өзіңізге,
Сен арылы әлі де қуаттымын.
Елуге кеп еліме танылсам да,
Еркелер саған бала сияқтымын.
Арқалап жүрген жандар ғалам жүгін,
Қадірлі де қасиетті-ау маған бүгін.
Төрімізді толтырып жүру үшін,
Маған қымбат, жан ана, амандығын...

АҚЫН ЖӘНЕ АҚҚУ

Түрлі әлем, түрлі қоғам, түрлі алып,
Көкте күнмен тұрады ылғи нұрланып.
Ал адамдар – сол қоғамның иесі,
Жүретүғын бір-бірінен сыр бағып.

Оның бірі батыр жаумен алысқан,
Енді бірі ғалым, шаруа, данышпан.
Арасында ақын бірі тым жүйрік,
Өткір сөзбен желмен ғана жарысқан.

Міне, осындей бақыт табар жер-көктен,
Қандай ғана бақытты едің ел неткен!
Ойы биік, сөзі құнды бір ақын,
Аққу көрді айдын көлі тербеткен.

Сол аққуға қарап тұрып мұнды ақын,
Жасырмады жадында көп жыр барын.
Қос аққудай паш етті ғой адамның,
Жарасымды оңаша отау құрғанын.

Көзін алмай қарап тұрып аққуға,
Деп ойлады мәңгі болар бақ мұнда.
Ақындардың арқау болған жырына,
Айдын көлден бақытыңды таптың ба?

Содан аққу махаббаттың белгісі,
Оны айтқан ақын деген өр кісі.
Ақын, аққу төрт-ақ әріп болғанмен,
Екеуі де ұлы өмірдің тектісі.

НАУРЫЗ

Құтты болсын бұл наурыз елімізге,
Байлық даulet әкелсін жерімізге.
Наурыз тойын жасаған думанды елім,
Қыдыр ата жайғассын төрінізге.

Бұл да біздің көп күткен мерекеміз,
Ән шырқайық кел, қалқа, сен екеуміз.
Үріс жылы болсын тек келген жылың,
Арта берсін, ағайын, берекеміз.

Ұлыс күні, ағайын, күн бүгінгі,
Алла күтер көктемгі тірлігінді.
Шаңырағың шаттыққа толсын десен,
Шуақ түссін, аш есік, тұңлігінді...

Наурыз көже қайнасын қазанында,
Сонда бақыт орнайды қазағымда.
Ұлттық тағам толып бұл дастарханға,
Айтайық ән біткеннің ғажабын да.

ЖАҢА ЖЫЛ

Келді міне, келді міне жыл басы,
Биле, досым, бекер қарап тұрмашы.
Бұл жаңа жыл – ырысты жыл, құтты жыл,
Берекелі өткен жылдың жалғасы.

Алға қойған арман, тілек көп елде,
Төрле, төрле, кел жаңа жыл бөгелме!
Менің халқым өркендейді, өседі
Тыныштықты берсең бізге егерде.

Төлеужан Ғұмар

Елге келсін үлкен ырыс, ұлы қүш,
Жерімізді баспасын де ібіліс.
Ұрыс-керіс – жат қылышқ қой қазаққа,
Аулақ жүрсін бізден ондай құбылыс.

Жабырқатып алмаңыздар жас жанды,
Шаттық, думан паналасын аспанды.
Келіңіздер, жақынырақ бәріңіз,
Осы думан сіздер үшін басталды.

АЛАҚӨЛ

Армысың, Алакөлім, адудынды,
Биікке аттандырдың сан ұлынды.
Ортақ мекен мен білсем қазақ үшін,
Үққан болса сенің ел қадірінді,
Елі – құт, жері – ырыс, көгі – нұрлы
Жалпы жүртқа жеткіздің жалынынды.
Өзіндей мол байлықты бере салған,
Бағалап, құрметтеймін тәнірімді.
Ақ толқын, шалқар шабыт, асау мінез,
Жүргізесің қалаған әмірінді.
Қысық көзбен болсаң да шекаралас,
Білдірмедің еш шаршап, жабығуды.
Ақ көңілің жатады көрініп бір,
Кеме толы көргенде балығынды,
Берекелі Алакөл осы ісінмен,
Аман сақтап келесің халығынды.
Өр мінез, өткір тілді етіп бүгін,
Өсірдің қазағыма тән ұлынды.
Досқа ашық құшағы, ал дұшпанға
Білмедіңдер бас иіп жалынуды.
Кейінгі ұрпақ бойына дарытса екен,
Осындаі ер тұлғалы тәлімінді.

Тік мінез, би тұлғалы ерлерің бар,
Бетіңе ашып берер айыбынды.
Айдынды, ақ желкенді – Алакөлім,
Ашуланса аударап қайығынды.
Ақжарқын ардақты елім аман болсын,
Ақ дастархан алдында жайылулы.
Өсіріп, өркендетіп жеткізе бер,
Көрікті қыз, ақылға бай ұлынды.

ШАҒАН

Бір сәлем жігіттерге Шағандағы
Сендерді іздеп қу көңіл аланнады.
Орындарың бөлек қой бір мен үшін,
Қасиет бар киелі даламдағы.
Ізеттік бар, кіслік кішілік бар,
Қасиетке байсындар адамдағы.
Шаған деген жазулар көз тартады,
Іскер үжым өзіңсің қаламдағы.
Бағдаттай бағалы ағам бәрінізді,
Үйретті бұл ықпалға замандағы.
Міне, 10 жыл өтіпті содан бері
Іргетасы Шағанның қаланғалы.
Басқалар үлгі етіп алмай ма екен,
Береке мен бірлікті арандағы.
Ықыласың болмаса ұлы еңбекке,
Қой да қысыр қалады қорандағы.
Көшті бастап келесің, бәрін көріп,
Тоқтамай соқса да өмір борандары.
Халқыңа қызметінді еш аямай,
Орныңды айқыннадың қофамдағы.
Ақынның ақ батасын алғаннан соң,
Домаласын тастарың одан әрі...

ЕСКЕЛДІ ЕЛІ

Ескелді елі, сен маған бір мектеп ең,
Алақанға салып ең, құрметтеп ең.
Батырлардың ұясы өздерінде,
Ел өмірін сол жандар өрнектеген.
Дәм-тұзынды татқасын бір-екі жыл,
Жарасады маған да құр кетпеген.
Академиктер ауылы Жетісуға,
Жарысып білімімен жер жетпеген.
Жасыл желек, тау-тасты киелі өлке,
Ғұмыр бекер бірер жыл сенде өтпеген.
Ескелді би атамыз кеткенімен,
Ел-жүртінің ішінен сый кетпеген.
Ескелді елі, сен маған бір мектеп ең...

ҮЙЛЕНГЕН КҮНДІ ЕСКЕ АЛУ

Бүгінгі күн мен үшін,
Тарихи құнды мақтан күн.
Қосағымды – жарымды,
Адаспай ғана тапқан күн.
Дала да дарқан дүркіреп,
Қалада той боп жатқан күн.
«Құдалар келді» деп шулап,
Арқанды алдан тартқан күн.
Мешітке барып неке су,
Дәмін де алғаш татқан күн.
Достарым бірге қуанып,
Сенімін бізге артқан күн.
Беташар айтып жігіттер
Махаббат күйін тартқан күн.
13 жыл болды сол күнге,

Келіп тұр бүгін шаттанғым.
Куаныш жасап жарыма,
Келіп тұр сыйлық ап барғым.
Үш құлымын ер жетіп,
Сәні болғай салттардың,
100 жасаған ғұмырын,
Біздерге берсін қарттардың.
Адалдық болсын арада,
Тазалығындай ақ қардың.
Елдің сәні болайық,
Гүліндегі әсем бақтардың,
Таң атқанша келіп тұр,
Сырымды саған ақтарғым.
Осылай ыстық Мен үшін,
Ақ боран күні ақпанның.

НАҚЫЛ СӨЗДЕР

Тар заманда туғандар, бар заманда қамықпайды.
Бар заманның пендесін, тар заман анықтайды.

Әкім жаман болса, әркім бай,
Әкім жақсы болса, халқым бай.

Елім деп еңірегендер, теңге деп тентіреуде.

Алсан айбатың өсер, қарызбен қайратың көшер.

Ақшасы көптің адамдығы санаулы,
Ақшасы жоқ адам көпшілікке қалаулы.

Алла деп атамағандар, құдайға да
құлдық етпейді.

Төлеужан Ғұмар

Жауыр ат жалтак.

Жөндеп күлмегендер, дұрыстап ауыра да
алмайды.

Төрдегі келенсіз төреге, екінің бірі өнеге.

Орнын біліп отырмаған, шай ішіп онбайды.

Айтқанынан шықпасаң, асырайтын қатын көп.

Ақшанды қызғанғандар, ақылыңа да
айбат жасайды.

Апараттан аю келсе, қасқырлар
коридорда жүреді.

Байлықты сүйген адам: ақшаның ағайыны,
тенғенің туысқаны, доллардың досы.

Батылым жетіп, батырып айтып,
Туған ел сені сүйгенім.

Кекшіл адам батады тұңғиыққа,
Көпшіл адам қорғайды бұл қоғамды.

Қаладағы қазақтың баласынан орыстардың
итінің біразы артық.

Кой асығын құртып болғасын, қол салдық па
оыйншығына қытайтың.

Туған күн – әркімнің жекеменшік мерекесі.

БЕСІК ЖЫРЫ

Бал бәбегім, бәбегім,
Дәстүрі бұл көненің.
Арналады өзіңе,
тәрбиелі өлеңім.
Ақ бесікке бөлесем,
таза болсын дегенім.
Азамат бол өсерсің,
оған мен де сенемін.
Оу, бөпешім, бөпешім,
ақ бесікке жатағой,
тәтті үйқыға батағой.
Бұл бесікке өзіңің,
ата бабаң жатыпты.
Әлди әнін тыңдаумен
таңы күліп атыпты.
Аялаумен өзінді,
өткізіпті уақытты.
Ақ бесікте тербелген,
азаматтар көп бақытты.
Құлынысың анаңың,
қыранысың даңаның.
Корғаушысы болып өс,
өскелен ына заманның.

ТАНЫМ

Өмірдің ұлы өрнегі,
ақыл-кенес бергені.
Ата дейміз ардақтап,
ақсақалды төрдегі.

Сағынып әркез тосатын,
атыңды әнге қосатын,
жасырған барлық тәттісін
алдыңа ғана тосатын,
Мандайдан сүйер апам-ау,
қымбат-ау маған осы атың.

Үйрететін өмірдің,
жақсы-жаман үлгісін.
Асыраушы адамның,
әке екенін кім білсін...

Күндей ыстық көнілі,
бала деп өтер өмірі.
Біз жақсы болсақ тек ана,
ақталар ана сенімі.

Қасына ертіп алатын,
қызықты жерге баратын.
Қамқор боп жүрген әркезде,
қадірлі бізге аға атың.

Інім деп беттен сүйетін,
сен үшін қатты күйетін.
Айтылған саған бар сөздер,
өзіне ғана тиетін.
Әпкені сыйлай білейік,
түсініп оның ниетін.

ТӨРТ ТҮЛІК

Төрт түлік мал елімнің,
білсең басты байлығы.
Көңіліңе түйіп ал,
айтқамын жоқ жай мұны.

Түйе төлдің төресі,
қос өркешпен көрікті.
Шыдамды жүкке, шөлге де
сабаз-ау білмес желікті.

Жылқы да拉 сәні екен,
бие сүті дәрі екен.
Тайбурыл мен Құлагер,
серілердің әні екен.

Сиыр үйге береке,
дәмді сүті, айраны.
Құрт, ірімшік, кілегей,
қандай шіркін, қаймағы!

Моп-момақан түліктің,
жұні асылы қой екен.
Қойы көптің қорада,
жүрген жері той екен.

Міне, осындай түлікпен,
сәнді қазақ даласы.
Білгені жән ғой бұларды,
қазақтың әрбір баласы...

Сенбей сөзде

ШАТ ЗАМАН

Асқар тауым – қорғаным,
Өзен, көлім, орманым.
Жасыл желең далада,
Тарам-тарам жолдарым.
Мен жерім деп мақтанам,
Бізде осындай шат заман.

Ақ сақалды аталар,
Ақ жаулықты аналар.
Мейірімі мол інілер,
Ақ көнілді агалар.
Мен елім деп мақтанам,
Бізде осындай шат заман.

Егеменді еліміз
Байлығы мол жеріміз.
Салт-дәстүр мен тегіміз,
Сарқылмайтын кеніміз.
Мен салтым деп мақтанам,
Бізде осындай шат заман.

Екінші бөлім

АРНАУ ЖЫРЛАР, ӘН ӨЛЕҢДЕР

ТАЛДЫҚОРҒАН – 50 ЖЫЛ

Бұлдыр сағым жатқандай ма көздің ғана
үшында,
Жараланды елің, жерің, өзен-көлің, құсың да.
Бабаларым сол соғыста отқа тосып денесін,
Қазығынды қаққан екен қын заман тұсында.

50 көктем шуақ беріп, құлпырады бел дала,
50 мәрте үлдарының басына да келді ана.
Көркейеді туған өлке, Талдықорған қаласы,
Егеменді ел де болдың, «Елу жылда – ел жаңа».

Біз ұлымыз – ел қорғаған қазақ деген халықтың,
Ұрпағымыз Қабанбайдай жер қорғаған алыптың.
Әркендей бер, дархан өлкем, жарқырай бер,
жайнай бер,
Батылдықты, ақындықты өзің бойға дарыттың.

ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫНА – 50 ЖЫЛ

Армысың Текелідей ару қалам,
Өндірісі өрістеп, жалындаған.
Кезінде Москвандың өзі-дағы,
Сені түңғыш ұлындаі қабылдаған.
Табиғаты көз тартар, тауың әсем,
Баурайында жемісі қалындаған.
Тойларың құтты болсын, ағайындар,
Ыстықсың осы бүгін бәрің маған.
Койының толы қазына – елге ырыс,
Әлі қанша байлық бар табылмаған.
Сенде өскен адамның бар өмірі,
Арғымақтай көрінер арындаған.
Жүргегі жоқ адамдар болар мүмкін
Сені неше күніне сағынбаған.
Тойыңда елің-жұртың шашу етіп,
Қабыл ал арнап жатыр әнін саған...

ДӘНЕШ РАҚЫШЕВ КЕШІНЕ АРНАУ

Көп жыр бар көкейімде тармақтаған,
Ата-дәстүр мұраны жалғап бағам.
Хош келдің осы кешке, ағайындар,
Қара нарын өнердің ардақтаған.

Бастап бір алдарында маңызды өлең,
Адаспайық, ағайын, сан ізбенен.
Ардақты ағамыздың кеші бүгін,
Өнерден өлгенінше нәр іздеген.

Келгендей елге биыл сұық көктем,
Жан еді бұл әлемге әнін төккен.
Әттең-ай, тағдыр неткен қатал едің,
Асылын халқымыздың жұлып кеткен.

Ашып кетті жастарға жыр бұлағын,
Құлагер боп шауып жүр дүлділ әнің.
Адам қонақ өмірден Дәнеш те өтті,
Білеміз сіздей жанның біртуарын.

Байқайсың өмір – тұлпар, өнер – таған,
Өнер қу, азаматтар, келсе шаман.
Күміс көмей, жez таңдай асылымның,
Сынығы боп ән қалды қалықтаған.

Адамдық өмір жолын бастарында,
Аруақты адам болсын қастарында.
Жетісу – жерүйығың асқақтатқан,
Әнің мәңгі қалады аспанымда.

**АРМИАЛ СЕКСЕНБАЕВТЫҢ
60 ЖЫЛДЫҒЫНА**

Жақсы тілек көп қой бүгін халықта,
Тыңда, ағайын, тілектен еш жалықпа.
Балықтары тайдай болып тулаған,
Алакөлдің орыны бөлек тарихта.

Азаматы алып тұлға, мәрт үні –
Кабанбайдай батырлардың сарқыны.
Киелі елдің құрсағында жаралған,
Армиал – ер, Алакөлдің алтыны.

Құрметтеймін, қадірлеймін досымды,
Мәңгілікке ескірмейді осы үлгі.
Алакөлдің ақ көнілді жігіті,
Сарыөзекке сары алтын боп қосылды.

Жақсы азамат, өкпе айтпаған заманға,
Өнеріңе әлі қайран қалам да. *Ал жел*

◆ Төлеужан Ғұмар

Есінде ме Кербұлақтың жерінде,
5+1 деген достық команда.

Өзінменен әлі біз де біргеміз,
Әмір барда сөгілмейді іргеміз.
Мұндай күндер бізге арман болғанда,
Шат-шадыман болып өмір сүргеміз.

Қазағым-ау, неткен ұлы өнеген,
Қандай ыстық шашқан нұрын төбеден.
Сен сияқты өмір сүрсе бақытты,
Өсіп жатқан немерең мен шөберен.

60-тасың, әлі сенің күшің көп,
Ешбір адам қарамайды мұсіркеп.
Сенің ғана саулығыңды тілейтін,
Тост алайық бәйбішеңіз үшін деп...

АЯУЛЫ ЕЛ АНАСЫ (Зылиха Жанболатқызының 70 жылдық мерей тойына орай)

Биязылық қасиеттер бар үнінде,
Адалдық бар, алғыр жүрек түбінде.
«Еңбекшінің» ел-жұртының еңбегін,
Қазақстан мойындарды бүгінде.

Атақ та бар, даңқ та бар, ерлік те,
Мұндай істен жаманшылық көрдік пе?
Құтты болсын 70 жасың мерейлі,
Туған елді бастай бер тек ерлікке.

Қызылشا-мен қатар егіп егінді,
Көк кілемдей түрлендірдің жерінді.

Әзініздей аналардың сонынан,
Азаматтар көп өсуде сенімді.

«Еңбекшім» деп еңбек еттің шаршамай,
Арман жоқ қой аймаласа қанша арай.
Еңбегіңің өнбегі осы, жан ана,
Жетпіс деген сізге болсын жан сарай.

Бұл «Еңбекші» – бірлікті аймақ, гүлді аймақ,
Босағана Қыдыр атын жүр байлаپ.
Бұдан артық женіс болмас адамда,
Туған өлкен тұрса артында гүл жайнап.

Маңдайда ырыс, құшақ толы бақ-дәulet,
Киелі елден, жаманшылық әрмен кет.
Желден жүйрік ой-арманды адамды,
Бір көру де біздей жанға арман ед.

Тәлім де мол, бойыңызға бар кие,
Ұлы анасыз, әдеп пенен арга ие.
Елге ұсынған жүрегінің шуағын,
Сіздей ғана болған шығар әулие.

**БАҚЫТ АПАЙ,
ЖАНСЫЗ-АУ ЖАНҒА ЖАЙЛЫ,
(Б.Иманқұлқызының туған күніне)**

Бақыт апай, жансыз-ау жанға жайлышы,
Жақсы, жаман өмір деп талғамайды.
Өнердегі өрендер өзінізден,
Күнде тәлім алады шаруа жайлышы.
Білімің нық, ойың бар қасқараулық,
Өз сезімің өзінді алдамайды.

Зейнеткерлік келіпті жасқа жасың,
Мінезіңмен жаныңа дос табасың.
Облыспен көшіп кеп бұл қалаға,
Иелендің Шалбайдың баспанасын.
Сіз білесіз жақсыны өмір-өзен,
Өзегінен итеріп тастамасын.

Қайраткерсің, өнерде зор бағаңыз,
Біздер Сізден өмірлік жол бағамыз.
Адалдықты сүйесіз, тазалықты,
Содан бүгін Сіздің де мол бағаңыз.
Құтты болсың туған күн қуанышың,
Мәдениетті мәңгілік қолдаған қыз.

ӘКІМ КӘКІМҰЛЫНА...

Жан аға, әuletінде нар болдыңыз,
Жаратқанның бәріне жар болдыңыз.
Тәрбиелеп жеткізіп жалғасыңды,
Әке деген қасиетке пар болдыңыз.

Ол да болса бүтінгі несібіңіз,
Енді, ағасы, жазылып көсіліңіз.
Барлығына айтылған ақылдармен,
Шөберенің біразын өсіріңіз.

Өзі ақын, өзі әкім, өзі маман,
Сізді үқпаған адамның өзі надан.
100-ге келіп жатсан да артық емес,
Асыл аға, болса екен басың аман.

Қасыңызда бар байлық, жан-жарыңыз,
Бірге атты сол кісімен таңдарыңыз.
Зейнеткерлік жасқа да алып келді,
Арғымақтай ақ қанат арманыңыз.

Кімдер қалай ойлайды ұлы адамды,
Мен алыстан іздемеймін ғұламамды.
Бір ұжымда өткізген бар ғұмырың,
Бұл тірлікте көрмеппін бір адамды.

Құтты болсын мына той асқаралы,
Көрісп җұрт, бірлері дос табады.
Зейнеткерлік кездегі нағыз жұмыс,
Той-тойлаумен осылай бсталады.

Хабардармын ағасы бағың жайлы,
Сіздердей ұл елден көп табылмайды.
Ел аралап, тойларды тойлай бергін,
Ол еңбек кітапшаға жазылмайды.

ҚИМАЙДЫ ҚАРА ЖЕРГЕ ХАЛҚЫҢ БҰГІН
(Б.Ниязбекұлының қазасына)

Жиылды күніреніп халық мұнда,
Қорғаны олар би, патша, алыптың да.
Қандай ғашық болсаңыз осы өмірге,
Сезіледі қимастығы халықтың да.
Жігерінді бойдағы елге арнап,
Азаматтық ісінді таныттың да,
Мәнгі өмір жоқ, мәнді өмір күнде керек,
Тоқырар кезі болады шабыттың да.
Асыл аға, сен неге үндеңейсің,
Әлде өмірді сүруден жалықтың ба?

Жоқ аға, орындардың тілегінді,
Жайнаттың Жетісудай ұлы елінді,
16 жыл директор бола жүріп,
Бердің елге сол жастық жігерінді.
Ұлы адамда ұлт болмайды дегендейін,
Бөлменді біреуіңнен біреуінді.
Еңбектің арқасында 16 ел,
Және де көріп қайттың Кремльді.
Меккеге барамын деп жете алмадың,
Білмендің-ау қанша өмір сүрерінді.

Осындай аға сенімен өткен өмір,
Асылдың жаны ұшады көкке не бір.
Қара жер табаныңың иісін ансан,
Көк аспан көздің жасын төккелі тұр.

Қимайды қара жерге халқың бұгін,
Қайда әзілің, ақылың, жарқын жүзің?
Қара жерде жатқанмен, тот баспайтың,
Дәлелде адамның да алтындығын.

Күнің қайда алдынан құрақ ұшқан,
Қарсы алушы ең келгендей тым алыстан.
Адам тұғіл андар да мұңаяды,
Тастан ұшып өлгенде аң, арыстан.

Әзіл айтып жүруші еді теңіменен,
Бажамын деп ойнаушы еді меніменен.
Осындай жақсыларды, асылдарды,
Алла алады екен ғой жөніменен.

Жаның болсын жаннатта, жарық бәрі,
Тәнің болсын рахатта, қалықта әрі.
Атадан жол қалдырган үрпағына,
Жалғыз адам сен білем тарихтағы.

Бау-бақшаны сыйладың саялы деп,
Қызығына күні ертең тоямын деп.
Өзің кеттің көре алмай сол қызықты,
Немеремді ойнатып қоямын деп...

Жігіт едің паналы заманға гүл,
Жамандығың жоқ еді адамға бір.
Немересін жетектеп Анар тәтем,
Жеткізсін сіз ойлаған арманға бір.

АДАМ ЖАНЫНЫң АРАШАСЫ
(Сағат Әбілқызына)

Ақ халатты ардақты жан бұрыннан,
Кездері жоқ бұл жұмыстан сүнған.
Еңбекқор жан Сағат Әбілқызы ғой,
Балқаш көлдің жағасында туылған.

Әрқашанда жұмыс дедің, ел дедің,
Қабақ шытып ешбір жанға көрмедің.
Басты орынға қойып осы жұмысты,
Қанша адамды бал бармақпен емдедің.

Салиқалы, салмақты әркез сөзіңіз,
Зейнеткерлік жасқа міне келдіңіз.
Немеремен, ұл-қыздармен, туыспен,
Тек ырысқа тола берсін төріңіз.

Бізден осы Сізге деген достық үн,
Куанышта тұра алмаймыз бос бүгін.
Елдің туын ұстайтұғын жан болсын,
Сіз өсірген тәрбиелеп қос құлын.

Куаттысыз, демалу да ойында,
Ол да керек, жүк жүрмесін мойында.
Біздің қыздар бақыт тілейді Сізге тек,
Кездесейік шәберенің тойында.



ЖЕТПІС ЖАС

Жасыңыздан таудай болды талабын,
Ұстаздықты ұлылық деп санадын.
Қаракөздер жақсы білім алсын деп,
Интернаттың ірге тасын қаладын.

Улгі етеміз еңбегінді біз бүгін,
Сіздей еңбек айдынында жүзді кім?
Маңдай терің тегін кетпей еліңен,
Иелендің білім беру үздігін.

Екі ұл, үш қыз тәрбиелеп өсірдің,
Қателігін даналықпен кешірдің.
Балдан тәтті немерелер әне жүр,
Сәні болып жетпіс жастық кешінің.

Ұстазым деп, мен де сізді сүйемін,
Сіз арқылы көп ақылға иемін.
Тойың тойға ұлассын тек тілегім:
Куанышқа келіп тұрсын жиі елің!

ҚҰДАҒА

Бала ортақ, жатсын құда құрметтеп,
Құдалық – сын, ол да өзінше бір мектеп.
Қастерлеймін тәбеме тік көтеріп,
Жатса егерде құда-жекжат ізденеп кеп.

Екі бала бәрімізді сыйлы етсін,
күйеу демей, өз ұлым деп жүрмекпін.
Қызындай көр, Құдаға айтар қолқам сол,
Ал құдағи білмей жатса үйретсін.

Төлеужан Ғұмар

Құлаққағыс айттым, құда, назым жәй,
Күй кернесін Құрманғазы сазындей.
Екі бала орта бізге, жетейік,
Мың жылдыққа құшағымыз жазылмай.

АҚ ТЛЕК

Бауырым, досым Айдын Хасенұлына

Жарамас сөздің құрғағы,
Қырандай жігіт қырдағы.
Кішілеу жасы болса да,
Бізбенен бірге сырлары.
Қасиетті Қабанбай,
Батырдың қалған жүрнағы.
Ақ жауын болып төгілсін,
Ағаның саған жырлары.
Көңілін аулап көп елдің,
Емдейсің ептең тісті де,
Аылың бар жол бермес,
Ақымақтар мен күштіге.
Көкшеден тауып көрікті,
Келінді бізге сыйладың.
Аяулы ұл-қызы беріндер,
Киелі жердің үстіне.
Қос иығын қомдаған,
Қос қыран болсын қос ұлың.
Бірлігін артсын әulette
Үш бұтындей бол мосының,
Қызғалдақтай қызы келіп,
Сән қосылсын сәніңе.
Сәулешің тауып бір ару,
Той болсын соңы осының.

СӘЛЕМІМДІ ҚАБЫЛ АЛ
(Бауырым Нұрлан Шәкербековке)

Өзіңе қарап таңданам,
 Инабатты арлы адам,
 Кез келген өмір жібінің,
 Үзілген жерін жалғаған.
 Республиканың ішінде,
 Жері жоқ еді бармаған.
 Шындағы қыран секілді,
 Қос иығын қомдаған.
 Бас киімсіз жүрсе де,
 Бүйра басы тоңбаған.
 Шыдамас қазақ қызы деп,
 Қаһаздан қатын таңдаған.
 Кенжесі едің әuletтің,
 Құмары сүйсө қанбаған.
 Шаршаған жерің жоқ білем,
 Туыстар үшін шаруадан.
 Достарға да адалсың,
 Ісінді аллам ондаған.
 Шыққан күндей жарықсың,
 Келмесін бұлттар торлаған.
 Жан жоқ білсем бір саған,
 Жамандық сірә ойлаған.
 Әртіске кейде үқсайсың,
 Дәу Пушкинді сомдаған.
 Құлдығың күшті құдайға,
 Аруақтар шығар қолдаған.
 Сәлемімді қабыл ал,
 Жүргегімнен жолдаған.
 Қыздарың болсын төрт-бесеу,
 Ұлдарың болсын ондаған.
 Бала адамның бағы ғой,
 Ғұмырлы болар сонда адам.

С. ШЫНЫБАЕВҚА ДОСТЫҚ ӘЗІЛ

Әр қылышы бөлек мүлде өзгеден,
Мақсатына жете білді көздеген.
Көнілі жомарт, көзі құліп жүретін,
Серікболдай жігіт жоғын сезген ем.

Айырмасын Алла берген бағынан,
Бақыт таптың Ләzzат суан жарынан.
Мұғалім боп мыңғырған қыз ішінде,
Іздегенің табылды өзі алдынан.

Жұмыс деген адамзаттың айнасы,
Алға, досым, тұғырдан еш таймашы.
Жұмысының елге және бізге де,
Тиіп тұрар ара-кідік пайдасы.

Әдебінен ел-жұртының аспаған,
Қыындықтан өмірі бір саспаған.
Көргені көп, көрері көп бұл Досым,
Үйленуді бізден бұрын бастаған.

Бұл досынның көнілдегі тілегі,
Өнер ғана Серікболдың тірегі.
Бәрін бұрын бастаған соң біздерден,
Бәрімізден биқтеусің бір елі.

Ләzzат қалқа, мұндай жанды дұрыс күт,
Мұндай жігіт отбасына ырыс-қүт.
Серікболдың арқасында орнап тұр,
Жатақхана барлығында тыныштық.

ФУТБОЛ ТӨРЕШСІ

(Н.Қожабергеновке)

Дос болып біздер таныстық,
Кештерге бірге барыстық.
Спортзалдардың ішінде,
Доп қуып та жарыстық,
Достығымызды нығайтып,
Бажалыққа ауыстық.

Сыйластық болды арада,
Мұндайдан көніл қала ма.
Ауылда танысқанменен,
Кездестік қайта қалада.

Жайылып талай дастархан,
Тыңдадық тілек достардан.
Шаңырағыңың кезі жоқ,
Туыс пен достан бос қалған.

Бойында өнер қазанат,
Шапқысы келеді мазалап.
Үіскірығынмен аласың,
Тәртіпсіздерді жазалап.

Төреші болып аланда,
Әлемді жүрсің аралап.
Үй салдың биыл, келер жыл
Не іс жүр тағы мазалап.

Сыйласып бірге жүрейік,
Өмірді мынау бағалап.
Еркелей де білейік,
Бас ауырғанда бажалап.

Төлеужан Ғұмар

Ата--ана қаста, отбасың,
Бәрі де Нүке ғажап-ақ.
Алдағы сенің өмірің,
Бір аллаға аманат.

Бойдағы барлық дарының,
Шәкірттеріне дарысың.
Қазақ деген халықтың,
Маңдайға біткен бағысың.

АҚЫЛЫҢ Да, ЕЛЕКЕ, КӨРКІҢ де ӘСЕМ (Елеухан Әділханұлына)

Этикетте бір бөлек сұлбасы да,
Ақылы мол әйтеуір бір басында.
Өзіне ып-ыңғайлы, сүйкімді етіп,
Тауып алышты қасына Гулясың да.

Жол бастайтын бар сенде серке қылық,
Жіберді жұмыс сені ерке қылып.
Тұнімен бізбен бірге жүресің де,
Жұмысына кетесің ерте тұрып.

Ақылың да, Елеке, көркің де әсем,
Өлең жазу жарасар сертім десем.
Құшақ жая досым-ау қарсы аласың,
Алматыға мінеки, келдім десем.

Қарсы алмау үлға да сын, атаға сын,
Онда несін жігіт бол атанасың?
Моншадан шыққаннан соң ырым фой деп,
Өзіңің отауыңа апарасың.

Сыра ішеміз моншадан шөлдедік деп,

Мақтанамыз бәрін де ерледік деп.
Ел-жүрттың бәрі бізге таң қалып жүр,
Мұндай ырым еш жерден көрмегік деп.

Көңілің ғой ер мінез ескірмеген,
Еркектерді аяймын кеш кірмеген.
Немесе біздің ақыл толыспаған,
Болмаса оларға әлі ес кірмеген.

Білмейсің келген жанға тұшынуды,
Тәрбиелеп жатырсың үш ұлынды.
Арман еттің өзінде тау басынан,
Қанаттарын қатайтып ұшыруды.

Парасат бар, бойында даналық бар,
Барлық туыс өзіндей пананы ықтар.
Елдің ұлы бола біл ал, Елеке,
Көп болсын біз қуанар жаңалықтар.

СЕРИК ТҰРЫСБЕКҰЛЫНА

Көңілі кен, ақжарқын қас қабагы,
Сауда деген кәсіптің бас маманы.
Көңілінде иманы, намысы мол,
Бар адамдық осыдан басталады.

Керім еді досым да, баталы еді,
Досым да, бауырым да қатарым еді.
Қырғыздардың қоямын деп шоу думанын,
Режиссер деген ол ат алыш еді.

Бұл Секенің өнерге сыйы бөлек,
Сол үшін де біздерге жиі келеді.
Сағынады достарды, жиі аңсайды,
Солармен де Секенің күйі келеді.

Төлеужан Ғұмар

Көңіл жүйрік, шіркін ол тоқтасын ба,
Жастық жігер дайын ғой от басуға.
Аман жүр тек ұлағат ұяласын,
Жарына, үш қызына, отбасына.

ЕРЛАН ДОСЫМА

Салмақтылық мінезге бай санаы,
Тапты екен қазағымның қайсы анасы.
Жану керек енбегі Ерланның,
Періштеге толғасын айналасы.

Жүрсің білемін, жастардың бәрін баптап,
Олар сенен өмірде тәлім таппақ.
Жасыл алаң, теңбіл доп ойыншылар,
Арасында жүрсің сен заңын сақтап.

Спорт киім, аузында ыскырығың,
Бұлшық етің ойнайды күшті мығым.
Балаларың көрсетсе жақсы ойынды,
Сенің де онда, Ереке, мықтылығың...

Үйретіп доп тебудің бар айласын,
Санассын әлем саған қарайласын.
Доп теңбіл болғанымен командаңыз,
Сақтап жүрсің бірліктің шарайнасын.

Дос болсын, намыс болсын жүрегінде,
Қысылмасын қазақтай ұлы елінде.
УЕФАда ойнаса жігіттерің,
Орындағаның елдің тілегін де.

ТУҒАН КҮН

Құтты болсын тұған күнің,
Думан күнің қымбаттым.
Арасында жайқала бер,
Өмір деген гүл бақтың.

Денсаулығың мықты болыш,
Орындалсын арманың.
Шапағатын алғайсың көп,
Жаратушы алланың.

Бақыт сыйла ата-анаңа,
Алып келген бұл күнге.
Мұн болмасын ешқашанда,
Сыңғырлаған күлкінде.

Адам тойып көрген бе екен,
Өмір деген шіркінге.
Ән арнамау сен сияқты
Аруларға мүмкін бе?

Алла бақыт берсін,
Көретін шексіз уақыт берсін!

Мұқағали дара тұлға дегенмен,
Ардақты ақын, осы сөзге сенем мен.
Хантәнірдей биік тұлға, мәрт ақын
Тұла бойы жаралғандай өлеңнен.

Өлеңдерің өткір еді не түрлі,
Бойымдағы бар шайтанды кетірді.
Батыр етіп жібереді өлеңің,
Оқығанда Райымбек баба секілді.

Эрбір сөзің рух береді жаныма,
Неткен ойлар, неткен терең мағына.
Сол ойларың ақ желкен бол айдында,
Өлең жаздым, ақын үнін сағына.

Мұқағали – поэзия тереңі,
Табылады бар жаныңа керегі.
Ұран болып айтылып жүр бүгінде,
Айтқан сөзі, жазып кеткен өлеңі.

Міне осындай, ағайындар мендегі үн,
Бағалайық хас ақынның еңбегін.
Таза, тұнық жырдан ләzzат алындар
Армандары таусылған ба пендениң...

АСЫЛ ДОСТАР

Асыл достар, сендер менің,
Баға жетпес, базарым.
Өздеріңмен көніл гүлдеп,
Ашылады ажарым.

Асыл достар, сендер менің,
Бітпес байлық, несібем.
Өздеріңмен жарым сырды,
Жара бөліп өсіп ем.

Асыл достар, сендер менің,
Бақытымсың бастағы.
Өздеріңсіз барша жанның,
Қызықты емес жас-жағы.

Асыл достар, сендер менің,
Арманымның шынысың.
Менің жүрген жолдарымның,
Намыс деген туысың.

Асыл достар, сендер менің,
Теңіздегі кемемсің.
Әмір – теңіз, дауыл тұрса
Ақ желкен бол елеңсің.

Асыл достар, сендер менің,
Ағын судан өткелім.
Оқу оқып, еңбек етіп
Жігіт болдың көп көрім.

Асыл достар, сен болмасаң,
Кен дүние тар бугін.

Төлеужан Ғұмар

Кәп-кәдімгі мом-момақан,
Аға болдың ал бүгін.

Асыл достар, сендер менің,
Тамыр болсаң, нәрімсің.
Қастарыңнан қиналғанда
Төлеужан да табылсың.

* * *

Жана жыл жаңа іспен жаралғандай,
Жер ананың жылуын бәрі алғандай.
Қадамың құтты болсын ел-жұртыма,
Қара жер қар суынан нәр алғандай.

Көктемменен көнілің жарасады,
Көнілдестің көзінен дәрі алғандай.
Олжалы жыл болсыншы осы жылы,
Омартаны ойып бір бал алғандай.

Мейірімділік кетпесін пендемізден,
Еміреніп немересін шал алғандай.
Адам деген атымыз бар емес пе,
Коғамды гүлдеу үшін жаралғандай.

* * *

40 жас деген қазақта
Қылыштай еken қайраған.
Биікке өрлей берініз,
Тұлпардай табан таймаған.

Тұылған күнің құтты бол,
Іске ассын ісің ойлаған.
Амандық беріп өзіңе,
Достарға толсын айналан.

* * *

Бақытты ғұмыр кешеді,
Адал болғандар жарына.
50 жыл бірге өмірде,
10 бала берді бағына.
Немерелер мен шөбере,
Сіздерді жүреді сағына.
Ата-анам – Алатауларым,
Үрпаққа берген мағына.
60 жыл отау тойларың,
Бұйырса болсын тағы да.

АРМЫСЫҢ, ЖҰРТЫМ!

Армысың жұртым киелі, жақсылар үшін
жан салар,
Ақының келді алдыңа, «Аллалап» бүгін
ән салар.
Алаштың текті ұлдары, ақының әр кез
қарсы алар,
Айтылған сөзін құрметтеп, бал шырын сынды
тамсанар.
Алақан соғып атыңа, таңдайыңа бал салар,
Текті елдің ұлдары, тегін күлкіні ар санар.
Ақылы мол пендені, ақылды хан да пар санар,
Көнілі кем адамзат, кең дүниені тар санар.
Өмірі өтіп кеткен соң, өкініп күнде сан соғар,
Бай баласы қашанда, балпаңдаң басып
заң соғар,
Кедейдің күні тынымсыз, күндегі өмір қансонар,
Тапқаның жиып үйіне, қысқа да жылы
там соғар.
Еңбекқор болсын үрпағың, болмасын бекер
нан соғар,

Төлеужан Ғұмар

Болса егер бекер нан соғар, ертеңгі күні
жар соғар.
Тойдан, шіркін, қалсан да, деген бар ғой асқа бар,
Осы сөздің тәркінін, түсіне бермес басқалар.
Ақылды, шіркін, адамдар, бірлесіп көпті басқарап,
Ақымақ болған басшының, халқы да күнде
аш қалар.
Көргенді елдің жігіті, құшақтап халқын
бас салар,
Көрікті үйдің келіні, мейманға тездеп ас салар.
Көрікті үйдің ұлынан, көркемді ойлар тасталар.
Келбетті үйдің қызында, тірсектен түскен
шаш болар,
Өсер елдің баласы, он үшінде бас болар.
Өшер елдің баласы, отызында жас болар,
Осының бәрін тергенмен, түсіне бермес қасқалар.

МИНИСТР Г. ҚАРАҚҰСОВА КЕЛГЕНДЕ

Сенбес сәуле

Бұгінде жаңа ғасыр жаңа әніміз,
Түрленіп күнде жатыр заманымыз.
Елбасы күні кеше Жолдауында,
Көркейтеміз деді әлеумет саланы біз.
«Жақсы сөз – жарым ырыс» дегендейін,
Ол сөзге кірді біздің ажарымыз.
Хан егер халқына көп қарайласа,
Тарқамайды дүние базарымыз.
Мінеки, министр де келді бізге,
Біздің елге ауып ой назарыныз.
Жетісу бұл білімнің ордасына,
Жетті ғой жаңалық пен хабарыныз.
Сіз келеді деген соң мына біздің,
Жайнап сала берді ғой жанаарымыз.
Жетісу бұрыннан да жер жаннаты,

Онды болсын бұл келген қадамыныз.
Қарсы алайық, қанеки,
Қарағасова ханымды.
Министрлердің ішінде,
Азаматшасыз дарынды.
Елің үшін аянбай,
Кинау да керек жанынды.
Құрметтейміз ісінді,
Көтеріп көкке заңымды.
Өзінен алсын көпшілік
Әмірге керек тәлімді.
Осылай деп қайырам,
Әмірі бітпес әнімді.
Ал енді студенттерден,
Қабыл ал сәлем жалынды...

МЕН МЕКТЕПКЕ БАРАМЫН

Әні: Ә. Араповтікі

Ұлы әмірге қадам бастым, сенемін,
берген батаң қабыл болсын тек елім.
Баспалдағын бастым үлкен ұяның,
нәр аламын, сенде көктеп өнемін.

Оқып, оттай жанайын,
қолға қалам алайын.
Абай, Мұхтар секілді,
ғұлама жан болайын.
Қабыл болсын тілегі,
ата менен ананың
Бал-бұл жанып жанарым,
мен мектепке барамын.

Төлеужан Ғұмар

Атын мініп тағаланған талаптың,
Сол үшін де мені елім жараттың.
Бесігінде шындалайын білімнің,
Қатаюын тіле елім қанаттың.

Естімесем мұғалімнен қатал үн,
Қабыл болып жатқандығы батаның.
Ел намысын қорғайтұғын жігіт бол,
Көбейтейін азаматтар қатарын.

АЛЫСТАФЫ АРУ

Аяулым-ау, алыстадың сен менен,
қайда қайық екеумізді тербegen?
Сағынышты қалай ғана тарқатам,
жұдырықтай жүрегімді кернеген.

Қайырмасы:

Алыстағы асылым,
сағындым сені, ғашығым.
Сенімен мәнді бір күнім,
сенімен құнды ғасырым.

Аяулым-ау, кезігетін күн қайда?
Сезім қын болады еken мұндайда.
Сағындым ғой шыныменен өзінді,
жұлдыз санап серуендерген тұн қайда?

Соның бәрі бүгін уайым, бүгін мұн,
құшағымда қанша менің жылындың.
Сыбырласқан сез арқылы мен сонда,
махаббаттың мәңгі екенін үғындым.

БАЛУАНДАР МАРШЫ

Үрпағысың батырдың, білектісің.
Бұл боз кілем баулиды жүректісін.
Ел мен Жердің намысын қорғау үшін,
Білегіңе сай болсын жүрек күшің.

Қайырмасы:

Қажымұқан қазақта қара нар,
Әбілсейт солармен пара-пар.
Мәскеуде күрескен Жақсылық,
Әлемдік деңгейде саналар
Аманжол ағаңың еңбегін
Бұл күнде Мәуленмен тән алар.
Балалар, сендерге жол ашты,
Алдыңда осындай агалар.

Ар мен намыс, адалдық – жігіт бағы,
Балуандық – ұлы өнер ғұрыптағы.
Төрешілер арына берік болса,
Жанкүйердің қолдайды тұрып бәрі.

Қайырмасы:

Барлығы жарысқа сайланды,
Асырып көр кәні, айланды.
Сай болса әдісің, сенімің
Қаңжығаң, бауырым, майланды.
Мықты бол танылсаң тасыма,
Женілсен, кілемде жасыма.
Терінді тәкпесен, күреске
Бақыт кеп қонбайды басына.

Әртараптан жиылып бар балуан,
Желбіреп тұр жарыс ту алдарыңнан.
Шеміл, Дәulet, Асхат пен Айдындардай.
Көрініндер Олимптің зангарынан.

О, ФУТБОЛ!

Жасыл алан, тенбіл доп, қос қақпаға,
Бас төреші барады бастап қана.
Шеберлігің, жігерің мол болмаса,
Женемін деп құр бекер асқақтама.

Футбол, Футбол –
Спорттың ғажабы.
Өзінде мәнгі
Әлемнің ажары.
Футбол, футбол –
Көнілдің ажары.
Чемпион сенсің –
Азия қазағы.

Алға, алға ойынның мықтылары,
Женіс үшін аланға шықты бәрі.
Жанкүйерлер жиылды сан мындаған,
Гол соққанда айғайладап тік тұрады.

Женіс, Женіс біздерге керегі сен,
Доп-домалақ гол болар тебе білсен.
Намысыңмен көрсетсөн ойыныңды,
Өз ұлтыңды сүйгенің себебі сен.

БАЛА БАҚЫТ

(1-маусым – Балаларды қорғау күніне орай)

Ата-ананың қолқанат сүйенері,
Тал бойында ұлтының бар өнері.
Балдырғандар – елімнің болашағы,
Шат күлкі, тәтті үйқының иелері.

Қайырмасы:

Балдырғандар бал қылықты,
Алдарыңнан таң күлшті.
Бала күнін атап өту,
Мереке ғой заңдылықты.
Балдырғандар бал қылықты,
Өзінді елің ән қылыпты.
Ел мен жерге ие бол деп,
Өздерінді қалдырыпты.

Болашақтың қамқоры, жанашыры,
Сендерден өсер елдің нақ асылы.
Келешектің тірегі сендерсіндер,
Бізге қымбат сол үшін бала сыры.

Жетіліндер туған ел әнін тыңдал,
Өсірейік үрпақтың жанын шыңдал.
Жерінді сүй, құрметте ата салтын,
Тілінді сүй, бәрінен арың қымбат.

ӘУЕ ҚОРҒАНЫС КҮШТЕРІ САҚШЫЛАРЫНА

Биікте қанаты талмаған,
Ұшақтар көркі ғой көгіңдің.
Тыныштық сақшысы аспанда
Қорғауда өмірін елімнің.

Тәуелсіз ел болдық біз бүгін,
Жақсы өмір жерімде орнаған.
Ант берген біздердей жігіттер
Ел жұртын апаттан қорғаған.

Қайырмасы:

Міндетті орындау басты іс
Барша ел сенімін артқасын.
Ал әуе қорғаныс күштері
Отанын дүшпанин сактасын.

Ел сүйген ұланбыз біз деген
Жер қорғау адалдық мұрамыз.
Көкте күн шуағын шашсын деп
Қас қақпай күзетте тұрамыз

Шапағын таңың да көреміз
Ақ бұлттар алады қарсы алыш
Көгіңде шекара күзетіп
Төрінде жүреміз ән салыш

О, ӘМІР!

1.

Откен күн бірі шаттық, бір мұңлы,
Есейіп сағынасың құлын үнді.
Бір күн жоқ, бір күн тоқ қып ержеткіздің,
Сенің осы сырыңды кім ұғынды.

О, әмір,
Сүйем сені жанымменен!
Әр таңдан
Жанға жайлы жалын көрем.
Шіркін-ай,
Неткен ғажап шапағатың,
Менің де саған шексіз маҳаббатым.

2.

Әндердің бірі думан, бірі қайғы,
Түнге қоса бергені-ай сұлу айды.
Адал жүрек бергеннен адамдарға,
Сол шіркінге көп пенде жуымайды.

3.

Сақтың бердің, оған сай қауіп бердің,
Қайғы бердің, екі есе сауық бердің.
Әмірден еш өкінбей өту үшін,
Жұмбағын дүниенің тауып бердің...

НАУРЫЗ ТОЙ

Сәлем бердім, бас иіш, таң нұрына,
Шуағынды шаш бар пенде тағдырына.
Ақ көрпеге оранған алып далам,
Кенелуде құстардың ән-жырына.

Кайырмасы:

Наурыз той, ағайын,
Жақсы әнге салайын.
Береке, бірлікке
Бөлөнсін маңайың!

Хош келдің Наурыз,
Жадырар жанымыз.
Арайлап атсыншы,
Әрқашан таңымыз

Міне, осылай, атады Наурыз таңы,
Тілек мыңға татиды Наурыздағы.
Көзі ашылып бұлақтың, сыңғырласа,
Самал желмен билейді Наурыз талы.

Селт еткізер, үйқы ашар ырымдары,
Наурыз бата алушы ек бұрындары.
Құтты болсын Наурызың, шырқа әнді,
Ақ мол болсын, қазақтың қыз-ұлдары!

ТАЛДЫҚОРҒАН – СӘН ӨЛКЕМ

Әні, сөзі: Т. Ғұмар

1.

Талдықорған, Сен менің ақ арманым,
Өзіңменен менің де жанаң бағым.
Жасыл желең оранған әсем қалам,
Бізге бақыт күн санап жаңарғаның.

Қайырмасы:

Талдықорған – гүл қалам, ару қалам,
Арналады мәңгілік әнім саған.
Ақ түйемен аралап Асан бабам
Сенен сұлу өлкені таба алмаған.

Жайна, жаса жарқыра ару қалам,
Жұмақ мекен деп бар ел таңырқаған.
Тоқсан ұлт келсе де тосырқамай,
Бәрін сенсің жүрекпен қабылдаған.

2.

Талдықорған, өзінде қанаттандым,
Мақтанышым, сен менің жаннат бағым.
Алыс кетсем ораламын сағынышпен,
Жеткенімше таусылады тағаттарым.

3.

Талдықорған – мәңгілік жасыл қалам,
Сыр шертеді, тауың мен тасың маған.
Махаббатым өзіңе шексіз менің,
Сарқылмайды ғасырға ғасырлардан

ЖІГІТТЕР

Сендерде өмір бақыты
Білімді, білікті ер,
Біздерде мәңгі мол сенім
Болмасын құдіктер.
Сендермен жетіп арманға,
Ақталған үміттер.
Намысын елінің бермейтін
Көп болсын нар жігіттер.

Өзінмен өмір көрікті,
Өзінмен мол бағым,
Арыстар аман жүрші деп,
Энімді жолдадым..
Аққудай сәнді арулар,
Айдын көл орманың
Жеңісін елінің бермейтін,
Аман бол бас қорғаным.

Барлығың заман бағы бол,
Жүректен жыр түлең,
Ел-жұртың өссін соныңнан,
Өзінен жыр тілең.
Арғымақ көңіл жігітке,
Қыз түгіл күн күледі,
Жігіттер сендерге арналған,
Қыздардан бұл ақ тілек.

ҚЫРҒЫЗ ҚЫЗЫ

Қарындасым, ғашық болдым мен саған,
Бар бақыттым өзің болдың аңсаған.
Тау самалы алып барсын сезімді,
Жетісудан саған арнап ән салам.

Қырғыз қызы, қырғыз қызы,
Ғашық болдым мен саған.

Қазақ, қырғыз құдандалы қашаннан,
Құшағы ашық, кетпеген ғой асы алдан.
Алатаудың таң самалын бір жұтып,
Сағынғанда көздеріне жас алған.

Береке мен бірлік мықты екі елде,
Сұлу сезім тозбасын тек бекерге.
Көз алдымнан кетер емес, аяулым,
Кол бұлғасын қалған сәттер кетерде.

АЗАТ ЕЛДІҢ АРМАНЫ

Егеменді ел айқара ашты тұңдігін,
Мақтанатын, шаттанатын күн бүгін.
Қын сәттің бәрін женді туған ел,
Батылдырың, сенің ішкі бірлігің.

Қайырмасы:

Қазақ елім, қарышта алға,
Ақ алмас бол, жасыма.
Біртұтас тек татулықпен,
Шықшы шыңның басына.

Төлеужан Ғұмар

Бақытты елге шуақ шашып таңғы арай,
Қасиетті елдің бақ жүлдүзы жанғаны-ай.
Егемендік бабалардың арманы,
Жабырқатып алып жүрме аңдамай.

Бұл да, халқым, мәндайдағы несібен,
Толарсаққа толы қанды кешіп ен.
Күннен-күнге алға басып қадамды,
Көрінейік елу елдің көшінен.

ТОЙҒА ТІЛЕК

Бұгін нұрға малынғандай, қарандаршы айнала
Ақ тілекті шашу етіп, келді ағайын жайлана.
Қанша жүрек алып ұшып, тауып жатыр аңсарын
Аулыңызда бола берсін, бола берсін тойғана.

Қуанышқа кел, ағайын,
Кел жақында, тосылма,
Бақыт нұрын төксін тәнір,
Осы қыз бен осы ұлға.

Той, қуаныш қазағынның
Мәндайдағы несібі.
Қонағыма төрім дайын,
Ашық үйдің есігі.

Бұгінгі күн жүректерді, әсем әуен тербесін,
Дәл басыңдар үлкен-кіші, сыйластықтың пернесін.
Әсем әуен, күмбірлі күй құдіретіне бөленіп,
Орта толы билер болсын, қуанышқа келгесін.

СҮНДЕТ ТОЙ

Өтсе де өмір, өссе де өмір қарыштап,
Дәстүрінен кетпейді ешкім алысталап.
Құтты болсын, құтты болсын Сұндет той
Қарт бабалар кеткен бізге табысталап...

Бір қуаныш, бір жылап,
Жас жүрегі дүрсілдеп.
Кемпір-шалда маза жоқ,
Құрғыр қайда жүрсің деп.
Тиын-тебен беруде,
Немереміз күлсін деп.
Құрметтейік бәріміз
Бабадан қалған бұл сұндет.

Астында ат, қызыл жасыл мatalы,
Көрімдіктер ағылып кеп жатады.
Мұсылманның қатарына қосылып,
Алып жатыр әне жігіт батаны.

Бәйге, көкпар, қыз қууға белсеніп,
Женеді деп ақынға тұр ел сеніп.
Міне осындей, сұндет тойы қазақтың
Көрем десен дос-жаранға келші еріп.

ҰЗАТУ

Қуыршақпен ойнаған қыз кешегі,
Бүгін міне, бойжетіпті деседі.
Өздеріндей арулардан елімді
Қорғайтұғын азаматтар өседі.

Барған жерде, құлыным,
Артсын бедел құрметін.
Орындауың керек қой,
Пайғамбардың міндетін.

Ерте тұрып жай жатсан
Мақтап жүрер күнде ені
Сонда пенде болмайсың
Алғыс пенен жүлдеден

Ұзатылып бара жатқан, құлыным,
Шаңырақтың шаттығысың, шын ұғын.
Ел-жұртыңың мақтанышы бола біл,
Берік ұста жан-жарыңың тұғырын.

Ұлы өмірдің белесі бар не тұрлі,
Жену үшін әкең сені өсірді.
Анашың да бақыт тілеп ұянда
Қалып барады құс аны секілді.

ДОСТАР СЕЗІМІ

Бөлісетін қуаныш пен қайғыны –
Достар деген азаматтың байлығы.
Тіршілкте сыйласайық, кел достар,
Мұндай болмас, ұлы өмірдің бар күні.

Келіндер, достарым,
Дастархан сен үшін.
Бір тойлау міндет қой
Досыңың женісін.
Келіндер, достарым,
Қонақсың мен үшін.
Бірге көрейік
Ұл-қыздың жемісін.

Жиын-тойдың көркі сендер жандыра,
Сұлуларды естерінен тандыра.
Билегісі келіп тұрған бикештің
Сендерсіндер би құмарын қандыра.

Бірге жүрек, бірге тілек, бірге етің,
Дастарханда, бірге сенің құрметің.
Достық сезім, таңға дейін бір-бірін
Үйлеріне шығарып сап жүретін.

ҒАШЫҚТЫҚ ЖЫРЫ

Жаным, сенде жүрегімнің сыңары,
Сенсіз өмір жанбайтындаш шырағы.
Көзді байлап көрсетпейді өзгені
Махаббаттың қалың түскен тұманы.

Қайдасың, ғашығым,
Қосылар күн бар ма?
Арман жоқ өзінмен,
Бір шықсам шындарға.

Сенде ғана бар тіршілік, бар бақыт,
Сені ойлаумен кетті қанша таң да атып,
Сені ойлаумен маза бермей жүрекке
Ауыр тұрам, төсегімнен сау жатып

О, махаббат, ғашықтардың мекені,
Қындығың бір басында жетеді.
Сүйікті бол, сүйгеніне жете алмай,
Өмір деген тез-ақ бастан өтеді...

БАҚЫТ ЖОЛЫ

Сенде жаным өмірдің барлық мәні,
Өзінді сағынамын.

Асау сезім аяңшақ жанды үқпады,
алысып не қыламын?
Кол жетпейтін болдың бір қиял құсы –
Тұғыры биіктегі,
Мендей сені аялап, басқа жандар
Дәл мендей сүйіп пе еді?

Жаным, жаным,
Мәңгілік бағым ба едің?
Жаным, жаным,
Таба ма уақыт емін?

Жаным, жаным,
Қалмайық жарым-жалғыз.
Кездесейік
Бақыттың жолында біз.

Айта алмаймын жүректе жатқан сырды
Көнілің қалатындей,
Бақыт таңы атқанда, бір самғайық
Құстың қос қанатындей.
Бірге болсам өзіңмен арманым жоқ,
Бір көремін қайғы мұнды.
Жолыңызға арнасам арманым жоқ,
Бар бақыт, байлығымды.

Көніліңнің көлінде аққуың бол,
Мәңгілік жүзіп өтемін.
Жүрегіңе менің де жаттығым жоқ,
Тек өмір қызық екен.
Бағалайық жастық шақ сезімдерін
Жаулаған жанарымен,
Бақыт жолы табылар күн болар ма
Жақсылық хабарымен.

ТОЙ-ДУМАН

Казағымда той деген қазыналы,
Бәрі соның өтсе екен мағыналы.
Құда-жекжат, дос-жаран, бауыр-туыс
Той болмаса бір-бірін сағынады.

Кайырмасы:
Құдаларым тәрімде,
Тұысым өз елімде.
Шаттанайық, бауырлар
Той тойлауға ерінбе.
Аман болса, көпшілік,
Той таусылмас жерімде.

Барлық туыс бұл жерге жиылыпты,
Бәрі әдемі, қараңдар, киініпті,
Ағыл-тегіл, той жасап алғыс алу
Еншісіне қазақтың бүйірыпты.

Қонақтарым құрметті дара шындаі,
Көніл болсын бұл тойда жарасымды-ай!
Той қызығын, кел бірге бөлісейік,
Бір атаның туылған баласындаі.

ҚЫРАҒЫЛЫҚ ЖЫРЫ

Сөзі: Ахмет Кендірбек

Тәуелсіздік ұландары,
Қырағылық қырандары.
Әрқашан да, әркезде де.
Күзет, күзет – ұрандары.

Қайырмасы:

Аяздарда тоңбаймыз,
Ұрыларға ордаймыз.
Үйстық аптаң, шілде де,
Күндіз бенен тұнде де,
Ел байлығын, ел байлығын,
Ел байлығын қоргаймыз.

Күзетеміз бар байлықты,
Жігеріміз нарадай мықты.
Қас-қағымда жетеміз біз,
Елемейміз шалғайлықты.

Жігіттердің толы күшін,
Байқатады соны мұсін.
Күзетеміз кірпік қақпай,
Еліміздің мол ырысын.

АҢСАРЫМ

Бір өзінде бар бақыт, барлық арман,
Өмірде мен қалаған.
Сүйе алмаған адамның жаны жалған
Бақ таппас айналадан...

Өзіңе ауып аңсарым,
Тежеумен қалқан шаршадым.
Жүрегім маза бермейді,
Ғашықтың біреу салса әнін.

Бір сен деп жаным жаралы,
Сенімен сезім бағалы.
Жетсе екен менің жанымда
Жанымның жақсы хабары.

Аңсауменен өтуде барлық күндер,
Бақытым оралардай.
Жақын тартып барады жан жүрегім
Уақытпен саған қарай.

ЖАҢА ЖЫЛ (әнге арналған)

Ақ бораны, аппақ қары не түрлі,
Аяздары тоңдырар қол- бетінді.
Жапалақтап үшқан ұлпа қарлары,
Аталардың ақ тілегі секілді.

Өткен жылға өзінше,
Берілетін баға бұл.
Ата-ана, дос, туыстың,
Көңілін де таба біл.
Жаңа жылмен келеді,

Жаңа бақыт, жаңа нүр.
Құтты болсын еліме,
Келген мына Жаңа жыл!

Ақ күмістей байлық келді даға,
Шаттаныңдар, мұндайдан жан қала ма?
Асу асып, өткел өтіп біз үшін,
Ақшақар да келді міне араға.

Кеші болсын қуаныш пен құлқінің,
Есте қалсын құрбы-құрдаң бұл күнің.
Би биленіп, ән салынған Жаңа жыл,
Бағы болсын бүкіл қазақ жүртүшің!

МӨЛДІР СЕЗІМ
(әні бар)

Сендері сұлу сезім,
Бақытқа бастағандай.
Кездессем өзінменен,
Қуанам жас баладай.

Қайырмасы:
Бойымда ыстық сезім,
Сезбедім таңың лебін.
Өзіңе арналады,
Әндерім мәңгі менің.

Бақтарда сені күтіп,
Жүргенім аз ба менің.
Жұлып ап жүрегімді,
Ұсына жаздал едім.

Төлеужан Ғұмар

Қайырмасы:

Бақ тілеп екеумізге,
Тұрушы еді ақ таңымыз.
Есімде мәнгі менің,
Ән айтып қайтқанымыз.

МЕКТЕБІМ

(әні бар)

Көңілге жыр шабыт берген мектебім,
Өмірге алғаш бағыт берген мектебім.
Еліміздің ертеңі үшін ұл-қызыға,
Білім отын жағып берген мектебім.

Мектебім, мектебім!
Мен сенде көктедім.
Әзінді қадірлеу –
Арманым тек менің...
Мектебім, мектебім!
Мен сенде көктедім.
Азамат бол өссем,
Арманым жоқ менің.

Адалдықты жиып берген мектебім,
Санаға ой құйып берген мектебім.
Бар асылын осы өмірдің қажетті,
Шәкіртіне үйіп берген мектебім.

Сенен шыққан кеменгер де данышпан,
Кенде емессің ғұламадан, арыстан.
Алтын ұя қарсы аласың біздерді,
Азамат бол оралғанда алыстан.

МАХАББАТ МҰҢЫ
(әні бар)

Саған ғашық болғаным айлар өтті, жыл өтті,
Сезім мені сергелденге, салып қанша жүдettі.
О, махаббат, сенде екен ғой: өмірдің
шын бал сыры,
Тулатасың, жұбатасың мендегі осы жүректі.

О, махаббат, ойлы арман,
Сезімдердің тереңі.
О, махаббат, адамға,
Сенсің білем керегі.

Қанша адамның жүргегінде сезім оты лаулаған,
Соның сырын ұға алмайтын бұл
өмірде аз ба адам?
Жете алмастан сүйгеніне қанша батыр,
қанша ақын,
Бұл өмірден шындығында өтіп кете жаздаған.

Жүректегі сезімдерді жүрейік те бағалап,
Әйткені олар қыз Жібек пен Баяндардан аманат.
Кір шалмасын сезімдерді, көтерейік көңілді,
Мәңгі өмірді мәнді өмірге жетелейді махаббат.

ГҮЛ АРУ
(әні бар)

Жақсы көремін қыздарды гүл ұстаған,
Келетіндей солардан ырыс маған.
Айдай сұлу арулар ағаларың,
Жолдарыңа тілейді дұрыс қадам.

Қызыл гүлде – дала сырсы,
Ал өзінде – сұлулық.
Екеуінді тең жаратқан,
Табиғатта ұлылық.
Ыстық сезім, іште тұнған,
Сыбырлай ма, не дейді?
Мұндай сәттер, аяулым-ау,
Енді қайтып келмейді.

Әй, білмеймін, кім мені жолықтырысын,
Туған айдай сен, еркем, толып тұрсың.
Қызғалдақтай құлпырған, аяулы ару,
Гүлден де әсем бүгін сен болып тұрсың.

Айдан да аппақ, аяулым, сен еркеле,
Ағанды ару сезімі көнерте ме?
Махаббатты жырлайық жастық шақта,
Келген кезде кәрілік көгерте ме?

БАЛАМА
(әнге арналған)

Құлыншаым, сен келгелі өмірге,
Шаттық-думан нұрын септі көнілге.
Сенсің, балам, өмірімнің жалғасы,
Бар байлығым жиған сенсің менің де.

Құлыным-ау, құлыным,
Тәтті ау сенің қылығың.
Өміріңе нәр берсің,
Менің осы ғұмырым.
Балапаным, қылықтым,
Туған жерден сыр үққын.
Адал жігіт болып өс,
Суын ішіп тұнықтың.

Балапаным, қаз-қаз басқан қадамың,
Сәні боп тұр Жетісудай дағаның.
Ел-жүртүңың пайдасына жарайтың,
Жігіт болсаң арманым жоқ, қарағым.

Ботақаным, басымдағы бақпысың?
Бағалайын басқа қонған бақ құсын.
Құшақтасам күннен бетер ыстықсың,
Аймаласам балдан еркем тәттісің.

Сенбес сәуле

АЛҒА, ЖАС ҰЛАН!
(әні бар)

Сен жас ұлан, егемен ел жалғасы,
Адымда алға, қатарыңнан қалмашы.
Ұраны да, қыраны да сен елдің,
Қағып қанат көк аспанда самғашы.

Бас, бас қадам, бас қадам
алға, жас ұлан.
Биік ұста ел туын,
шырқап асыл ән.
Колындағы көк байрак,
асыл бір арман.
Бабалардың женсі
ғасырдан қалған.

Ойда мәңгі тәуелсіздік үрдісі,
Бойда болсын бабалардың ұлгі ісі.
Жүргегінде үяласа ұлт үні,
Сонда артады туған елдің ырысы.

Сенсің, балам, иесі кең даланың,
Корғайтын сен келер үрпақ заманын.
Ұлым бар деп ұлтың саған сенеді,
Тигізбе жерге қас дүшпанның табанын...

ПЕРЗЕНТ ЖЫРЫ
(әнге арналған)

Еркін өскен, еркелеген
құлынымын бір елдің.
Тұған елім болса аман,
мен шаттанып жүремін.

Қайырмасы:
Тұған ел, тұған жер,
тек біреу адамда.
Тұған тіл, салт-санам
өсе бер ғаламға.

Егемендік елімізді,
сүйеміз біз сезіне.
Ержеткенде еңбегіміз,
арналады өзіңе.

Қайырмасы:
Бізде арман жоқ, биік болса
туған елдің шоқтығы.
Біздерменен тек биікте
желбіре елдің көк туы...

Сөнбес сөүле

ТУҒАН ЖЕР

(әні бар)

Бұл өмірдің, гүл өнірдің
Қасиетті киесі.
Бал-бұл жанған бұл бақыттың
Біз боламыз иесі.

Қайырмасы:

Туған жерім, мені өсірген
Сенің нұрлы шуағың.
Перзенттік сезімменен
Арналады бұл әнім.

Туған жерім, сәнді өлкем,
Гүлді өлкем, өр өлкем.
Намысыңды қорғайтұғын
Ұрпағыңмын мен ертең.

Тауың заңғар, жерін дәнді,
Суың шекер бал сынды.
Мақтанышпен айтып тұрмын,
Естисің бе даусымды!

ТУҒАН ЖЕР
(әні бар)

1.

Асқар шың мен кең далам,
Бір жарасым тапқандай.
Қойны толған қазына,
Қалай жүрем мақтанбай?

Жерүйіғым – Жетісу,
Суың бал да тасың дән.
Желбіресін ел туы,
Ғасырларға ғасырдан.

2.

Ұландарың бақытты,
Маңдайдағы бақ қандай.
Пенделердің өзегін,
Өзен жалғап жатқандай.

3.

Салиқалы қартымыз,
Сөйлейтін ел жасы қандай.
Сұлулықтың ордасын,
Тапқан бабам Асандай.

ЖЕТИСУ ЖҰЛДЫЗДАРЫ
(әні бар)

Жетісүым – гүл жайнаған мекенім,
Тұған жерді мәңгі мақтан етемін.
Күрақтарын, бұлақтарын, тауларын
Көрген кезде шабыттанып кетемін.

Жұлдыздары елімнің
Жарық болсын ертеңгі.
Ұл-қыздары елімнің
Алып болсын ертеңгі.
Жерүйіфым – Жетісу,
Таңғажайып табиғат.
Перзентінде өшпейді,
Саған деген махабbat.

Тұған жерім жатқан бізді қарсы алып,
Сіздер барда біз жүреміз ән салып.
Бесігінде өскеннен соң тербеліп,
Жұлдыздары біз бол көкте жанса анық.

Жетісудың жұлдыздары жайнасын,
Халқым оның көре берсін пайдасын.
Өнерінді мәңгілікке жалғайтын
Біз сияқты өнерлі үрпақ қайдасың?

АРДАГЕРЛЕР МАРШЫ

1.

Аттанды қару ап қан майданға,
Қазақтың ержүрек ерлери.
Жеңістің туы тұр қарсы алдыңда,
Қаһарман ұлдарың келмеді.

Күрбан боп ел үшін,
Кең байтақ жер үшін
Сыйлады үрпаққа женісін.
Ардагер – мақтаным,
Абырой артқаның
Алдымда жүре бер, қарттарым!

2.

Болашақ үшін деп отқа тұстің,
Қалқан қып намысты кеуденди.
Келешек мәңгілік ұмытпайды,
Отан деп от кешкен ерлерді.

Даңқына әрдайым бас иетін
Көбейсін намысты ұлдарың.
Егемен үрпағы тік ұстасын
Қадірлеп жеңістің туларын.

ӘЗ НАУРЫЗ

Әз Наурыз, сен – берекенің бастауы,
Қандай ғажап адамға ой тастауы.
Жылғалардан аққан судай тынымсыз
Сыңғырлайды арулардың шашбауы

Наурыз, наурыз, кел, кел Наурыз төріме!
Байлық әкел Жетісудай жеріме.
Аққу қаздың әніменен шат заман.
Орнай берсін Қазақстан көгіне.

Үріс, бақыт, бір өзінен басталған,
Тілек тілеп, жаюлы түр дастархан.
Бейбітшілік, тыныштықтың жылы бол,
Жерден жылу, нұрынды құй аспаннан.

СЫРЛАСУ

Сәулем-ау, түсінесің сен де мені,
Махабbat ең асыл зат пендедегі.
Әмірде қосылмаған ғашықтардай,
Жоғалып кетпейікші ең керегі.

Асылым, жаным,
Ғашығым, жарым,
Бақытый сенсің ансаған.
Бақытый – барым,
Жүргегім жалын,
Жете алмай саған шаршаған.

Сәулем-ау, бір сен дейді ерке сезім,
Өзің де бір ауылдың еркесі едің.

Жүргім қуаныштан жарылатын,
Шығар-ау, күн туғанда кезігетін.

Сәулем-ау, асылымсың, ардағымсың,
Өзіңмен жарық екен жан-жағым шын.
Көгімде қол жетпейтін ақша бұлттай,
Сен менің ең асыл бір арманымсың.

НАУРЫЗ ТОЙ

Табиғат адамзат сырласы,
Даланың үндерін тыңдашы.
Жеттің бе жеріме Жыл басы
Кел, төрлет, қасиетті Әз Наурыз

Кел Наурыз, Жеріме
Еліме, кел, төрлет қасиетті әз Наурыз.

Наурыз той, бәйшешектер құлпырған,
Наурыз той, елге жаңа күн туған.
Наурыз той, Тайқазандар қайнаған,
Наурыз той құлпырады айналан.

Кең дала түрленер жаңаша,
Төрт түлік көктейді таласа.
Көз тоймас сурет қой қараса,
Кел, төрлет, қасиетті Әз Наурыз.

Адамзат көңілі шалқыған,
Көк шөптің иісі аңқыған,
Ән-күйге жүректер балқыған
Кел, төрлет, қасиетті Әз Наурыз!

ТУҒАН ЕЛІМ

T. Ғұмаров

T. Серік

Қазағым қайсарлығың а-хоу, аныздан қалған
Туған елім түғырлы,
Қыраным деп қалықтатыш ұлынды.
Намысшыл бабаларым, а-хоу ел қорғау үшін
Айлық жерді алты күн,
Жүріп өтіп, кегін алған халқының.

Бүгінде үрпағың бар а-хоу, Егемен алған,
Көк байрағын көтерген
Бір көруге құс бол үшіп жетер ме ең?

Бірліктің туы қолда, ахау бабадан қалған
Шат-шадыман көңілді,
Тектілікпен жалғауда ұлы өмірді...

ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҢЫ

Тәуелсіздік атты таңы арайлы,
Жер жүзіне нұр шуағы тарайды.
Қазақстан – мекені ұлы достықтың,
Бейбітшілік әнін елі қалайды.

Қазақстан – ортақ мекенім,
Отаны адал жандардың.
Асығып саған жетемін,
Ақ желкені сен арманның.

Тәуелсіздік құшағында сан арман,
Астанамен ел келбеті жаңаған.

Достық туын биік үста тұған ел,
Бірлікті елді бүкіл әлем тән алған.

Тәуелсіздік, самға көкке әнұран,
Ұлттық рух кетпе елімнің жаңынан.
Ел бейнесі ерекше бір нұрланды,
Шалағат ап Тәуелсіздік таңынан.

ЕЛІНДІ ҚОРҒА

Арайлап атқан ақ таңдар
Әкелсін нұрлы шуағын.
Бірлікті мәңгі сақтаңдар,
Қазақ жері деп тұрағым.

Қайырмасы:
Жерінді қорға, жерінді
Ол – сенің атамекенің.
Елінді қорға, елінді,
Сезілсін перзент екенің.

Достыққа ашық құшағы,
Жайдарлы, жайсан өлденбіз.
Ерліктің сара жолдарын
Ерлерден өткен көргенбіз.

Тәуелсіз еліміз таң атқан,
Күн сүйген көкте байрағын.
Ерлердің ісі емес пе,
Корғайтын тұған аймағын?

АСЫЛ ЕРКЕМ

Асыл еркем – сен едің асқақ арман,
Орның бөлек әрқашан басқалардан.
Сәлемімді самал жел алып барсын,
Бір өзіне арналады басталар ән.

Қайырмасы:

Бұлбұл болсан орманыңмын,
Жалғыз қорғаныңмын.
Арман тауға алып барап жолдарыңмын.
Сенсің нәзік гүлім дейін
Көрген сайын күлімдейін,
Саған барап жолда менде сүрінбейін.

Елігім бол еркелер тау-тасына,
Серігім бол, қыдырар қыр басына.
Көрігім бол, жанымға жалын берер,
Сүйіктім өмір бақи бол қасымда.

Сенде ғана өмірдің бар ғажабы,
Махаббаттың жүректе маздағаны.
Сеніменен көнілім көкке жетіп,
Сеніменен жүрегім назданады.

АЛАҚӨЛІМ

Алакөлім – тұғырлы туған мекен,
Ел шетінде қорған бол тұрған мекен.
Елінді, қасиетті жерді сую,
Бабалардың қанынан қалған ба екен.

Қайырмасы:

Атыңды ел құрметтеген,
Өзінде ержеткен ем.

Көлдегі құрағындаі,
Желіңмен тербеткен ең.

Жүректе мәңгі есімің,
Тербелді тал бесігім.
Алакөл әсем ән боп,
Көркі бол ән кешінің.

Алакөлім, сен – жердің жұмағысың,
Сен – бақыттың, сен – менің қуанышым.
Көріктенген күн сайын киелі өлкем,
Ғажап менің елімнің тұрағысың.

Алакөлім – байлық та бағаң биік,
Тау-тасында ойнаған арқар-киік.
Топырағынды бір басу қандай ғажап,
Тағдырына тәу етем басымды иіп.

АСЫЛ АРМАН

Сен едің асыл еркем, асқақ арман,
Әрқашан орның бөлек басқалардан.
Жеткізсін сезімімді күмбірлі күй,
Арналсын саған ғана басталар ән.

Қайырмасы:
Бұлбұл болсаң арманыңмын,
Жалғыз қалсаң, қорғаныңмын.
Арман тауға алыш баар
Жолдарыңмын.

Сенсің нәзік гүлім дейін,
Көрген сайын күлімдейін.
Саған баар жолда мен де
Сүрінбейін.

Төлеужан Ғұмар

Еркелер елігім бол тау-тасына
Қыздырар серігім бол қыр басына,
Жанында көрігім бол жалын берер –
Сонда бақыт арнайды бір басына.

Өмірдің сенде ғана бар ғажабы,
Көңілім сеніменен назданады.
Көргенде сенің нәзік келбетінді –
Жүректе махаббаттың маздағаны.

МАҒЖАН АТА МЕКТЕБІ ТҮЛЕКТЕРІНІҢ ӘНҰРАНЫ

Біз боламыз Мағжан ата ұланы,
Білім алу барша бала ұраны.
Жақсы оқып білім алсақ өзіннен,
Ел қоргайтын азаматтар шығады.

Білім деген ұлы өмір өткелі,
Өс, өркенде тәуелсіздік текті елі.
Әрқашанда алда болады, сеніңдер,
Біз оқитын Мағжан ата мектебі.

Егеменмен жақындағы алыс таң,
Ұрпағымен сәті қандай табысқан.
Қазақстан азаматы боламыз,
Білім, ғылым жолдарында жарысқан...

БАЛДЫРҒАНДАР ЖЫРЫ

Біз – тәуелсіз Қазақстан ұланы,
Жүргімде бабалардың жыр-әні.
Алатаудың самал желі соққанда,
Жетісүудың тербеледі құрағы.

Көк байрағым желбірейді көгімде,
Мәңгі бақи менің туған елімде.

Жерімізді мадақтаймыз сүйеміз,
Ерлікпенен жаралғандай ері егіз.
Туған жердің туын биік ұстайтын,
Ер азамат болып өсіп келеміз.

Бізде білім, бізде бірлік, бізде үміт,
Жүрек толы қуаныш пен ізгілік.
Білім атты ұлан-ғайыр теңізге,
Сен де, досым көр кеменді жүздіріп...

Сонбас сәуле

ТӘҮЕЛСІЗДІК ТАҢЫ

Тәуелсіздік атты таңы арайлы,
Жер жүзіне нұр шуағы тарайды.
Қазақстан – мекені ұлы достықтың,
Бейбітшілік әнін елі қалайды.

Қазақстан – ортақ мекенім,
Отаны адап жандардың.
Асығып саған жетемін,
Ақ желкені сен арманның.

Тәуелсіздік құшағында сан арман,
Астанамен ел келбеті жаңаған.
Достық туын биік ұста туған ел,
Бірлікті елді бүкіл әлем тән алған.

Тәуелсіздік, самға көкке әнұран,
Ұлттық рух кетпе елімнің жанынан.
Ел бейнесі ерекше бір нұрланды,
Шапагат ап Тәуелсіздік таңынан.

АСТАНА АСЫЛ МЕКЕНІМ

Астанама шашу бол аспаннан ән,
Жақсылықтың жаршысы басқан қадам.
Сен рухынан жарадалдың бабалардың,
Адалдығы, ерлігі аспандаған.

Қайырмасы:

Астанам – асыл мекенім,
Күмбезі көкті тіреген.
Ақ тілекпенен жеттім мен

Ақ бүркітің бол түлеген.
Ардақты менің Астанам –
Елімнің құтты тұрағы.
Атыңды әнге қосады
Жетісу жердің жұмағы.

Нұрлы Астана Сарыарқа төріндегі,
Қадірлейді, аңсайды елің сені.
Абыройы бол елдің асқақтайды,
Көк байрағың күн сүйген көгіндегі..

Нұрлы Астана қазақтың шаңырағы,
Сен – бәйтерек, ел соның жапырағы.
Бір өзіңнен нәр алып, бой түзейді,
Бірлік сүйген алаштың атырабы...

БАБАЛАР РУХЫ

Менің жерім асқар таулы кең мекен,
Барлық байлық жер қайысқан елде екен.
Данаалық та, парасаттық, ерлік те,
Түн сүйген туған елім сенде екен.

Қайырмасы:

Менің елім – ұлылардың ұясы,
Қандай ғажап тастап кеткен мұрасы.
Ұрпактарым қамсыз өмір сүрсін деп,
Тас мұсін бол сырттан қарап тұрасын.

Абылайым – алаштағы ардақтым,
Қабанбайым – басын алған қалмақтың.
Төле биім төбе би бол төрде тұр,
Қазыбек пен Эйтекеде салмақты үн.

Төлеужан Ғұмар

Қайырмасы:

Әз Жәнібек, Керей, Тәуке, Елбасы,
Ұрпағыңды мәңгілікке қолдашы.
Бабалардың бойындағы тектілік,
Жүрегіне бүгінгі елдің орнашы.

Қайырмасы:

Қасымханның қасқа жолын табындар,
Есімхандай ескі жолда бағың бар.
Тәуелсіздік шындарының басына,
Бабаларға арнап шырақ жағындар.

Қайырмасы:

Абай дана, Мұхтар болған жалғауы,
Жамбыл баба, арга толы арнауы.
Бағалаңдар басқа қонған бақытты,
Міне, осылай орындалды ел арманы.

Қайырмасы:

Менің елім, ұлылардың ұясы,
Қандай ғажап тастап кеткен мұрасы.
Ұрпақтарым қамсыз өмір сүрсін деп,
Тас мұсін боп, сырттан қарап тұрасын.

Қайырмасы:

МАЗМҰНЫ

*Бірінші бөлім***Арғымақ жырым, алқынба!**

Тұған жер.....	4
Елге тілек.....	5
Жетісу.....	5
Балалықтың базары.....	6
Әмір жолы.....	9
Арғымақ жырым, алқынба!.....	10
Аласарма, азамат!.....	11
Әткенге жүгіну.....	11
Тілім – тірегім.....	13
Мен туған ауыл.....	14
Ақсу.....	16
Ел бірлігі.....	17
Жайлауда.....	18
Сәби пейілі.....	19
Үш бәйтерек.....	20
Желтоқсан желі.....	21
Жамау рухына.....	22
Біздің ел.....	24
Әкені ансау.....	25
Ана.....	26
Азаматтары қазақтың.....	27
Әмірге сыр.....	27
Айтыс.....	28
Тіл.....	29
Астана.....	30
Астана – ару қалам.....	32
Әз ағалар.....	33
Ой елек.....	34
Көңіл.....	35
Әмір-әзен.....	36
Табыну.....	37
Қазақ арулары.....	38

Сөнбес сөүле

Төлеужан Ғұмар

Жүректегі үн.....	39
Сыйласайық, ағайын!.....	40
Батыр бабам.....	41
Ж.Жабаевтың 160-жылдығына.....	42
Абай атаға сыр.....	44
Елге сәлем.....	45
Жаңалықтағы арыстар.....	46
Анама.....	47
Ұлыммен сырласу.....	48
Заманға наз.....	49
Райымбек бабаға.....	50
Көктем келді.....	51
Сүйінбай атамыздың 190 жылдық тойында оқылған жыр.....	52
Ел сәні.....	54
Мұқағали рухына.....	55
Кененбай жайлауын аралау.....	56
Балқаш көлі.....	61
Ескелді ата бар қазаққа мактаулы.....	62
Інілерге.....	63
Бұтінгі өмір.....	65
Кара өнер.....	66
Ерлікпен келген елдік.....	67
Қымызмұрындық.....	68
Азаматтар.....	69
Ақ жауын.....	70
Домбыра.....	70
Құр қиял.....	71
Парыз.....	72
Жай ақыл.....	73
Адалдықты қалаймын.....	74
Қанағат.....	75
Үндеу.....	76
Жүрекпен сырласу.....	77
Тәуелсіздікке тағзым.....	78
Аппақ қар.....	79

Сөнбес сәуле

Төлеужан Ғұмар

Адамдық жолы.....	80
Бабалар жолы.....	81
Әмір өзгерісі.....	82
Аңсау.....	83
Келіншектер.....	84
Шаттығым.....	85
Гүлдер.....	86
Көрікті көктем.....	87
Әжеме.....	88
Далаға сыр.....	89
Откен күн.....	90
Әкені аңсау.....	91
Әмірдегі серігім сенсің өлең.....	92
Ақын ойы.....	92
Өнер мұны – әмір мұны.....	94
Саясат сахнасы.....	95
Қасиет.....	96
Сын.....	97
Абайға тағзым.....	98
Егемендігім – елдігім.....	98
Кейінгіге.....	100
Ұлыма.....	100
Жарыма.....	101
Арман-ару.....	102
Қимаймын.....	103
Сен дегенде.....	104
Сезім сыры.....	104
Наз.....	105
Ауыл ұлы.....	106
Қала шыны.....	107
Жақсы сөз.....	108
Ақындар, қандай жанбыз?.....	109
Ел мұны.....	110
Шәмші аға.....	110
Табиғат сыры.....	111
Арқадағы ақ орда.....	112

Сөнбес сөзде

Төлеужан Ғұмар

Асабамын, ағайын!	113
Қырықпен сырласу	114
Қос елуге тілек	115
Дәрігерлерге	116
Табиғат сыры	117
Мектеппен қоштасу	118
Сөз құдіреті	119
Сонғы қонырау	120
Амандасу	120
40 жасқа	121
Тұған күн кешіне	122
Досқа тілек	122
Анаға табыну	123
Ақын және аққу	124
Наурыз	125
Жаңа жыл	125
Алакөл	126
Шаған	127
Ескелді елі	128
Үйленген күнді еске алу	128
Нақыл сөздер	129
Бесік жыры	131
Таным	132
Төрт түлік	133
Шат заман	134

Екінші бөлім

Арнау жырлар, ән өлеңдер

Сәнбес сәуле	Талдықорған – 50 жыл	135
	Текелі қаласына – 50 жыл	136
	Дәнеш Рақышев кешіне арнау	136
	Армиал Сексенбаевтың 60 жылдығына	137
	Аяулы ел анасы	138
	Бақыт апай, жансыз-ау жанға жайлы	140
	Әкім Кәкімұлына	141
	Қимайды қара жерге халқың бүгін	142

Төлеужан Ғұмар

Адам жанының арашасы.....	144
Жетпіс жас.....	145
Құдаға.....	145
Ақ тілек.....	146
Сәлемімді қабыл ал.....	147
С.Шыныбаевқа достық әзіл.....	148
Футбол төрешісі.....	149
Ақылың да, Елеке, көркін де әсем.....	150
Серік Тұрысбекұлына.....	151
Ерлан досыма.....	152
Тұған күн.....	153
Мұқағали ағага арнау.....	154
Асыл достар.....	155
Армысың, жұртым!	157
Министр Г.Қарақұсова келгенде.....	158
Мен мектепке барамын.....	159
Алыстағы ару.....	160
Балуандар маршы.....	161
О, футбол!	162
Бала бақыт.....	163
Әуе қорғаныс сақшыларына.....	164
О, өмір!	165
Наурыз той.....	166
Талдықорған – сән өлкем.....	167
Жігіттер.....	168
Қырғыз қызы.....	169
Азат елдің арманы.....	169
Тойға тілек.....	170
Сұндет той.....	171
Ұзату.....	172
Достар сезімі.....	173
Ғашықтық жыры.....	174
Бақыт жолы.....	174
Той-думан.....	176
Қырағылық жыры.....	177
Аңсарым.....	178

Сенбес сәуле

Төлеужан Ғұмар

Жаңа жыл.....	178
Мәлдір сезім.....	179
Мектебім.....	180
Махаббат мұны.....	181
Гүл ару.....	182
Балама.....	183
Алға, жас ұлан!	184
Перзент жыры.....	185
Тұған жер.....	186
Тұған жер.....	187
Жетісу жұлдыздары.....	188
Ардагерлер маршы.....	189
Әз Наурыз.....	190
Сырласу.....	190
Наурыз той.....	191
Тұған елім.....	192
Тәуелсіздік таңы.....	192
Елінді қорға.....	193
Асыл еркем.....	194
Алакөлім.....	194
Асыл арман.....	195
Мағжан ата мектебі түлектерінің әнұраны.....	196
Балдыргандар жыры.....	197
Тәуелсіздік таңы.....	198
Астана асыл мекенім.....	198
Бабалар рухы.....	199

Төлеужан ҒҰМАР

Сөздес сауле

Өлеңдер, ән өлеңдер, арнау жырлар

Редакторы Т.Айтбайұлы
Корректоры: Ә.Науанова
Беттеген: Д.Талғат

Басуға 22.11.2010 ж. қол қойылды.
Пішімі 84x108¹/32. Шартты б.т. 12,3.
Есептік б.т. 13. Таралымы 500 дана.

«Тоганай Т» баспасы, Алматы қаласы,
Кожамқұлов көшесі 128-39.

Телефон: 233-62-23, e-mail: ToganayT@mail.ru

Пікір үшін



Ақын, сазгер Ғұмар Төлеужан Нұсіпжанұлы 1970 жылы 15 қаңтарда Жезқазған облысы, Жезді ауданы, «Байқоңыр» кеңшарында дүниеге келген. Алматы облысы, Ақсу ауданындағы Тарас ауылында мектеп бітіріп, І.Жансүгіров атындағы Жетісу Мемлекеттік университетін тәмамдаған. Студент кезінен облыстық, республикалық айтыстарға қатысып көпшілікке танылды. Республикалық «Елім менің» атты патриоттық әндер байқауының лауреаты. ҚР Мәдениет қайраткері.